

**«АДАМИ КАПИТАЛ – ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ»
тақырыбындағы XX студенттік
ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**



МАТЕРИАЛЫ
**XX студенческой научно-практической
конференции на тему:**
**«ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ –
ОСНОВА МОДЕРНИЗАЦИИ»**

**20-27 ақпан
февреля 2018**

ТАРАЗ

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
М.Х. Дулати атындағы
Тараз мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың
«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы
дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына
Жолдауына арналған **«Адами капитал – жаңғыру негізі»**
тақырыбында өткен жаратылыстану, техникалық,
әлеуметтік-гуманитарлық және экономика ғылымдары
бойынша студенттердің ХХ ғылыми-практикалық
конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

20 – 27.02.2018 ж.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Сарыбеков М.Н. – п.ғ.д., профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз
мемлекеттік университетінің ректоры (төраға).

Қойбақов С.М. – т.ғ.д., профессор; Бекбасаров И.И. – т.ғ.д., профессор;
Жанкуанышев М.Қ. – т.ғ.к., аға оқытушы; Серікбаев Е.Қ. – т.ғ.к.,
доцент; Керімбаева Р.Қ. – п.ғ.к., доцент; Кульбаева Д.Д. – ф.ғ.к.,
доцент; Мұқашев Т.Ә. – ф.ғ.к., доцент; Новожилова М.В. – п.ғ.к., доцент;
Жидекұлова Г.Е. – т.ғ.к., доцент; Сауир Б.А. – магистр, аға оқытушы;
Мадалиева Э.Б. – PhD доктор, доцент; Касымов С.Б. – доцент м.а.; Ткач
Е.В. – аға оқытушы; Махмуд М.Р. – э.ғ.к., доцент; Молдабекова А.Ш. –
э.ғ.к., доцент; Игликова А.Н. – магистр, аға оқытушы; Бекенова А.Б. –
з.ғ.к., доцент; Ернишев Қ.А. – з.ғ.к., доцент; Манапбаев Б.Ж. – т.ғ.к.,
доцент м.а.; Имандосов А.Т. – т.ғ.к., доцент; Сатаев Л.О. – аға оқытушы;
Жакаш А.Т. – т.ғ.к., доцент; Джурумбаева Р.А. – т.ғ.к., доцент т;
Абдешев Қ.Б. – магистр, аға оқытушы; Сағындықов А.А. – т.ғ.д.,
профессор; Маханбеталиева К.Т. – PhD доктор, доцент м.а.;
Джумабекова Г.Б. – доктор PhD, доцент м.а.; Аташева Д.О. – э.ғ.к.,
доцент; Әлімбаев Б.Ә. – т.ғ.д., профессор.

«Тараз университеті»
баспасы
Тараз, 2018

ӘОЖ 001(574)

КБЖ 72 (5каз)

М 16

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауына арналған **«Адами капитал – жаңғыру негізі»** тақырыбында өткен жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономика ғылымдары бойынша студенттердің ХХ ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Тараз: Тараз университеті, 2018. – 245 б.

ISBN 978-9965-20-860-7

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауына арналған **«Адами капитал – жаңғыру негізі»** тақырыбында өткен жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономика ғылымдары бойынша студенттердің ХХ ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалары енгізіліп отыр.

ISBN 978-9965-20-860-7

Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Таразский государственный университет
имени М.Х. Дулати

МАТЕРИАЛЫ

XX студенческой научно-практической конференции по
естественным, техническим, социально-гуманитарным и
экономическим наукам на тему: **«Человеческий капитал –
основа модернизации»**, посвященной Посланию
Президента РК «Новые возможности развития в условиях
Четвертой промышленной революции»
20 – 27.02.2018 г.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Сарыбеков М.Н. – д.п.н., профессор, ректор Таразского государственного
университета имени М.Х. Дулати (председатель).

Койбаков С.М. – д.т.н., профессор; Бекбасаров И.И. – д.т.н., профессор;
Жанкуанышев М.К. – к.т.н., ст.преподаватель; Серикбаев Е.К. – к.и.н.,
доцент; Керимбаева Р.К. – к.п.н., доцент; Кульбаева Д.Д. – к.ф.н.,
доцент; Мукашев Т.А. – к.ф.н., доцент; Новожилова М.В. – к.п.н.,
доцент; Жидекулова Г.Е. – к.т.н., доцент; Сауир Б.А. – ст.преподаватель,
магистр; Мадалиева Э.Б. - доктор PhD, доцент; Касымов С.Б. –
и.о.доцента; Ткач Е.В. – ст.преподаватель; Махмуд М.Р. – к.э.н., доцент;
Молдабекова А.Ш. – к.э.н., доцент; Игликова А.Н. – ст.преподаватель,
магистр; Бекенова А.Б. - к.ю.н., доцент; Ернншев К.А. - к.ю.н., доцент;
Манапбаев Б.Ж. – к.т.н., и.о.доцента; Имандосов А.Т. – к.т.н., доцент;
Сатаев Л.О. – ст.преподаватель; Жакаш А.Т. – к.т.н., доцент;
Джурумбаева Р.А. – к.т.н., доцент; Абдешев К.Б. – ст.преподаватель,
магистр; Сагындыков А.А. – д.т.н., профессор; Маханбеталиева К.Т. -
доктор PhD, и.о.доцента; Джумабекова Г.Б. – доктор PhD, и.о.
доцента; Аташева Д.О. – к.э.н., доцент; Алимбаев Б.А. – д.т.н., профессор.

Издательство
«Тараз университеті»
Тараз, 2018

УДК 001(574)

ББК 72 (5каз)

М 29

Материалы XX студенческой научно-практической конференции по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам на тему: **«Человеческий капитал – основа модернизации»**, посвященной Посланию Президента РК «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции» – Тараз: Тараз университеті, 2018. – 245с.

ISBN 978-9965-20-860-7

В сборнике опубликованы доклады XX студенческой научно-практической конференции по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам на тему: **«Человеческий капитал – основа модернизации»**, посвященной Посланию Президента РК «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции»

ISBN 978-9965-20-860-7



ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ

СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӨОЖ 940.2. (574)

БІЛІМ – АДАМИ КАПИТАЛ САПАСЫН ЖАҚСARTUDЫҢ НЕГІЗІ

Демесбаев Б., Утепбергенова Г.С.

Сіз бен біз өмір сүріп отырған бүгінгі ХХІ ғасыр - білім мен интеллект ғасыры болып табылады. Яғни, қазіргі кезеңде мемлекетіміздің экономикасын, әлеуметтік әлеуетін және саясатын, бір сөзбен айтқанда, қоғамымыздың болашақ дамуын интеллектуалды адами капитал айқындайды. Әдетте капитал десе біздің ойымызға қаржы, байлық, ақша, құн, мұнай, газ, алтын мағынасында түсінік келеді. Ал, бүгінгі күні адам капиталы дегеніміз - адамның бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бүгінгі бәсекелестік заманындағы оның адамдық, кәсіби құндылығы. Осыған байланысты білім, енді, экономикалық категорияға айналып отыр.

Адам сапасының дамуына салынған капиталдың, соның ішінде ең алдымен білімге, ден саулыққа және жеке адамның мәдени дамуына салынған капиталдың жоғары әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігін әлемдік тарихта алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесі көрсетіп берді. Оған мысал ретінде екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Финляндия сияқты елдерді атауға болады. Аталған елдер мұнайдың, газдың, металл мен басқа да табиғи ресурстар қорының жоқтығына қарамастан, дәл осы адам ресурстарының сапасын арттыра отырып, айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Дәл осы адами капитал сапасын жақсарту бұл елдердің индустриалды-инновациялық дамыған елдер қатарына қосылуына мүмкіндік берді.

2017 жылғы мәлімет бойынша 186 мемлекет ішінде адам дамуының индексі жөнінен Қазақстан 56-шы орынды иеленді. Бұрынғы Кеңестер Одағы мемлекеттер АДИ жоғары Ресей мен Беларусь, олар 50-ші орынды бөлісіп тұр. Грузия –76, Азербайжан –78, Украина – 81 және Армения – 85 орындарда. Ал адами капитал сапасы дегенде ең алдымен әрине адамның білім деңгейінің көрсеткіші бірінші орынды алады. Білім – әлемдегі өркениетті дамыған елдердің барлығында дамудың негізгі көрсеткіші мен



негізгі бағыты болып табылады. Ғалымдардың баяғыдан бері анықтаулары бойынша, төрт жасқа дейінгі баланың бойына сіңірген білім мен тәрбие ісіне жұмсалған қаржы ең тиімді ұлттық инвестиция, ол бес еселеп қайтарылады. Ал, осы салада қаржы үнемдеу ол түбі қайыршылыққа апарады. Сондай-ақ 11 жасқа дейін балаға арналған инвестиция баланың жасампаздық қабілетін, күшін өсіреді, ал, оған мән берілмесе, кертартпа, тоқмейіл мінез қалыптасады.

Біздің қоғамымызда жастар арасында заңгер, экономист, қаржыгер сияқты мамандықтарға қызығушылық жоғары екендігі баршамызға белгілі. Алайда, Қазақстан экономикасында бұл мамандықтар бойынша бос орындар жоқ. Мәселен, жыл сайын жоғары оқу орындары 27 пайыз экономистер даярайды екен. Еліміздің еңбек рыногында әртүрлі экономикалық мамандықтар бойынша жұмыс істейтіндер саны 13 пайыздан аспайды. Біздің пікірімізше, «сәнді» мамандықтарға айналған бұл мамандықтардан гөрі, бүгінгі күнгі еңбек нарығының талабына сай келетін мамандықтарға көбірек бару керек.

Елбасымыз өз Жолдауларында білім беру жүйесіне зор мән беріп келеді. Және осы мәселеде Елбасы «Баршаға арналған тегін кәсіптік техникалық білім беру» жобасын қолға алып отыр. Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім беру елімізде 2017 жылдың қыркүйек айынан бастау алды. Қазіргі кезде еліміз техникалық мамандық иелеріне зәру. Сондықтан тегін кәсіптік техникалық білім беру – заман талабы болып табылады. «Қымбат адам» ол білімді, дені сау, ай сайын табысы бар, отбасын асырайтын, несиесін төлеуге қабілетті, денсаулығын күтетін азамат. Сонымен, Елбасы жолдауында белгіленген еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуы жаңашыл білім, ғылым, технологияға, әсіресе, тиімді инвестиция салуға лайық адами факторға басымдық бере отырып, қазіргі оқушылар мен студенттердің еліміздің болашағы және үміті екенін айтып өтті. Қорытындылай келе, қазіргі жастардың болашаққа деген ұмтылысы артуы үшін, өз елінің лайықты азаматы болуы үшін Елбасымыз барлық жағдай жасауда, осыны жастар дұрыс пайдалана отырып, өз елі үшін адал қызмет етуі тиісті.

ӘОЖ 94(3)

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қиғамбек.Н., Мырзаханова Н.Р.

XIII – XIV ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштері - біздің заманымызға келіп жеткен жәдігерліктердің бір бөлігі ғана. Ұмыт болып бара жатқан жазба ескерткіштеріміздің зерттелу тарихнамасын зерделеу, лингвистикалық және тарихи тұрғыдан алғандағы маңызды



мәселелердің бірі болып қала бермек. Олардың ішіндегі қыпшақтардың «Кодекс Куманикусы», сонымен қатар Алтын Орда дәуірінің құнды еңбектері Хорезмидің «Мухаббат – намесі», Кутбтың «Хұсрау уа Шырыны», С.Сарайдың «Гүлстан бит – түркі», Махмуд бин Әлидің «Нахдж-әл-фарадисі» т.с.с түптеп келгенде қазақ халқына ортақ дүниелер жиынтығы. Осы еңбектерді талдап, тарихнамасын қалыптастыруда өз үлестерін қосып кеткен, әлі күнге дейін қосып жүрген ғалымдарымыздың еңбектерінің маңызы зор.

Тек отандық ғалымдар емес, шетелдік ғалымдардың осы салада жасап кеткен жұмыстары аз емес. Шетелдік ғалымдар тарапынан П.М.Мелиоранский, В.Лейбниц «Кодек Куманикусты» француз тіліне аударған Генрих Юлий Клапорт, еңбекті латын тіліне аударып, бастырған Р.Кун, үшінші рет орыс аудармасымен басып шығарған В.В.Радлов, дат ғалымы К.Гренбек қыпшақ жазба ескерткішін зерттеуде тер төксе, Алтын Орда жазба ескерткіштерін зерттеуде, мысалға «Гулистан» жазбасы туралы алғаш хабарлаған – венгер ғалымы Тори Иозеф, жазбаның ең алғаш фотокошірмесі мен оның түрікше аудармасын басып шығарған дәрігер профессор. Ф. Н. Узлук, «Мухаббат-наме» шығармасын зерттеуде ғалым Ә.Наджип, академик В.В.Бартольд, «Хұсрау уа Шырын» дастанын зерттеуде поляк ғалымы А.Зайончковский сынды тұлғалар еңбек етті.

Қазақ ғалымдары тарапынан А. Қыраубаева, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Қайдар, Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов, А.Аманжолов, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, Б.Қалиұлы, Ә.Төлеуов, М.Серғалиев, Б.Сағындықұлы сынды отандық ғалымдарымызды айтсақ болады.

Жалпы, осы түркі жазба ескерткіштерінің тек тарихи тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар бүгінгі қазақ тіліміздің қалыптасуындағы маңыздылығы зор секілді. Қазіргі қазақ тілінің жасалу, қалыптасуы б.жолдарын танып-білу үшін, Н.Т.Сауранбаев айтқандай, ескі қыпшақ тілінде жазылып қалған мұралардың тілін зерттеу, әрине, қажет-ақ, өйткені, «...племена кипчаков можно считать предками казахского народа». Мұны түркі жазба ескерткіштерін және олардың тілін зерттеу саласында ең алғашқы жол бастаушы Ә.Құрышжанов еңбектері де дәлелдей түсетіндей.

Біздің зерттеу жұмысымызға нысан болған XIII-XIV ғасыр жазба ескерткіштері Алтын Орда дәуірінде жазылған аса құнды ескерткіштер болып табылады. Алтын Орда әдеби тілінде, көбінесе, қыпшақ тілінің элементі басым болды. Жазба ескерткіштердің табылуы мен ғылыми әлемге танылуы, мазмұнының әр түрлі басылымдары, зерттелу тарихы, бұл ғылыми мұралардың ескі жазба ескерткіштерінің ішінен алатын орны, қазіргі қазақ тілінің қалыптасу тарихына байланысты мәселелері секілді әр алуан проблемалар туралы сөз болады. Ғалымдар жазба ескерткіштердің тілін зерттей келіп, қазіргі қазақ тілінен онша алшақ емес деп тұжырымдайды.



Қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи процестерді ашып-айқындау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ғалымдар жазба ескерткіштерді зерттеу барысында оларға тек тарихи тұрғыда ғана баға беріп қойған жоқ,сонымен қатар олардың тілдік жазылу ерекшеліктеріне де кеңінен тоқталуға тырысты.Бұл материалдық ескерткіштердің құндылығы да сонда.Қай халыққа тән мұра екенімен ғана емес,қай тілде жазылғаны да еңбектің маңыздылығын айқындайды.Сондықтан орта ғасыр ескерткіштер тілі мен жаңа тілдің сабақтастығын айқындауда және оларға лингвистикалық тұрғыдан баға беруде XIII-XIV ғасыр жазба ескерткіштерінің маңызы зор.Ал кез-келген халықтың жазба ескерткіші – сол елдің өшпес байлығы болып табылады,себебі ол мұралар сол елдің өткен рухани,материалдық ерекшеліктерінен хабар береді.

УДК 314.74

СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕМЕЦКОЙ ДИАСПОРЫ В КАЗАХСТАНЕ В XX ВВ.

Жаксыгелди Т., Ахатова Г.А.

Изучение истории казахов, русских, немцев, корейцев и других национальностей, проживающих на территории Республики Казахстан, является закономерным и объективным процессом в формировании целостной картины исторического прошлого Казахстана. В социокультурном и политическом аспектах оно призвано способствовать формированию казахстанского патриотизма, межэтнического согласия и толерантности.

История немцев в Казахстане насчитывает около двух столетий. До недавнего времени на территории Республики Казахстан проживало около миллиона немцев. Они являлись третьим по численности этносом в республике. Немецкая диаспора Казахстана, сложившаяся за этот период, сформировала в себе ряд особенностей, представляющих как исторический, так и теоретический интерес.

Во-первых, становление и развитие немецкой диаспоры Казахстана проходило в тесной зависимости от политики партийных и государственных органов. Это повлияло на такие социокультурные показатели немецкой диаспоры как занятость населения, владение родным языком, уровень образования. Процесс формирования немецкой диаспоры Казахстана был связан, преимущественно, с принудительными миграциями немцев в республику в 1930-1940-е гг.



Во-вторых, немецкая диаспора Казахстана объединила в себе, наряду с немецкой культурой, элементы российской и казахской культуры. Это отразилось на формировании менталитета, традиций и обычаев немцев Казахстана. С обретением Республикой Казахстан независимости немецкая диаспора приобретает новые черты, что связано с особенностями языковой, этнокультурной политики, изменениями в общественно-политической жизни республики, формированием новых традиций, обычаев.

В-третьих, миграционное поведение немцев Казахстана в 1980-1990-е гг. Анализ причин эмиграционного поведения немцев важен как для общего понимания последствий массового оттока населения за пределы республики - резкое уменьшение производственно-активной части населения, потеря квалифицированных кадров, так и для выработки адекватных мер по сохранению полиэтнического состава населения республики.

В-четвертых, углубление процессов демократизации гражданского общества любого государства, в том числе и Казахстана, неизбежно ставит на повестку дня вопрос о дальнейшем совершенствовании организационных и правовых форм защиты прав и основных свобод человека. Немецкая диаспора Казахстана является активным участником демократических преобразований в республике. В 1997 г. совместными усилиями правительства РК и Совета немцев Казахстана была разработана Государственная программа развития этнических немцев, проживающих в РК.

Основным лейтмотивом демографического развития немецкой диаспоры Казахстана в 1980-1990 гг. стала массовая эмиграция немцев из Казахстана. Основные миграционные потоки немецкого населения были связаны с выездом преимущественно в Германию. Немцы, проживающие в Казахстане, обладают развитыми ценностями толерантного отношения к представителям других этносов, что подтверждается значительным количеством межнациональных браков и дружеских привязанностей.

В целом, при изучении истории формирования и развития немецкой диаспоры Казахстана в XX веке, особенностей ее культурного и социального развития необходимо учитывать базисный слой менталитета, сложившийся в исторических условиях прежних мест проживания, а также мировоззренческие черты, приобретенные в советских условиях. Немецкая диаспора Казахстана в процессе своего развития и становления в XX веке превратилась в стабильный компонент демографической, социально-экономической, политической и культурной жизни Казахстана.



УДК 323 (574)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

Куралбек Д., Биназарова Н.Н.

Статья посвящена раскрытию основных проблем, обозначенных в программной статье Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

- I. Программная статья Главы государства имеет важное стратегическое значение, так как в ней определена основная цель нашего государства – вхождение в число 30-ти самых развитых государств мира. Как подчеркнул Глава государства, духовная модернизация должна опережать социально-политическую и экономическую модернизацию. При этом следует помнить одну истину, на которую Президент РК Н.А.Назарбаев обращает особое внимание – важным условием модернизации общественного сознания является сохранение национального кода. Без этого любая духовная модернизация обречена на провал.
- II. Ценность программной статьи Н.А.Назарбаева заключается в том, что Глава государства назвал приоритетные направления, которые должны обеспечить реализацию модернизации общественного сознания: это:
1. Конкурентоспособность; 2. Прагматизм; 3. Сохранение национальной идентичности; 3. Культ знания; 4. Эволюционное, а не революционное развитие Казахстана.
- II. Статья Президента раскрывает духовный, моральный аспект политики модернизации, которую сегодня Казахстан претворяет в жизнь. Она обращена к личности, к духовности, то есть к основе основ.
- IV. Как видно из указанных основных направлений модернизации общественного сознания, главная ценность государства – это человеческий капитал. Будущее государства будут определять не природные ресурсы: нефть, газ, драгоценные металлы, а человеческие – ум, инновации, передовые технологии, интеллект.
- V. Президент говорит о необходимости сохранения национально-культурного кода. Глава государства обращается к истории, говоря о том, что необходимо сохранить идентичность, но в то же время не забывать о прогрессивных концепциях развития, позволяющих двигаться вперед. Для возрождения нации необходимо пересмотреть все то, что тянет нас назад. Народу Казахстана



- исторически были присущи такие качества, как экологическое сознание, открытость и толерантность. Эти качества национального мировоззрения помогут нам преодолеть вызовы будущего.
- VI. Символическим выражением нового видения стала идея перехода казахского языка на латиницу как тот алфавит, который олицетворяет передовые технологии и новые знания современного информационного общества. Главная цель перехода на латиницу – это интеграция в мировое пространство. Языковая среда должна быть конкурентоспособной, отвечать современным реалиям. Латиница лидирует в мировом информационном пространстве, и переход на нее откроет для каждого казахстанца новые возможности.
- VII. В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Глава государства отметил, что «само понятие духовной модернизации предполагает изменения в национальном сознании». Сегодня поэтапно реализуются задачи программной статьи, очерчивающие собственный вектор цивилизационного развития нашего народа. Среди них - проект «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке», призванный приобщить молодое поколение к общемировым интеллектуальным ценностям. Реализация данного проекта позволит талантливой казахстанской молодежи заниматься по лучшим учебникам мирового уровня, не выезжая за пределы Казахстана.
- VIII. Значимым является проект «Сакральная география Казахстана». Благодаря реализации данного проекта многие казахстанцы будут знать культурную историю, географию своего края. Ведь, как известно, любовь к малой Родине, учит людей понимать свою ответственность за свой родной край, Родину, государство.

ӨОЖ 373.2
КБЖ 74.102

МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ БАР ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әкімжан А., Керімбаева Р.К.

Қазіргі таңда еліміздің егемендік алуы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуымызға байланысты көптеген өзгерістер енгізді. Яғни, қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді, жасампаз тұлғаны қалыптастыруға жоғарланған талап қояды. Әсіресе білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, үздіксіз білім берудің бірыңғай жүйесін



құру, оқу мен тәрбие үрдісінің сапасын жоғарылату мен білім беру үрдісінде оқушылардың тұлғалық сана-сезімдерін дамыту болды.

Білім беру үрдісінде жеткіншектердің тұлғалық сана-сезімдерінің қасиеттерін қалыптастыра отырып, болашағына жол сілтеу – қазіргі таңда ауқымды мәселе. Өйткені, тұлғалық сана-сезімдерін қалыптастыру тек білім берумен ғана шектелмейді, яғни ол үшін мектепте өткізілетін тәрбие жүйесінің іс-шаралары оқушылардың болашақта парасатты, білікті, мәдениетті, білімді және дүниетанымы жоғары болып, еліміздің мәртебелі азаматы болуына ықпалын тигізуіне түйінделуі қажет.

Оқушыларды тәрбиелеудің қазіргі қалыптасқан жүйесі психологиялық ғылымның қиыншылықтары мен мәселелерін айнадағыдай көрсетеді. Бала бақшасы білім беруді бірінші кезекке қоятын мекемеге айналды. Бала бақшасындағы сабақтар әдетте интеллектуалдық бағытта жүргізіледі. Мәдениетті және иманды адамды, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру екінші кезекке ығыстырылды. Жеткіншектердің эмоционалдық дамуы, балаға маңызды жеке мәселелердің шешілуі, оның өміріндегі оқиғаларды және жақын адамдармен қарым-қатынасын ойдан өткізуі ұйымдастырылған педагогикалық үрдістен тысқары қалды. Бала тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа педагогикаға өтуді – тереңдете білім беру мәселесі ретінде шешу мүмкін емес. Бұл - біздің бүкіл өмірімізді қайта құру және ұрпақтар арасындағы байланысты қайта қалыпқа келтіру мәселесі болып табылады.

Педагогтардан алынған сауалнамаларға талдау жасау барысында олардың оқушыларда кездесетін девинттық мінез-құлықтардың алдын алу мәселесіне деген көзқарастарының өзгергендігін байқадық. Мәселелерді тұрмыстық тұрғыдан емес, ғылыми тұрғыдан қарастыра бастады. Тұлғалық бағыттағы алдын алу шараларының тенденциясы анықталып, жалпылама алдын алу шараларын девианттық мінез-құлықтардың белгілі бір түрімен ұштастыру қажеттілігі байқалды.

Мектепке қолдау көрсетуші мамандарды сұрастыра келе, жоғары сынып оқушыларының девианттық мінез-құлықтарының алдын алу шараларына қатысты жұмыстың мазмұнының өзгеріске ұшырағандығын анықтадық. Әдетте қолдаушы топ мамандарына девианттық мінез-құлық пайда болған кезде ғана жүгінеміз, енді бұл ұстанымның өзгергендігін байқадық.

Білім беру мекемелері басшыларын сұрастырған кезде жоғары сынып оқушыларының девианттық мінез-құлықтарының алдын-алу шараларына аса көңіл бөлгендігін көрдік. Алдын-алу шараларын ұйымдастыруға қатысты көзқарастары өзгерді: кадрлармен қамтамсыз ету, мекемедегі педагогикалық кадрларды дайындау, алдын алу жұмыстарының әдістемелік қамтылуы сияқты ұстанымдар пайда



болды. Мектептер жоғары сынып оқушыларына жәрдем беруші әр түрлі ұйымдармен байланысы үдей түсті. Басшылардың алдын алу шараларына қатысты өзіндік қатынасы да өзгерді. Бастапқы зерттеу барысында жастар арасындағы девианттық қылықтардың себебі деп қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қалыпсыздық пен көпшілік ақпарат құралдарын айтқан мекеме басшылары алдын алу шараларына теріс көзқараспен қарады. Жүргізіліп жатқан зерттеуге қатынасуы барысында өз пікірлерін өзгертті.

ӨОЖ 811.124:323

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ - ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ РЕТІНДЕГІ ЕРКІН ТАҢДАУЫМЫЗ

Айдарова Д., Куненова П.С.

«Дүниедегі жолдардың барлығы Римге алып барады» – деген секілді «Дүниедегі тілдердің барлығы латын тіліне алып барады». Бұл тілдің ғылыми әрі көркем жасалғаны соншалықты, тіпті одан кемшілік іздеудің өзі қылмыс секілді. Ал оның әліпбесінің тұғырының беріктігі соншалықты, екі мың жыл бойы тіпті ешқандай өзгеріске жолықпаған деуге де болады. Сондықтан да болар, қазіргі таңда дүниедегі тілдердің 80 пайызы осы латын әліпбесінде сөйлейді. Ашық демократиялық қоғам құрып, заманауи ғылым мен әлемдік өркениетке қол жеткізу. Латын әліпбиіне көшу арқылы еліміз осындай мүмкіндіктерге қол жеткізеді. Отандық ғалымдардың ортақ пікірі осыған саяды.

Латын әліпбиі біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрыннан келе жатыр, яғни үш мың жылға жуық уақыттан бері бар. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді.

Қазақ әліпбиінің латын қарпіне көшу үдерісін АҚШ-тағы қазақ диаспорасы қуана қолдайды. Осыдан екі жыл бұрын Америкадағы Мэриленд штатында қазақ тілін үйрету курсы ашылды. Қатысушылардың арасында қазақ диаспорасының өкілдері, дипломаттардың балалары және қазақ баласын асырап алған отбасылар да бар. Осылайша, АҚШ-та ұлы дала елінің тілін меңгеруге сұраныс жыл санап артып келеді, дейді Қазақ-



Америка қауымдастығының вице-президенті Аяулы Ақылхан. Оның айтуынша, енді Қазақстанның заманауи сандық технологиялар әлеміне енуіне жаңа мүмкіндіктері бар. Латын қарпі арқылы қазақ тілі барлық ұлт өкілдеріне қолжетімді болады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда біздің ұтатын жақтарымыз деп мынадай пункттерді атап көрсеткен болатын: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ. Әліпби ауыстыру, бұл – ұлтымыздың тарихындағы ең маңызды бетбұрыс болып табылады. Сондықтан осындай жауапты қадамға әркім және баршаның атсалысқаны абзал. Елбасының алға қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру жолында жұмыла жұмыс істеуіміз керек. “Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін” деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Қазір қолға алып жатқан дүниенің бәрі біз үшін емес, кемел келешек жолында жасалып жатқан ауқымды іс. Олай болса, Елбасының сындарлы саясатын қолдап, бірлік, білім, еңбекті ұштастырып, ортақ межеге қол жеткізуге атсалысуымыз керек.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.



ӨОЖ 159.922.8

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚОБАЛЖУ ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Паримбай Г., Дәуренбекова Ә.К.

Қазіргі кезде эмоциялық тұрақсыздықпен, сенбеушілікпен, жоғары алаңдаушылықпен ерекшеленетін мазасыз балалар саны едәуір көп ұлғайған. Қобалжудың пайда болуы және орнығуы баланың жас кезеңіндегі қажеттіліктерінің қанағаттанбауымен байланысты. Қобалжудың тұрақты бейнесі, көбіне жеткіншек жас кезеңінде көрініс табады. Ал, оған дейін, бұзылыстардың кең шеңберін өндіруші болып табылады.

Мазасыз балалар үшін оқу жылдарының қаншалықты ауыр өтетінін, ата – аналар да, мұғалім де жақсы біледі. Ал мектептік кезең негізгі және балалық шақтың негізін қалаушы: бұл тұлғалық қалыптасу уақыты, өмірлік жолды таңдау, әлеуметтік нормалар мен ережелерді иемдену, бойға сіңіру. Егер де оқушы уайымының себебі өз - өзіне сенімсіздік болса, онда жеке тұлға да «күмәншіл» болып қалыптасады.

Әр жас кезеңдері үшін, қобалжудың тұрақты көрінісі немесе шынайы қатерсіз – ақ, көптеген балаларда жоғары үрейді тудыратын белгілі бір аймақтар, ақиқат объектілер болады. Бала өзінің күшінен, қабілеттілігінен күмандана бастайды. Бірақ қобалжу сабақтағы әрекет қана емес, жекелеген құрылымды да бұза бастайды. Сондықтан жоғарылаған қобалжудың пайда болу себептерін білу, бастауыш сынып жастағы балалардың адекватты құлығының қалыптасуы және мазасызданудың төмендеуіне септігін тигізетін, корекциялық – дамытушылық жұмысты жасап шығаруға және уақытында жүргізілуге әкеледі.

Мектепке барғанда қателік, ақымақтық жасау, ұятқа қалу, күлкіге қалу сияқты қорқыныш сұрақтарымен бала мектептік өмірдің жаңа сатысына қадам аттап жаңа қорқыныштармен соқтығысады. «Мектептік фобия» термині балада мектепке бару алдында туындайтын қорқынышты білдіреді. Яғни, ата – ана қамқорлығында ерекше ұзақ уақыт болған балаға мектеп өміріне үйренісіп кету қиынға соғады.

Зерттеулер бойынша, өзіне сенімді, сүйікті құрдастарымен болғысы келетін және оқудағы проблемаларды өз бетінше шешуге тырысатын белсенді балалар мектепке бару алдындағы қорқынышты сезбейді. Басқа жағдай, егер бала анасына тым жақын болып құрдастарымен қатынаста керекті тәрбиені мектепке дейін жинап үлгермесе, бұл балалар «ата –



анасының үмітін ақтай алмаймын ба» деп қорқып мектепке бейімделмейді, қиындық тудырып мұғалім алдында қорқады.

Көбіне бала қысымын жеңілдететін жанұясы болып табылады. Отбасында бала жеке тұлға ретінде нақтыланады, өз уайымдарымен бөлісетін шеңбер табады. Яғни, жанұя мен мектеп біріге отырып баланың тұлға болып қалыптасуына жол ашады. Ал бұл кезең тиісінше деңгейде өтпеген жағдайда бастауыш мектеп оқушысында эмоциональді бұзылыстар пайда болуы мүмкін. Міне осы – мектептік невроз. Ол іш ауруы, қызыуы көтерілуі, бас ауруы; агрессия кезінде; немесе балалық депрессияда да – көңіл күйдің төмендеуі жасаураушлық өлім туралы ойлану кезінде көрініс табады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей бастауыш сынып оқушыларының қобалжуларының жоғарылуының тағы бір маңызды себебі – олардың физиологиялық және интеллектуалдық дамуының жеткілікті деңгейде болмауы. Мектепке қадам басу кезі жастың дағдарысымен сәйкес келеді, одан әр бала түрлі кез бен әртүрлі үйренулерді алып шығады. Біреу белсенді де тез түсінетін, басқасы жай қозғалатын, үшіншісі ақымақ және ашуланшақ. Уақыт өте келе, балалар өздеріне деген сенімділікті жоғалтып алмаса, олардың қабілеттері біршама бірдей деңгейге жетеді.

Практика барысында балалардың қобалжуларын жеңуде – маңызды ситуацияларда қажетті құралдармен, әрекет тәсілдерімен қарулану – бастауыш мектеп жасындағылардың қобалжу деңгейін төмендету жұмысында елеулі рөл ойнайдығы байқалады.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып жастағы балалардың қобалжуын жеңуде психопрофилактикалық жұмысты әр баланың жекелік «әлсіз аймағына» және жасына бағыттап, қобалжу мен мазасызданудың барлық құрылымдық компоненттерін жасау – алғашқы орынға қойылуы тиіс екендігі анықталды.

ӘОЖ 159.922.8

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сәдібек Ұ., Тұрдалиева Ш.Т.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Сан ғасырлар бойғы өмір әліппесі – отбасы тәрбиесі. Отбасының мақсаты баланы өмірге келтіру ғана емес, оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын бойына сіңіру және өз қоғамына пайдалы мүше етіп жеткізу. Соған қарамастан



отбасын құрған ерлі-зайыптылар түрлі себептерге байланысты ажырасып жатады. Арты балалардың әкесіз не шешесіз өсуіне әкеледі. Толық емес отбасында өскен балалар психологиялық, эмоционалдық тұрғыдан күйзеліске ұшырайды. Бұл қазіргі таңдағы басты проблемалардың біріне айналып отыр. Отбасы осы ретте тұлғаның дамуына әсер ететін негізгі әлеуметтік-психологиялық фактор болып есептелінеді.

Тұлғаның әлеуметтену ортасының бірі – оның отбасы. Тұлға әлеуметтену барысында адамның бағыты, әлеуметтік тәжірибесі, құндылықтары арқылы қоғамға бейімделуін көрсететін, тұлғаның тұрпын (типизациясын) жүзеге асырып, өзінің табиғи автономдылығын, индивидуалдығы мен өзіндік көзқарасын тәуелсіз, бостандық негізінде дамытады. Себебі отбасы қоғамды құрушы әлеуметтік топ болып есептеледі. Сондықтан да отбасының атқаратын қызметіне байланысты оны макро және микроқұрылым болатын жүйе ретінде қарастыру қажет. Отбасы адамның өмір сүруіне қажетті әлеуметтік орта. Сол себепті отбасы тәрбиесі мен қарым-қатынасын адамның қоғам ережелерін бойына дарытуға әсер ететін негізгі фактор ретінде қарастыруымызға тура келеді.

Отбасы – басты тарихи қалыптасқан, жеке адамның әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандыратын әлеуметтену институтының бір формасы. Қандай да болмасын отбасы қоғам талабына сай, арнаулы қоғамдық мемлекеттік заңдар мен тұлғалық құқық заңдары негізінде қалыптасып, өзінің отбасылық дәстүрлері мен ережелері негізінде өмір сүреді.

Қазіргі қоғамның жаңа талаптары мен жұмыссыздықтың етек алуынан отбасында қақтығыстар, түсінбеушіліктер деңгейі күрделіленіп, күнделікті әлеуметтік құбылыста ішімдік пен жеткіншек жастан бастап нашакорлыққа үйір болу, жағымсыз әрекеттерге еліктеушілік, ерте жүктілік, ойсыз жыныстық қатынастарға бару салдарынан ажырасулар мен бүтін емес отбасылар қалыптасуда. Бұл жеке тұлғаның өзін, отбасын әлеуметтік ортадан шеттетуге мәселелерін туындатады.

Өз тіршілігінің сан ғасырлық тарихының ішінде қазақ халқы бала тәрбиесі саласында мол тәжірибе жинақтады. Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы жоғарғы буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Ұзақ өмір әліппесі – отбасы тәрбиесі. Бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып көрген емес, адами қасиеттерге баулу маңызды мәселе. Адамгершілік қасиеттің өзекті мәселесі қайырымдылық, достық. Халық ұғымында жақсылық пен жамандық, достық пен қастық адамгершілік қасиеттің екі түрлі белгісі ретінде қарастырылған. Қай халықта болмасын отбасын құрған ерлі – зайыпты баласының болуын армандайды. Сол сияқты қазақ халқы да



баласын үйлендіріп, қызын ұзатқан соң олардың ендігі тілегі немерелерінің өмірге келуі. Жаңа үйленген жастар алғашқыда бала мәселесіне онша мән бермейді. Соған қарамастан отбасы үшін баланың орны ерекше. «Балалы үй базар, баласыз үй мазар» деген халық мақалы бекер айтылмаған. Соны біле тұра қазіргі таңда жастар үйлене салып ажырасып жатады. Ажырасқаннан кейін балалардың жағдайын ата-ана ойлай бермейді. Бала заң жүзінде анасының қолында қалып тәрбиеленеді. Отбасы тұрақсыздығының нәтижесінде отбасының типтері қалыптасады.

Жалғыз ана, бір өзі балаларымен тұрады. Ауылдық жерде көбіне тұрақты жұмыс болмағандықтан ана алиментке, мемлекеттің тарапынан берілетін көмекке өмір сүреді. Мектеп жасына дейін баланы үйде өзі қарайды.

ӨОЖ 159.922:316

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ АШУШАНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Абдрашитова С., Иманбаев А.А.

Американдық психолог Абрахам Маслоу кез келгенімізде кездесетін 5 қажеттілік деңгейін атап көрсетеді. Олар: Бірінші деңгей ағзаның өмір сүруі үшін арналған қажеттіліктер. Бұнда тамақ, ұйқы, демалыс секілді қажеттіліктер кіреді. Осылар жоқ болған жағдайда адам баласы өзін әлсіз сезініп, жылдам қозғалыстан қалады. Осы қажеттіліктері барынша өтелген адамдарды жек көре бастайды. Екінші деңгей қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Болашаққа жоспар құрып бүгінгі күнмен өмір сүруі үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуі керек. Бұл адамдардың шынайы кедергілерден қорғанғысы келгендігінен туған. Екінші деңгей өтелмеген жағдайда адамның бойын қорқыныш пен үрей билей бастайды. Үшінші деңгей әлеуметтік ортаны қажетсіну. Яғни отбасылық өмірде, достардың тарапынан, бейтаныс адамдардан болсын өзіне деген жылы қарым-қатынас қажет. Өтелмеген жағдайда жалғыздық қасіретіне тап болады. Төртінші деңгей қоршаған ортаның тұлға ретінде мойындауымен тікелей байланысты. Оған билік, атакқұмарлық, басқару ісіне араласу, марапаттарға ие болу жатады. Олар өтелмеген жағдайда адам іштей құлдырап, қоғамнан біржолата алыстайды. Бесінші деңгей адамның өзін көрсетуімен, өмірде өзі жақсы меңгерген сала бойынша орын таба білуімен тікелей байланысты. Бұл деңгей өтелмеген жағдайда өзгелерден ұялып, өзін кінәлі сезінеді. Осы қажеттіліктердің барлығы өтелген кезде ғана адам баласы шынайы бақытты болады.



Алған сұхбатымның қорытындысы бойынша, желідегі видеороликтерден және қарапайым ұзақ жүктеулерден жастар, тіпті кішкентай балалар да ашуланады. Баланың мінезі 12 жасқа дейін дамиды. Осы уақытта ата- ана жақсы тәрбие бере білуі керек. Ал менің қосар ойым, жастар қазіргі қоғамды түсінбегендіктен ашуланады. Біздің қоғамның жастар үшін ойластырған бағдарламалары мен іс-шаралары, кейбір жастарға кері әсер етуде. Қоғамның біздің өмірімізді жақсартамын деген идеялары, керісінше кейбіреулердің өмірін қиындатуда. Қарапайым мысал ретінде ҰБТ-ті алсақ, жылдан жылға қиындап келеді. Жастар осыдан ызаланып қана қоймай, өз-өзіне қол жұмауға дейін барады.

Еліміз біздерге, яғни жастарға жағдайды қолдан келгенше жасап жатыр. Осы жағдайды дұрыс пайдаланып, дұрыс, жұмыла қызмет атқарсақ, біздің алдымызда ешқашан қиындық туындамайды. Жастарымыз жалынды, ұлтымыз рухты болсын. Жас елдегі жастар және халық пен ұлтта тек жаңа жарқын болашақтың негізін құрып, ел мен Отанға қызметін адал және шын көңілмен атқарса екен - деп тілеймін!

Жастар әлеуеттің мәдениетті тобы. Олар әрбір іс- әрекетімен үлкенге құрметпен қарап, халыққа тиімді қызмет көрсетіп, өз ісінің дарынды, талапты, ізденімпаз, қайырымды, мейірімді, ұлтжанды азаматтары мен азаматшалары көп болса екен! Әр Қазақстанның жастары мен жас мамандары, өз еліне адал қызмет ететін, патриот қызметкерлер болса игі еді! Жалынды жастарымыз, жаңа ғасырда жаңа жетістіктерге жете және Қазақ елінің болашағы мен келешегі үшін тиімді қызмет атқарса екен! Жастарға халық та, елбасы да үлкен сенім артып, зор үміт күтеді. Осыған орай жағдай да жасайды.

Жастар саясаты қазіргі таңда дұрыс бағытқа қойылған. Өйткені, саясат бағыты тек жастар қауымына арналған және сол жүйеге сәйкес жұмыс жасауда. Мемлекеттік жастар жөніндегі саясаты көптеген елдердің қызметіндегі басым бағыттардың біріне жатады. Жастар ісімен айналысатын бағыттар қазіргі уақытта жастардың жекелей мәселелерімен айналысады және сол мәселені шешуге ұмтылады. Жастарды жекелей денсаулық жағдайына көңіл бөлуіне жағдайлар жасалуы тиіс. Жастар күнделікті өз денсаулықтарына аса жауапкершілікпен қарауы қажет. Жеке дене жаттығуларын жасап, салауатты өмір салтын ұстануы тиіс. Халықтың біраз тұрғыны жұмыспен қамтамасыз етіліп қалар еді. Бірақ, дәл қазіргі таңда ондай жұмыс орындарын бірден көбейтіп ашуға мемлекеттің де әл-ауқаты жетпей жатқан сыңайлы. Бірақ, бұл мәселені шешу үшін мемлекетте, халықта бірлесе, жұмыла қызмет атқаруы тиіс.



ӘОЖ 1(091):37.01

ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ҮШІН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Тоқтыбаева Ж., Омаров С.Ә.

Ғұламалардың ғұламасы, даналардың дарасы, әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насыр әл-Фараби біздің жерлесіміз. Шығыс пен Батыстың мәдениетін, ғылымын салыстыра зерттеп, өмірінің сабақтастығын алғаш зерттеп көпір тұрғызған әл-Фараби Аристотельді түсінуге жол тапқан бірден-бір үлкен ғұлама. Аристотель шығармаларының түсініксіз болуы кейбір құнды еңбектері бұрмаланып, басым бөлігі тәжімаланбаған еді. Сол еңбектердің барлығын дерлік әл-Фараби нашар айтудан тазалап, түпнұсқасын тікелей аударады. Аристотельдің еңбектеріне түсіндірме жаза отырып, көптеген философиялық, психологиялық, логикалық, географиялық, математикалық, музыкалық еңбектер жазған. А.Нысанбаевтың пікірінше, әл-Фараби түсіну мәселесіне үлкен мән беріп, көне антика дүниесі мен ортағасырлық араб мәдениеті сұхбаттастығына үлкен үлесін қосты. Ол мәдениеттердің қарсы дәстүрлерін үйлестіретін талантқа ие болып, өзіндік жүйе құрды.

Аристотель ілімін танудың өзі қиын жұмбақ шешумен тең екендігін атап "Аристотель еңбектерінің неліктен жұмбақ түрінде екендігінің сырын ашу"-дейді. Толық мұның өзі пәнсананың биіктігін көрсетеді және Аристотель еңбектері арқылы ғалымдарды санағаныдығы айтылады. Бірінші себепке оқушы оюбасы, екінші себеп, философия ғылымының дәрежесін биік ұстау, яғни кім-көрінген емес, Тек шынайы ғалым боламын деушілер ғана айналысқанын қалаған. Үшіншіден, білім-ғылым жолында адам еңбегі адам ойын өсіретіндігі. Ал сегізінші тоғызыншы талаптарға философ болу үшін шарттарды түсініп, Аристотельді іліміне кіру үшін қандай қажеттік бар екенін ұғыну жолын айтады. Кітап соңында осы тоғыз шарттан бұрын жан тазалығы, ар тазалығы сынды бірнеше рухани байлық қорлары қажет екенін таразы салмағының басымдығы мен растайды. Дәлірек, бүгінгі таңда философ болуға көп адам ұмтылмаса да, адам болуға ұмтылу керек екенін және кез-келген бастама үшін таза жүрек, ақыл, қайрат, күш керек екенін Фараби тұжырымы тағы бір мәрте дәлелдейді.

Фараби кеселге шалдығу жолы надан орта мен білімсіз, сараң адам дейді. Сонымен қатар «рухани кесел» бүгінгі таңда «рухани індетке» айналғанын жасырмау керек. Олай болса «рухани індетті» адам дамуында қалайша орын алғандығын кезеңге бөліп көрейік: 1.Надан отбасы немесе қараң қалған орта. 2. Ақиқаттан безінген жүрек. 3. Оңай жол іздеу. 4.Сүйіспеншіліктен арылу. 5. Бұрыс жолға еліктеу.



Әл-Фараби «Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу. Ғаклия көзбен қарасаң, Дүние – ғажап, сен – есік. Жаһлы көзбен қарасаң, Дүние – қоқыс, сен – меншік.» деп дәлелдей түседі. Түйіндегенім адамның сыртынан емес, ішінен адамдықты байқау керек. Адам болудың тағы да оңай формасы қарапайымдылық пен кішіпейілділік. адам болып туылу, адамдық қасиетке ұмтылу, мейірімді, уақыт қадірін ұға алатын, сын қабылдап, мін түзей біту, жақсылықты шынайылықпен, адалдықпен жасап, қарапайым әрі кішіпейіл болу нағыз адамның идеал формасы.

Адам болуда еңбекте талап етіледі. Егер ақиқатқа тігінен бет бұрсаңыз шаш етектен төгілген мақсат мүдделер жеңіл келеді. Өмір – қаламсап секілді. Қаламсапты қайда бағыттасаңыз сонда жазады. Сыясы біткенде парақты қырнап, қызметін доғарады. Егер себепсіз шималанса, өмірдің мәнсіздігі, ал көркем жазба болса, артында мұра қалғаны. Сол қаламсапты бағыттайтын – адам!

Әл-Фараби философиясында еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейінгі аралықта болатын құбылыстарды ашып айтар ой көп және алдын-ала не болатындығын айтып отыратын ескертпе даналықтар да жетерлік. Әл-Фараби тек ескертіп қоймай, бағыт-бағдар сілтеп, таңдау жасау үшін талаптар да қояды. Мектеп жасындағы оқушылар арасында еліктеу кезеңі әлеуметтік желіден басталады. Сондықтан әлеуметтік желілерде Фараби философиясын кеңінен тарату керек. Фарабидің философиясы жастарға кең көлемде жетілдіру керек. Бүгінгі таңда білім жүйесіндегі революция ғылымда, ал әл-Фарабидің пікірінше, ғылым білімге жол ашады. Сондықтан, қазіргі ғылымды дамыту үшін және жастарды тәрбиелеу үшін «Фарабитану» пәнін барлық оқу орындарына енгізуін ұсынамыз.

УДК 314.5

СОВРЕМЕННАЯ ПРОБЛЕМА ОДНОПОЛЫХ ОТНОШЕНИЙ: ЗА И ПРОТИВ!

Рыскул Э., Иманбаев А.А.

Почему же, несмотря на строгие запреты гомосексуализма в христианстве и исламе, неодобрения со стороны общества, и тысячелетия назад, и в наше время некоторые люди предпочитают создавать пары не с противоположным полом, а себе подобным, почему становятся гомосексуалистами? Согласно выводам исследований историков и социологов, количество гомосексуалистов, лесбиянок в



обществе во все времена было и остается примерно одинаковым - 5-7%, причем на эту величину никаким образом не влияет толерантность общества, традиции, принятые в том или ином социуме, исторический период и общепринятый возраст для начала половой жизни. Поэтому большинство психологов и сексологов на вопрос "почему становятся гомосексуалистами" отвечают однозначно: ключевую роль в сексуальной ориентации играют врожденные физиологические особенности, а не приобретенные психологические черты.

Существует несколько гипотез, обуславливающих физиологические истоки гомосексуальности, самой известной сейчас считается гипотеза немецкого профессора Дёрнера. Согласно его предположению, на появление особенностей в развитии головного мозга плода влияет психологическое состояние матери: если она весь период беременности пребывает в состоянии стресса, нервного потрясения, то вероятность отклонений в развитии подкорковых ядер больше. Основанием для выдвижения гипотезы стали масштабные статистические исследования доктора Дёрнера, проведенные во многих странах мира, по результатам которых он установил, что во время различных бедствий (войн, вооруженных конфликтов) родилось большее количество гомосексуалистов, чем в мирное время.

Практически все психологи и сексологи сходятся в том, что истоки отклонений эротического чувства лежат в детских переживаниях. С самого начала жизни функционирование человеческой психики связано с телесными проявлениями. И особенное значение имеет, конечно, механизм формирования полового поведения и половых реакций.

Общество должно окончательно признать давно известные реалии (проституция, многоженство, гомосексуализм), однако выделить "под них" некий особый статус. Если, к примеру, захотят обвенчаться две лесбиянки, то здесь может вступить в силу то же правило, что и в Дании: валяйте, девчонки, вступайте в брак друг с дружкой, только учтите, что брать на воспитание ребенка вам не разрешено или же разрешено по особому распоряжению судебного органа. Возможно, на взгляд "объекта" правового ограничения это жестоко, но это может оказаться наиболее безопасным вариантом с точки зрения интересов общества. Ведь в компании с двумя гомосексуальными мамами или папами ребенок тоже вряд ли вырастет приспособленным к жизни в обществе, которое в подавляющем большинстве своем гетеросексуально. Не исключено, что ребенок, исходно не имевший никаких предпосылок к гомосексуальной ориентации, в однополый семье приобретет таковую.

И в настоящее время возникло глубокое противоречие между признанным фактом равноправия женщин и мужчин и оценкой их статуса религиозными организациями. Они не регламентируют



подробностей сексуальной жизни, однако пытаются все еще жестко воздействовать на официальную сторону заключаемых половых союзов.

Вывод. Очевидно, что даже в XXI веке медики и психологи не могут дать однозначный ответ на вопрос: почему становятся "гомосексуалистами". Однако ученые сходятся в одном - влечение к представителям собственного пола заложено в этих людях природой, попытки психокоррекции их сексуальной ориентации не дадут желаемого результата, а только послужат причиной возникновения психологической травмы.

Вероятно, современный мир изберет путь разумного компромисса: недопустимо преследовать геев, лесбиянок, эксгибиционистов и так далее (за исключением, естественно, случаев сексуального насилия), следует относиться к ним толерантно. При этом нужны лишь строго определенные ограничения, чтобы не оскорблять чувств и интересов "простого" большинства - ведь большинство тоже будет ограничено в своей свободе выражать враждебность к меньшинствам.

ӨОЖ 233.75

ШЕТ ЕЛДІКТЕР АСЫРАП АЛҒАН ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ЖӘЙ-КҮЙІ

Сарсенқұлова А., Кульбаева Д.Д.

Жетімін жылатпаған қазақтың соңғы жылдары қараусыз қалған балаларының қатары көбейгенін бүгіп қалу мүмкін болмай тұр. Тіпті жатырын жарып шыққан баласынан безінетін безбұйректерге таң қала қоймаймыз. Жарық дүние есігін аша салып, балалар үйінің табалдырығын аттайтын қаракөздердің жәутендеген жанарын көрудің өзі ауыр, әрине. Олардың толыққанды отбасында өмір сүруді армандайтыны айтпаса да түсінікті. Ал балалар үйінде тәрбиеленген балаларды асырап алуға ниетті отбасылар аз емес.

Қазақстандық жетім балаларды шетелдіктердің асырап алуына байланысты жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында сын пікірлер көп болғанымен, балалардың өздері оларды дәл сол шетелдік азаматтардың асырап алғанын қалайды дейді ол. Мен бұл жайында біреуден естігенімді немесе бір жерден оқығанымды айтып отырғаным жоқ. Біріншіден, мен жетім балалардың өздерімен, екіншіден, балалар үйлерінің директорларымен, меңгерушілерімен сөйлестім. Олар балалардың он жасқа тезірек толар күнді күтетіндігін айтты. Өйткені, он жасқа толған соң ғана олар өздерін шетелдіктердің асырап алуы жөнінде өтініш жаза алады – дейді Роза Ақылбекова.



Балалар не нәрсенің болмасын үлгі аларлық отбасының болғанын қалайды. Перзент үшін дүниеде ең жетілген, білімді де мәртебелі адам - оның ата - анасы. Сондықтан жас сәбидің өзі де өз отбасында өмір сүргісі келеді. Оларға келген кез - келгенімен лесіп кетуге дайын тұратыны да сондықтан шығар. Ал енді екінші ұшын алып қарастыратын болсақ басқа елде асыралып өскен баланың қаны, жаны қазақ болғаны мен өз ұясынан, елінен жырақта өмір сүріп тіптен өз туған тілін білмей өсуінің өзін бір қайғы деп білемін. Міне оларды шет елдіктер асырып алып кеткеннен соң қалай өмір сүріп жатқаны бізге бейхабар күйде қалады. Әрбір қазағымыздың, қаны бір қандас бауыр балалардың өмірі біз үшінде, ел үшінде қымбат қазына болуы тиіс. Ал «Балалардың құқын қорғау жөніндегі» Қазақстандық үкіметтік емес ұйымдар жұмысшы тобының үйлестірушісі Роза Ақылбекова Қазақстан өзінің жетім балаларын шетелдіктердің асырап алуына рұқсат бере отырып өзінің гендік қорын жоғалтуда деген кейбір сарапшылардың пікірімен келіседі 2. Өз ұрпақтарымызды өзімізде қалдырып, кең байтақ жерімізге, елімізге қалдырып керісінше солар үшін жағдайлар жасалса кез келген отбасына 3-ші немесе 4-ші бала етіп асырауға берілсе біздің саналы ұрпағымыз, Отаным деп өскен патриот болары менімше анық.

Қазақстандық жетім балаларды шетелдіктердің асырап алуына байланысты Азаттық радиосының тілшісімен әңгімелескен «Шығармашылық бастамашыл әйелдер лигасы» қоғамдық бірлестігінің басқарма төрайымы Әсия Хайрулина бірқатар цифрларды келтірді. Олардың 18 мыңдайы балалар үйлерінде тәрбиеленуде, баспасөздегі жетім балаларды шетелдіктердің асырап алуына байланысты мақалалар қоғамдық пікірге жік түсіруге бағытталған. Бұл балаларды асырап алып жатқан елдердің көпшілігінде балаларды қорғаудың мықты жүйесі құрылған. Ол жақта барлығын бақылап отыратын арнайы комитеттер мен агенттіктер бар. Ол жақтың соттары да қатаң, оларды сатып ала алмайсың. Сондықтан кемшілік жіберген ата-аналарға қатаң жаза қолданылады. Жалпы, қазір 20 мыңға жуық қазақ баласы шетелдік отбасыларда тәрбиеленуде. Әсіресе, біздің қаракөздерге АҚШ пен Испания азаматтары құмар. Күні кеше Америкада орын алған қайғылы оқиға барша қазақстандықтардың көңіліне қаяу түсірді. Жесірін жылатып, жетімін қаңғыртпаған халықтың бүгінгі түсінігі неге түпкілікті өзгерді? Біздің елде шетелдіктер мен бала асырап алғысы келетін қазақстандықтарға берілетін мүмкіндіктер мен құқықтар да бірдей. Кейде шетелдіктердің бала асырап алуына түпкілікті тыйым салу қажет шығар деп ойлайтынымыз рас. Бірақ кейбір мамандардың айтуынша, шетелдіктер тек қана қазақстандық азаматтар керек қылмаған, денсаулығында ақауы бар бүлдіршіндерді асырап алады екен. Қалай десек те, қазақтың баласы өзінің туған жерінде, елінде өскені



абзал. Ал жат жұртқа кеткен жәутең көздердің тағдырына бейжай қарауға мүлдем болмайды. Шетелдік азаматтар асырап алған балаларды бүгін есепке алып, екінші күні ұмытып кетуге біздің құқығымыз жоқ. Өйткені ол – қазақ баласы, қазақ азаматы. Ендеше, Үкімет бұл мәселемен шындап айналысуы керек.

ӨОЖ 316.356 2 (075)

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Әбілда Д., Еменова Г.Б.

Ерекше құбылыстар тәрізді, жастар субмәдениеті жастардың физиологиялық акселерациясы олардың әлеуметтенуі кезеңінің бірден артуымен қатар жүретіндігімен байланысты да туындайды. Бұл дәуір талабына сәйкес келетін білім мен кәсіби дайындыққа кететін уақытты арттыру қажеттілігімен байланысты.

Қазақстанда бүгінгі таңда жұмыссыздық деңгейі – 5,2 пайыз. Бұл – анау-мынау дамыған Еуропа мемлекеттерінде кездеспейтін жағдай. Алайда, біздің ел сол алып дейтін батысеуропалық мемлекеттердің алдын орап тұр. Айтпағымыз жастар жайы. Нақтырақ айтқанда, еліміздегі 18 бен 29 жас аралығындағылардың арасындағы жұмыссыздық жайы.

Өңгіменің басын тағы сол статистикадан тарқатайық. 2012 жылғы нақты ресми дерек бойынша, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4,6 пайызды құрайды. Ал, былтыр, яғни, арада бір жыл өткенде бұл көрсеткіш 5,9 пайызға бір-ақ секіреді. Қолымызға түскен соңғы дерек осы. Оның үстіне, біздің елде таудай проблемалардың тек шетін ғана шығарып, негізгі түйткілін ішіне бүгіп қалатын әдет тағы бар. Сайып келгенде, жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі – бүгінгінің өзекті мәселелерінің қатарында тұрғаны анық.

Және оның себебін іздеп жатудың да қажеті жоқ. Жоғары оқу орындарының нарық талабына сай маман даярлай алмауы, маман даярлау үшін онда қажетті инфрақұрылымдардың болмауы. Оның үстіне, жұмыс берушілер де құшақ жайып қарсы алып жатса бір жөн. Айта берсек, себеп көп. Бұл – қазіргі қоғамымызда айқын көрініс тауып отырған жағдайлар. Енді осындай жағдайда құр кол жүрген жастар қайда барып, нендей табыспен күн көреді? Мәселе осыған келіп тіреліп тұр.

Мемлекет салалық министрлік арқылы осы мәселені біржақты етіп шешудің талай мәрте жолын қарастырып көрді. Соның жарқын мысалы – «Дипломмен ауылға» бағдарламасы еді. Жұмыс, ақша іздеген жастар үшін қалаң не, ауылың не – бәрібір. О баста ақша табудың амалын



таппай жүрген «дипломды» жастар мемлекеттің қолдауын көріп қалу үшін ауылға ағыла бастады. Жастарды жұмыспен қамтудың тағы бір жолы ретінде мемлекет «Жұмыспен қамту – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске қосты. Барлық облыс орталықтары мен аудандық деңгейге дейін жұмыспен қамту орталықтары ашылып, жастарға бос жұмыс орындарын ұсына бастады. Алайда, орташа жалақы көрсеткіші жүз мың теңгеден асып жығылатын елде 30-40 мыңдық жалақылы қызметтер ұсынуды өзгелер қайдам, біз ақылға сидыра алмадық. Оның үстіне, ғаламтор арқылы санасын ерте есейткен бүгінгінің жастарын 30-40 мыңдық жұмыспен ешкімнің де қызықтыра алмасы белгілі еді. Айналып келгенде, өскелең ұрпақ үшін не сол 30 мыңдық жұмыс, болмаса басқа жол деген таңдау тұрады.

Қорыта келгенде, бұл мәселенің уақыт өткен сайын өзектілігі артып келеді. Жастар арасындағы жұмыссыздық небәрі 5,9 пайыз десе де ресми орындар жұмыссыздықтың артып келе жатқанын бәрібір мойындап отыр. Осындайда өздігінен шешім қабылдау қиынға түскен шақта жастардың басындағы күрделі әлеуметтік мәселелермен айналысатын арнайы орталықтың жоқтығы анық байқалады.

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған кедейлікті азайту іс-шаралары және жұмыспен қамтылған халық санын көбейтуге жасалып жатқан мемлекеттің оң саясатына қарамастан, кейбір мәселелер әлі де алаңдату туғызуда. Елдегі жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі Қазақстан үшін экономикалық өсуге өз септігін тигізуде, оның үстіне, одан әрі жұмыссыздық деңгейін төмендету, яғни, жұмысбастылықты көтеру мақсатында, халықты жұмыспен қамту саясаты жүзеге асырылуда. «Біздің басты мақсатымыз – әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтарымыздың байқуаттылығы. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі. Нағыз пәрменді әлеуметтік саясат – ол халықты жұмыспен тұрлаулы қамту саясаты» делінген Президент Жолдауында. Ендеше, мемлекеттің қоғамның шын мәніндегі көмекке зәру мүшелерін қолдау жөніндегі жауапкершілікті өз мойнына аларына сенім мол.

ӨОЖ 323(574): 1

БҰАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ РОЛІ

Шаханбай Н., Еменова Г.Б.

Билік институтында БАҚ-тың тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саяси процестегі орнын асыра бағалау мүмкін емес. Қазіргі кезде электронды ақпарат құралдарының пайда болуымен бұл



әлеуметтік институт бүгінгі қоғамның, саяси биліктік қатынастардың барлық қырларын түбірімен түрлендіріп жіберді.

Бір сөзбен айтқанда, БАҚ – күнделікті теледидар, радио, мерзімді баспасөз басылымы және интернет сайттар. Ал, оған қоса жаңа медиа мен жаңа ақпараттық технологиялардың ақпарат таратып, ақпарат жинақтауын да қосуға болады. Наполеон: "Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор", - деген. Сарапшылар БАҚ-тың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді:

- жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі;
- арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы;
- ақпарат таратушының қабылдаушыға біржақты ықпалы;
- тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі.

1840 жылы француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. БАҚ – бұл мемлекеттік идеология құралы. Әрбір аймақтың, әрбір мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Үлкен мемлекеттер айналасындағы шағын елдердің мәдениетін басып, халқын өз аузына қаратып алуға талпынады. Сондықтан шағын елдердің өз мәдениетіне және өз ақпараттық саясатын жүргізу ісіне мығым болуы қажет. Адамзат тарихы әуел бастан және көптеген мысалдар барысында тілдің тек коммуникацияның жай негізгі құралы ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, әлеуметтік мәжбүрлеу мен бағындырудың қуатты құралы екендігін де дәлелдеп келеді. Тіл, ең алдымен, нақты бір ұлттың мәдени-тарихи тәжірибесінің жиынтығы, ерекшелік белгісі және тұрақты атрибуты, күрделі бірегейлік рәміз және оның өзін-өзі өркениеттік анықтауының бастауы.

Қазақстан – Тәуелсіздік дәуірінің алғашқы жылдарынан бастап баспасөз саласындағы халықаралық беделді құжаттардың аясында БАҚ-тың еркіндігін қамтамасыз етіп келе жатқан мемлекет. Ата заңымыз және Республика Президенті – ақпарат құралдары бостандығының кепілі. Осы орайда БАҚ-ты құруда болған қиындықтарға тоқталар болсақ, қоғамдар алмасып, нарықтық экономикалық қатынастар орныға бастаған тұстан бергі уақытта БАҚ саласындағы өзгерістермен сараласақ, ақпарат көздерінің даму сатыларын үш кезеңге бөлуге болады.

Біріншісі кезең. Жалғыз идеологияның пәрменінде болып келген біртұтас ақпарат жүйесінің ыдырауы және қаржылық, идеялық тоқырауға ұшырауы.

Екінші кезең. Ақпарат әлемінің мемлекеттік және жекеменшік түрінде қайтадан қалыптасуы, кәсіпкерлік баспасөздің құрылуы.

Үшінші кезең. Еліміздегі экономикалық-әлеуметтік, мәдени реформалардың тереңдеуіне сәйкес әлемдік ақпараттың республиканың эфирлік кеңістігіне енуі және Қазақстанның ғаламдық ақпарат айдынына талпынысымен сипатталады.



Алғашқы кезеңдердің қиындыққа толы болғаны белгілі. Қазіргі кезде ақпарат әлемінде бәсекелестік орнады. Баспасөз бен эфирлерге жаңа мазмұн берген ірі медиа бірлестіктер өмірге келе бастады.

Халықтың ақпарат алу және талдау мүмкіндігі молайды. Енді осы оң үрдісті одан әрі дамытудың құқықтық негіздері қажет бола бастады. Осыған орай, елбасы 1997 жылы 3-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының біртұтас ақпарат кеңістігін қалыптастыру туралы» Жарлыққа қол қойды. Президенттің тапсыруымен жылы жаңа заң күшіне енді. Көп ұзамай, 2001 жылы оған елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы заңдардың қай-қайсы да БАҚ-ты демократияландыру, әлемдік талаптарға сай жетілдіру және саясаттан тыс дамуына жол ашу үшін арынша тиімді болғаны ерекше атап айту керек.

ӨОЖ 378:233

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒДАРЛАУ

Әлмұратова Б., Спанов М.Ж.

Биыл сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қоғамдық сананы жаңғырту үшін үкімет алдына нақты тапсырмалар қойған болатын. Елбасы өз мақаласында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» туралы өз ойын айтқан болатын. *«Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр...», - делінген Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында.* Демек, бұл жоба жеке бір адамдарды насихаттау немесе олардың абыройын асқақтату мақсатында жүзеге асып жатқан жоқ. Мұның артында расымен де үлкен идеологиялық астар жатыр.

Тағы бір үлкен жоба, бұл - "Жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасы. Орта ғасырда өмір сүрген Жүсіп



Баласағұн: «Өнер, білім - қос қанаты адамның, осыменен білерсің тілін ғаламның», - деп жазып кеткеніндей, жоба әлемнің озық, заманауи және тандаулы үлгілері негізінде жастарға жаңа деңгейдегі сапалы білім беруді қамтамасыз етуді көздейді. Әлімсақтан белгілі, адамзат баласының өмір тәжірибесінде тәрбиенің түрлі мектептері болған. Тарихқа зер салсақ, небір даналар мен ойшылдарды тәрбие мәселесі бейжай қалдырмағанын көреміз. Мұның бәрінде терең сыр, мағына жатқаны сөзсіз. Өйткені жас ұрпақтың өсіп-жетілгенде қандай болатыны ең алдымен оның тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты. Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деп айтатыны бар емес пе. Қазіргі таңда да балабақшаларда, мектептерде, тіпті жоғары оқу орындарында тәрбиеге жете көңіл бөлінгені дұрыс. Себебі білім алдыңғы орынға шығып, тәрбие кейіндеу қалып қоятын болса, мұның арты адамның толыққанды тұлға болып қалыптасуына айтарлықтай кері әсерін тигізері хақ. Білім – қарапайым тілмен айтқанда, белгілі бір ақпараттар жиынтығы ғана. Ол санаға сіңіп, ойда қалады. Ал тәрбие адамның күллі жан-дүниесіне әсер етеді, тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Тәрбие – кең ұғым. М.Жұмабаев кезінде: «Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебімен салмақ. Бір елдің тағдыры - мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе». Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, «Ұстазға қарап шәкірт өсер» деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер (Ыбырай Алтынсарин). Адамгершілік – бұл рухани тәрбие.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» - деп, Ы. Алтынсарин ағамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Рухани - адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру барысында, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Адамгершілік – қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы



қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір имандылық шарттарын білдіретін ұғым. Жалпы осы адамгершілік мәдениеті мәселесі төңірегінде педагогика классиктері: Я.А.Каменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Н.И.Ильминский, еңбектері ерекше орын алады. Қазақ зиялы қауымынан: А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедовтер жалғастырған.

ӨОЖ 21:94(574)

ХИДЖАБ КИЮДІҢ ЖАТ ҮЛГІСІ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА КЕРІ ӘСЕРІ

Аманжолов А, Спанов М.

«Хиджаб («Қалқан», «шымалдық») – акпарат көздеріне сүйенсек, бұл мұсылман әйелдерінің көшеге шыққанда денесін жасыру үшін киетін киімі. «Желбегей, жамылғы» дегенді білдіреді. Бірақ кей деректерде ол араб елінің ұлттық нақышты киімі делінген. Сонда араб елінің мәдениетін неге қазақ қыздары ұстануы тиіс? Неге қазақтың қара домалақ қыздары бөгде елдің ұлттық киімін киюге міндетті. Қазақтың кереметтей етегі желбіреген қазақ көйлектері мен сәукелесі Ислам өркениетіне қайшы келгені ме? «Қазақ халқының тарихында, біздің дінімізде ешуақытта мұндай дәстүр болған емес. Шын дінді, оған таңылған басқа діннен ажырата білуіміз керек». Сол үрдістерді зерделеп, өлшемге айналдыруымыз керектігі ақиқат. Жалпы «басқа орамал тарту» мәселесі неліктен ушығып кетті? Бұл ұғым бізге қайдан келді? Тақырыпты әріден қозғасақ.

Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Уа, Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және иман келтіргендердің әйелдеріне айт: үстеріне жамылғыларын түсірсін...» («Ахзап» сүресі, 59-аят) деп бұйырған. Аятта киімнің түсі немесе үлгісі анық айтылмаған. Сондықтан әр ұлт, әр мәдениет өкілдері Алланың әмірін өз ұстанымдары, тарихи таным-түсініктері бойынша орындайды.

Нұрсұлтан Назарбаев Астанада өтіп жатқан "Жас Отанның" съезінде дін мәселесін де айтты. - Біз - мұсылманбыз. Бірақ исламда түрлі ағымдар бар. Және сендер - "жас отандықтар" осы ағымдарға кірген жастарды



жаман нәрселерден тежеуге тиіссіндер. Оларды тәрбиелеулерің керек. Біз өзімізді мұсылманбыз дегенде халықты орта ғасырға қарай тартпауымыз керек. Бізге әр адамның пікірі маңызды. Бірақ біздің қыздарымыз бен әйелдер киіп жүрген араб киімі хиджаб біздің жол емес. Қазақ көшпенді халық болған, біздің ертеден келе жатқан өз жолымыз бар, - деді.

«Қазақ сөзге тоқтаған халықпыз. Егер Елбасы өзінің Жолдауында хиджабты арабтың киімі деп айтты ма, сол сөзге тоқтауымыз керек. Ол шын мәнінде де арабтың киімі. Оның мұсылмандар киіміне ешқандай қатысы жоқ. Жалпы, мұсылманның киімі деудің өзі дұрыс емес.

Бұл соңғы жылдары араб немесе өзге де мұсылман елдерінде оқып келген жастарымыз әкелген мәселе деп білемін. Соның ішінде сәләфилік бағыттағы. Мысалы, Түркияда «хиджабты» түсіне бермейді. Оларда «турбан» деп айтады. Ал қазақта әйел кісінің орамал тартуының өзі бірнеше түрге бөлінеді. Ең атақтысы «кимешек». Ал Құранда орамал тартудың парыздығы- негізгі әурет жерлердің жабылуы. Ал кейбір дін білмейтіндер бір елге барып дінін үйренсе, мәдениетін де бірге үйреніп соны дін деп ұғынады. Сондықтан біздегі көп адамдар араб тәсілі бойынша орамал жабуды ғана яғни «хижабты» парыз деп санайды.

Бірақ бұлай ойлау «бидғат». Өйткені, Құран арабша тәсілді парыз етпейді. Құранда көрсетілген негіз бойынша әр халық өз салты бойынша киінуге құқылы. Әрі олар тікелей Құран бойынша жүреміз дейтін болса онда «хиджаб» деген сөзді термин етпей мүлде ұмытып Құрандағы орамалға қатысты сөз бойынша «хумур» деп атасын. Екінші сөз бар. Ол «жилбаб». Ал, біз, қазақ мұсылман халқы шарифаттың кеңшілігін пайдаланып «кимешек», «сәукеле» деп атаймыз.

Егер біз елімізге араб елінің қыздарын әкеліп медреселерде оқытып, бастарына қазақ дәстүріндегі орамал «кимешекті» кигізіп еліне жіберсек, ол елдің жай арабы тұрмақ ғалымдары да «кимешекке» қарсы шығар еді. Сол сияқты, бізге де жат жұрттан келген араб мәдениеті тұрмысымызға сіңіспей, соңы дауға айналды.

Жастарымыздың мыын улаған интернет желісі мен сәләфиліктердің қармағына ілінген қазақ жастарының бұндай қателіктерге баруына ата – ананың тәрбиесі жеткіліксіз болғандықтан деп ойлаймын. Егер әр отбасы өзінің ұядан ұшырғалы отырған перзентін кішкентайдан қазақ еліміздің өз ұлттық құндылықтары бойынша тәрбие беріп, ата – салтымызды сақтауды санасына сіңіретін болса әрбір қазақтың баласы Құдайдың да, халықтың да жақсы көзқарастарына ие болатын еді...



ӨОЖ 323. 94 (574)

Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ « БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - ЕҢБЕГІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІ

Арынбекова А., Иманбаев А.А.

Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі орынсыз сән – салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылық пен қайырымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану, көрегенділікті көрсетеді. Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсіндіріп кеткенін еске алайық: олардың біріншісі: ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі: алға бастау үшін, ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

Салт-дәстүр сол елдің жеріне, ұстанған дініне байланысты қалыптасып, дамып жатады. Біздің елдің салт-дәстүрі де солай. Қазақ көбіне ырымға сенген, әр нәрседе ырымдап өзінше бір әдіс, өзгеше бір дәстүр болады. Салт-дәстүр ұлттың айнасы деп айтуға болады. Заманына қарай өзгерістер болғанымен, түпкі мақсаты мен негізі сақталады. Әр ұлт ұлттық құндылығын сақтап қалу үшін өзінің тілін, дінін, салт-дәстүрін болашақ ұрпаққа түсінікті етіп, айнытпай жеткізіп отыруы қажет.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері жетіп артылады. Дегенмен, сол салт-дәстүрлердің мемлекетіміздің дамуына септігін тигізетін, және біздің дамуымызға кедергі келтіретін тұстары да жеткілікті. Қазіргі таңда біздің мәдени дамуымызға кері септігін тигізетін салт-дәстүрлердің бірі – алып қашу. Қызды алып қашу көнеден бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан дәстүр. Яғни, қыз алып қашу өз заманында қоғамның қажеттілігіне орай пайда болған үрдіс. "Қыз алып қашу бұрыннан келе жатқан салт-дәстүр ме?" деген сұрағымызға 78 жастағы Роза әжеміз жауап берді. «Біздің кезімізде алып қашу болды. Алып қашуда қыздың келісімі маңызды емес болатын. Қыз келіспей жатқан кезде үлкен жастағы апа - әжелеріміз табалдырыққа жатып алады. «Менің үстімнен аттап өтсең, бағың ашылмайды, саған теріс батамды беремін» деп қызды көндіріп, басына ақ орамал жабатын. Екі адамның арасындағы сезіммен отбасы құрылмаса, оның іші береке мен шаттыққа толы болмасы анық. Тіпті қызды алып қашу үрдісін мұсылмандардың шариятында да бұрыс деп таныған. Біреу алып қашуды салт-дәстүрге жатқызса, кейбіреулер жатқызбайды. Әрине, әркім өз пікірін айтуға құқылы. Ал осы алып қашу шарият бойынша дұрыс па? "Алып қашу шарият жағынан дұрыс емес. Жалпы адамның бостандығы мен



құқығына қол сұғуға шариғатымызда қатаң тиым салынған. Бұл адамның ар-намысын аяқ асты ету және күнә іс. Неке мәселесінде қыздың өзі шешім қабылдайды. Тіпті, әкесі де еріксіз тұрмысқа бере алмайды.

Халқымыз қыз балаға қонағым деп ерекше құрметпен қараған. Екі жақ келіскен соң қызға батасын беріп, ұзату тойын жасайды. Бұл көнеден келе жатқан жол. Әрине, кеңес өкіметінің тұсында екі жастың келісімімен "қыз алып қашу" үрдісі белең алды. Бұл той жасауға мүмкіндігі болмаған кезде орын алды. Тіпті қыздың келісімінсіз алып қашу жағдайлары да кездесетін. Бірақ бұның қай-қайсысын да дәстүр деп айту орынсыз. Ең дұрысы, ғасырдан ғасырға жеткен дәстүрді сақтап, үлкендердің ризашылығын алу. Ал қазіргі таңда қыз алып қашу, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 125 – бабы бойынша адам ұрлаумен теңестіріледі. Адам ұрлаушы төрт жылдан, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылады. Бұл заң өте дұрыс, себебі қазіргі таңда ер мен әйелдің құқығы теңгерілген заманы. Әр қыз бала өз құқығын жеткілікті жағдайда қорғау керек. Ежелгі кездерде мәдениетке қайшы келген дәстүрлерді қазіргі кезде қолданыстан шығаруымыз керек. Себебі бұл дәстүр біздің мәдениеттілігіміздің төменгі дәрежеде екенінің айқын белгісі.

Адам тағдыры, сезім, түсінік деген "дүниелерді" ескермей, жалғанды жалпағынан басып жүргендер қаншама? Біреуді жылатып бақытты болу мүмкін емес. Көкірек көзі ояу, ақыл-есі дұрыс адам мұны жақсы түсінсе керек. Алайда, елдің қаңқу сөзі мен қоғамның пікірінен қорқатын нәзік жандылармыздың өз құқығын қорғай алмай жүргендері қаншама. Осы оқылықтарды болдырмас үшін, аталған дәстүрден жапа шеккен аруларымыздың үнсіз қалмай, бас көтерулерін өтінемін! Осындай қылмыс жасай отыра жалғанд жалпағынан басқан, тайрандаған тентектердің өз жазасын алуы, өзгелерге үлгі болмақ.

УДК 338.484

ТУРИЗМ КАК ОДИН ИЗ АСПЕКТОВ ДУХОВНО – ПРАВСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕКА

Рожкова А., Иманбаев А.А.

Туризм во многом определяет мировоззрение общества в целом. Несмотря на то, что на сегодняшний день туризм является одной из новых сфер экономики, вышедший среди отраслей на первые места по



материальным доходам, он обладает также духовной специализацией, что способствует обогащению внутреннего мира людей.

Следовательно, актуальность моей работы заключается в духовной сфере туризма, в значении его как фактора повышения образовательного и общекультурного уровня людей. Он несет в себе большой заряд гуманизма, формируются такие важнейшие принципы жизни как толерантность, открытость, дружелюбие, любовь, сопричастность к общечеловеческим ценностям, тем самым позволяет понять, в чем суть туризма, приобщаясь к мировой ценности.

Человек, который знакомится с достижениями культуры других народов, является индивидуальностью, которая во время путешествий, поездок, походов, посещений приобщается к миру природы и культурных артефактов, «ценностных галактик» других стран и народов. Личность способна не просто созерцать мир и по-варварски использовать его, а любоваться им, осваивать и усваивать богатства природы и культуры, преобразовывать полученные знания и впечатления в достояние собственной духовности, когда лично увиденное навсегда становится достоянием, принадлежность мысли и чувства туриста, открывая горизонты его мировосприятия. В данном случае главным является именно духовный фактор, а не материальный.

Делая анализ данных этой туристской организации, за основу данной работы взят для анализа духовного развития человека Благородный восьмеричный путь, указанный Буддой. Следовательно, первая ступень Пути – это правильные воззрения, в нашем понимании - все знания и умения, накопленные человеком в процессе жизненного опыта, которые в дальнейшем помогут проявить их сущность на практике человеческих взаимоотношений.

Следующая ступень - правильные устремления. Философия туриста на данном этапе заключается в сравнении его с познанными духовными ценностями, что ведет на путь развития души от невежества к духовному совершенству.

Посредством правильной осознанности (очередной ступени Пути), человек осознает преемственность своей культуры с культурными достижениями других народов.

Путешествуя, человек должен ставить перед собой более возвышенные нематериальные цели, позволяющие преодолеть все преграды на своем пути. Каждый его шаг, каждое движение должно быть проникнуто духовным прогрессом. Это и называется правильными усилиями - четвертой ступенью Пути.

Человек должен также обладать правильными средствами к жизни, самым важным из которых является ЛЮБОВЬ. Проявляя ее к природе, человеку, мы сможем получить от знакомства с культурными достижениями других народов, тем самым постичь ПРЕКРАСНОЕ.



Туризм также является средством межкультурных коммуникаций. Любой человек по возвращении домой после путешествия делится своими эмоциями и впечатлениями с окружающими» тем самым позволяя другим узнать для себя что-то новое, познакомиться и духовно приобщиться к культуре разных стран и народов.

И, наконец, последняя ступень - правильное сосредоточение. Необходимым условием для развития этого фактора является практика всех без исключения предыдущих составляющих Пути.

В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» президент нашей страны Нурсултан Абишевич Назарбаев акцентирует внимание на духовной модернизации и богатом культурном наследии нашей страны. Я считаю, что развитие туризма - главный фактор реализации целей, отмеченных главой государства в данной статье.

ӨОЖ 519.68

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ «МУЗЫКАНЫҢ ҮЛКЕН КІТАБЫ»

Абдикаримов Н., Аккулиева А.Е.

Музыка не? Музыка ең алдымен ол – әлем. Адамға сазды әуенмен әсер ете тұрып, өз әлеміне баурап алатын һәм сол әлемнің ішінде әуен арқылы белгілі бір қысқаша мерзімде өмір сүргізе алатын, адамның жан айхайымен сырласа алатын белгілі бір тылсым күш. Музыка жайлы даңқы дүр дүнияны жарған Фарабиден бастап бүгінгі күндегі жас ғалымдарға дейін зерттеп өз ойларын ләжі барынша “жаңалық” ретінде жеткізгісі келіп ізденгендер көп. Әрине қуантарлық жәйт. Әр ғалымның ойы әр түрлі. Дегенмен, түбінде ұштасатын жері – жан рахаты. Пікірлерге тоқталсақ: Музыка ол – көңіл-күй әлемі. Ол дыбыстар арқылы бейнеленген жан сарайы. А.Н.Серов

Музыканың моральдық мәні сол, біз оның әсерімен таза нәр аламыз, яғни шынайы сүйеміз, немесе жиренеміз... Музыканың шын мәнінде біздің жан дүниемізді толқытып, көңілімізді көтеруге құдіреті әбден жетеді. Аристотель

Егер сен музыканы сүйгің келсе – оны ыждағаттықпен тыңдай біл! Кейін сен оны міндетті түрде ұнататын боласың, қалай үйренгеніңді де сезбей қаласың, жақсыны жаманнан айыра алатын боласың. Осылай етсең сенде тамаша талғам пайда болады. Д.Д.Шостакович

Мелодия тек қана еліктірмейді, ол сөйлейді... Оның тілі өткір,қарапайым сөзге қарағанда, әлде қайда күштірек деуге болады. Ж.Ж.Руссо.



Әл-Фарабидің музыка жайлы зерттеулері. Музыкада пән ретінде қалыптасқан ба немесе ол жәй ғана өнер ме? – «Музыканың үлкен кітабындағы» бұл сұрақ әл-Фарабидегі музыкалық өнер мағынасының логикасын айқындаумен байланысты. Музыканың басталуы дыбыста имманентті түрде болады және оның болмысы дыбыспен басталады. Әбу Насыр әл-Фараби музыканың мағынасын аша, оның шығу тегі мен қабылдану тәсілін айқындауға әрекеттене отырып, музыкалық ойлаудың өмір сүретіні туралы қорытындыға келеді. Адам музыканы субъективтік сипаты бар естудің көмегі арқылы қабылдайды, кейбіреу шығарылған үнді неғұрлым музыкалы, неғұрлым барабар естиді. Нақ сондықтанда «есту» теориялық-шығармашылық үдеріс болып табылады, бірақ та екінші жағынан, неғұрлым «дамыған» құлақ іс-тәжірибелік үдеріс, яғни адамның материалдық және рухани қызметімен байланысты үдеріс болып табылады, яғни музыкалық есту дамуындағы бірегей үдерістің өзі іс-тәжірибемен байланысты.

Мұнда Фараби музыка теориясын бес салаға бөледі.

1. Музыка туралы ілімнің негізгі, зерттеу объектісі, тәсілдері.
 2. Музыка туралы ілімнің негіздері, тондардың өзара байланысы мен қатынасы.
 3. Музыка теориясының негіздерін зерттеу тәсілдерін қолдана білу (тәжірибе)
 4. Тондардың негізін құрайтын музыкалық ырғақтар табиғаты.
 5. Музыкалық әуен, оны шығару жолдары (композиция)
- «Музыканың үш тегін» ажырата отырып, әл-Фараби музыканың мынадай:

1. нышандық;
2. эстетикалық;
3. психологиялық;
4. трансляциялық;
5. коммуникативтік міндеттері туралы қорытындыға келеді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітап» трактаты музыканың онтологиялық мағынасын айқындауға арналған. Оның музыканың не екендігі туралы қойған сұрағы оның әрбір адам болмысындағы мәнінің музыкалық-эстетикалық феномені проблемасын көтерді. Әл-Фараби музыка феноменін түсіндірмелеуде әдіснамалық жағынан негізделген тәсіл туралы мәселені өте маңызды деп есептеді. «Музыканың үлкен кітабы» оның бірінші тарауы - «Музыка өнеріне кіріспе». Бұл бөлім екі тараудан құралады. Оның алғашқысында «музыка» атауы, оның этимологиясы мен семантикалық негіздері, музыка ілімінің сан алуан мәселелері әуенінің шығу тегі, оны шығару, орындау, сондай-ақ музыкалық теориясы туралы ұғымдар болады.



ӘОЖ 37.019

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ

Мұхтаров Б., Аккулиева А.Е.

Патриотизм сөзіне тоқталар екенбіз, көз алдымызға еріксіз батырлар, ақын жазушылар мен философтар елестейді. Міне солар арқылы, солардың еңбектері және ойлары арқылы осы сөздің қаншалықты терең мағына беретінін аңғарамыз. Отанға деген сүйіспеншілікті қатайтып, адалдықты тани аламыз. Қазақ даласында кешегі өткен елі мен жерін найзаның ұшымен қорғаған бабаларымыз арқылы киелі еліміздің қаншалықты қымбат екенін түсінеміз. Сол Замандағы батыр бабаларымыздың отан сүйгіштік қасиетіне таң қалып, солардан үлгі аламыз. Елін жерін жауға қимаған ерлер арқылы тарихтың тауқыметін танып сол замандағы батырларға ұқсауға тырысамыз. Даламыздың кешегі батырлары бүгінгі ұрпақтарына асқақ қасиет отанды сүю деген ұғымды мұра етіп қалдырды. Қаны таза қазақтың батырлары қарыс жері үшін күресіп патриотизмнің қандай екенін дәлелдеді.

Терең тарихқа тоқталмай-ақ, сұрқия суық соғыс жылдарына шолу жасасақ та, сол кездегі қазақ жеріндегі патриоттар елінің мүддесі үшін жанын жауға тапсыруға дайын болғанын көреміз. Отан сезімін өз басының қара қамынан артық қойған тұлғалар арқасында біз осы бейбіт күнді көріп, еркіндікте өмір сүрүдеміз. Қазақ даласындағы философиялық ойлар сол заманның ерлерін отанын қорғауға үндеп, намысты қолдан бермеуге үйретті. Сансыз ерлігі асқан ұл тәрбиелеп, сол кездегі нағыз патриоттық сананы қалыптастырды. Сол сана арқылы жеңіске жетуге көмектесті. Неміс фашистеріне бірліктің биік тұғырын дәлелдеп, орыс халқына қазақтың қаны таза ер екенін көрсетті. Осының бәрі қазақ даласында ғсырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік қасиетінің жемісі. Ұлтымыздың ұландары қай жерде болмасын, қай заманда болмасын қазақ қамы үшін жан қиуға дайын екенін сол соғыс жылдарында дәлелдеді. Бұл сөзімнің дәлелі ретінде Бауыржан Момышұлын келтіре аламын. Баукең соғыс жылдарында қазаққа рух берген нағыз біртуар жан. Қайталанбас тұлға. Мен Бауыржан Момышұлын көзі тірі кезінде көрмеген болсамда, оның жазған кітаптарынан Батыр жайлы айтылған ойлардан оның теңдессіз патриот екенін танымын. Қазақ халқының осындай ұлы болғанымен мақтанамын. Тек мен ғана емес бүкіл қазақ ұлты мақтанады деп ойлаймын.

Бауржан Момышұлы жайлы сөз ашылар екен оны шындықты сүйген тәртіпке бағынған батыр ретінде дәріштейміз. Оның өміріне тоқталар болсақ. Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ



ауылында туған. 1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери мамаң ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерлей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Бауыржан Момышұлы - әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді.

Бауыржан Момышұлының атына берілген оқу орындары тағы басқа нысандар қазақ жастарына өшпес батырдың ерлігін дәріпеп тұрады.

ӨОЖ 821.515.158

ЛАТЫН ӘЛІПБИМЕН – БОЛАШАҚҚА

Қуат А., Аккулиева А.Е.

21-ғасыр ғылым мен білімнің, техниканың кең етек алған алтын дәуірі. Ақпараттар ағымы қарыштап, бірін – бірі басып озуда. Қай елдің тәжірибесі озық болса, ғылымы жетік меңгерілген болса, сол елдің тіліне деген сұраныс арта түсіп, әлемдегі стандарт бойынша үлкен маңызды рөл атқармақ. Мәселен әлемдегі 112 ел латын әліпбиін, 48 ел араб әрпін, тек 12 ел ғана кириллицаны қолданады екен. Бұл латын тілінің экономикалық тиімділігін анықтайды. Компьютердегі негізгі драйвер тілі латын тілі болып саналады. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тарихи мақаласында: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек... 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірінғай стандартты



нұсқасын қабылдау керек» деген нақты тапсырма бергені бәрімізге белгілі. Қазақ жазуы қоғам дамуының заманауи талаптарына сай болу үшін латын графикасына көшу елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды. Бұл – заман талабы. Бұл мәселеде ғалымдардың пікірлері мен көзқарастары әртүрлі. Философиядағы диалектикалық заңдылығын ескерсек, бұл қалыпты жайт. Себебі, қарама- қайшылықсыз даму мүмкін емес. Жалпы қазақ жазуын өзгертуде бірнеше пікірлер кездескен болатын. - көне руна жазуы бойынша қайта жазу (Орхон жазуы); - А.Байтұрсынов негізін салған төте жазу бойынша жазу; - алаш арыстары ұсынған латын графикасына көшу; - осы кириллицада қалу. 19- ғасырдың белгілі ғалымы, түркітанушы, академик В.В.Радлов қазақ тілі туралы: Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп тұрғанның өзінде сөйлеп тұрған сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласың, - деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Ертедегі Күлтегін, Тоныккөк жырлары сөйлеген тілді және оның графикасын тандау – қазақ жазу мәдениетінің тереңдігін, оның өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Әлемдік жазу мәдениетіндегі ұлттық нақыштағы құндылық іспеттес болады. Мәселен, Қытайдың иероглифтері сияқты. Дегенмен, бұл әзірге бос қиял болып көрінеді. Ал А. Байтұрсынов негізін салған араб графикасын жақтағандардың дәлелдері мынандай: -араб әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бере алады; -араб әліпбиі оқуға, жазуға, сауат ашуға қолайлы; -өнер құралдарына орнатуға қолайлы; -көзге көркем көрінеді; -араб әрпімен жазғанда қол сағат тілінің бағытымен бірдей оңнан солға қарай жүреді; - жазу машинасына, баспа машинасына орнатуға араб әліпбиінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық; -араб жазуы қасиетті құран тілі. Ал олардың қарсыластары «араб әрпі оқуға, жазуға, сауат ашуға қиын», себебі: -бір әріптің 4 түрі бар; -араб әрпінің көбі бір түсті; -жазу оңнан солға қарай, ал цифрлар солдан оңға қарай жазылады. Бұл жазуда да, баспа жұмысында да қиыншылық тудырады; - ғылыми кітаптарда (алгебра, геометрия, физика т.б) пән белгілері латын әрпімен жазылады, араб әрпі бұған жарамайды; - араб әрпі баспахана жұмысында көп қиыншылықтар туғызады: теру, басу жөнінде қымбатқа түседі. Ескере кететін бір жайт, А.Байтұрсынұлы араб жазуына негізделген әліпбиді ұсынғанда, фонетикалық ұстанымды мақұл көрді. Ол өзінің 24 әріптен тұратын әліпбиін осы ұстаным бойынша түзеген болатын.

Біздің халқымызға керегі жақсы әліпби. Жақсы әліпбидің қандай болатыны ұлттық жазуымыздың реформаторы Ахмет Байтұрсынұлы баяғыда- ақ айтып кетіпті: «Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе



арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым қолайлы болмақ». Бастысы ұлттық рухымызды сақтап қалсақ болғаны...

ӘОЖ 133.21

ДНИ ЖӘНЕ САЯСИ ЭКСТРЕМИЗМ: БІР БІРІМЕН БАЙЛАНЫСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

Аширмухамедов К., Иманбекова Г.М.

Лаңкестік әр қашан да геосаяси мүдделерді іске асырушы құрал болған. Солай, қырғи- қабақтық соғыс кезінде КСРО-ның құлауына дейін, геосаяси бақталас жағдайда, бүкіл әлемде, негізінен, идеялық, таптық күрес болып жатты. Ал, экстремистік ұйымдар, ішкі қақтығыстарды пайдалану арқылы геосаяси мүдделерді алға жылжыту құралы ретінде болды.

«Діни экстремизм, қазіргі кезеңде жалпы экстремизмнің кезекті эволюциясы болып табылады. Сонымен бірге ол ішкі қайшылықтарды да, исламның тарихи өнегелерін де қолданады. Ислам факторына назар аударып отырып, ислам басқа әлемдік діндер сияқты бейбітсүйгіш дін болып табылатындығын ұмытпауымыз қажет. Саяси экстремизм болса бұл жерде халықтың көзінше өкіметтің бұзатын немесе елемейтін діни құндылықтар мен нормаларға сүйенуі мүмкін. Бұл жағдайда, тұрақсыз күш ретінде дінді қолдану саяси экстремизмнің мүдделеріне сәйкес болады. Көп жағдайларда ислам діні белгілі бір саяси мақсаттарға жету әдісі ретінде қолданылады: жеке этникалық топтардың сепаратистік тенденцияларын қолданудан бастап антижүйелік бағыттарды тұтандыруға дейін, соңғы мақсат- жаңа саяси күштің билікке келуі.

Жоғарыда айтылғандай, жүйенің дағдарысы кезінде дәстүрлі әдістерге оралу тенденциясы болып жатады.

Қазіргі кезде жаһандану үрдісінің дамуы әлеуметтік қатынастар жүйесінің терең бұзылуына әкеледі.

Лаңкесті бұл жағдайда жаһандану үрдісінің негізгі бөлігі болды. Талдаудың көрсетуі бойынша, көптеген қақтығыстардың негізінде, ең алдымен, экономикалық алғы шарттар жатыр.

«Ислам факторына қатысты әлсіз топ болып исламдағы рухани және зайырлы бастаулардың байланысы болып табылады. Бұл тенденцияның маңызды сәттерінің бірі болып табылатын саяси үрдістердегі дін басшыларының ролі, яғни мемлекеттің саяси



құрылымындағы интеграциялануы немесе интеграцияланбауы, және де қандай да бір саяси- құқықтық мектептің басымдылығы.

Ислам дінінің көп жақтылығымен бірге, әсер етуші екі тенденция заңды болып қалады: ішкі және сыртқы, осы тенденциялар кезінде исламның радикализациясы басталады және бұл факторды саяси мақсаттарда ішкі және сыртқы күштер арқылы қолданылуы болады.

Дәл сондықтан ислам фундаментализмі көптеген деректерде осы феноменге арналған құбылыс заңсыз қылмыстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік- психологиялық «тиянақ» ретінде қарастырады.

Экстремизм тек қана қоғамдық-саяси өмірде ғана кездеспейді, бірақ осы феноменді өте жиі осы саламен байланысты тұрғысында, төтенше көзқарастармен іс-әрекеттерге бейімділік адамзаттың өмір сүруіндегі қандай да бір саласында көрініс табады, онда әлеуметтік мәселелерді шешуде әр түрлі көзқарастар және пікірлер түйісіп қалуы мүмкін.

Қарама-қайшы діни ағымдар мен қатынастар саласындағы экстремизм деп аталатын құбылыс туралы әңгімеленеді.

Әдетте саяси саладағы діни экстремизмдердің төтенше іс-қимылдары діни экстремизм деп айтылады.

Діни-экстремистік тенденциялар ислам шәкірттерінің арасында да байқалады. Оларға діншілдік пен ұлтшылдықтың айқасуы тән. Діни экстремизммен идеологияның және ұлтшылдық психологиясының араласуы кездейсоқ емес, олар себепті байланыста болуда бірақ бұл құбылыстар өздерінің мазмұны бойынша сәйкес келеді.

ӘОЖ 304:307

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ XXІ Ғ. ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ

Русланова А., Омирзакова Д.Д.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері он алты жылдың ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді



шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрестілген. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады:

1. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы;
2. Құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар;
3. Кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын күйттеуі;
4. Кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы;

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен



шығатынымыз сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың белгісімен іс қозғаудың бір негізі-азаматтардың арызы. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті, Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

ӘОЖ 377.307

САЯСИ ҚАҚТЫҒЫС БҮГІНГІ КҮННІҢ ЖАНАНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Нұрланұлы Д., Омирзакова Д.Д.

"Қақтығыс" ұғымы әлеуметтік-саяси күштердің, саяси қатынас субъектілерінің текетірестері өтетін ерекше саяси жағдайды білдіреді. Бұның өзі әрекеттің тікелей процесі, мұнда қарсы тұрушылықтың шынайы фактілері бар. "Дағдарыс" және "қақтығыс" ұғымдары қоғамдық өмірде әлеуметтік практиканың өзара байланысты кезеңдерін бейнелейді. Қақтығыстың негізі жағдайдың дағдарыстығы болып табылады. Дағдарыс саяси қатынас субъектілерін белсендіре түсіп, олардың текетірестеріне әкеліп соқтырып, қақтығысты тудырды. Сондықтан да қақтығыстың өткірлігі дағдарыстың дамуына, оның пісіп-жетілу дәрежесімен тікелей байланысты.

Дағдарыстар тәрізді қақтығыстарды да көріну сфералары бойынша жіктеуге болады: экономикалық, саяси, құқықтық, діни, этникааралық және т.б. Дегенмен осылардың барлығы әлеуметтік қақтығыстардың әркілі формалары болып табылады, өйткені қақтығыстарда әрекет етуші, қақтығысушы субъектілер өздерінің экономикалық, саяси, құқықтық, діни, этникалық және басқа да мүдделерін түсінетін және олардың үстемдігі мен жүзеге асуына ұмтылатын адамдар. Қақтығыстар саяси қатынастар субъектілерінің іс-әрекеттері нәтижесінде шешіледі.

Осы ретте қақтығысқа қатысушы күштердің іс-қызметтерінің шынайы түрткілерін айқындау аса маңызды саясаттанулық проблема. Өйткені шынайы түрткілерде қақтығыстың себептері, өзіндік "құпиясы" бар. Саясаттану ғылымы оны қақтығысушы субъектілердің мүдделерінің



иерархиялық принципінен шыға отырып анықтайды. Мүдделердің иерархиялық жүйесінде материалдық, экономикалық мүдделер негізгі мәнге ие. Алайда олар саяси қатынастарда таза күйінде көрінбейді, себебі олар қажетті идеологиялық тартымдыққа ие емес. Осы мүдделер қоғамдық өмірдің әрқилы сфераларында белгілі бір өзгерістерге ұшырайды және осының нәтижесінде саяси қызметтің мотивациясы жеткілікті тұрғыда күрделі мазмұнға ие болад.

Саяси салада жанжалдарды тудырмаудың, оны одан әрі өршітпедудің басты амалы-- халықтың әл ауқатын көтеру, елдің жоғары әлеуметтік-экономикалық дәрежеде дамуын қамтамасыз ету. Оған қоса қоғамның саяси мәдениеті биік болса, билік басындағыларға, заң органдарына деген сенім арта, беки түседі. Ал олар жеткіліксіз болса, саяси жанжалдар мен дағдарыстардың өрбуіне әкеледі.

Біраз жағдайда дау-жанжалдардың алдын алу үшін билік басындағылар әр түрлі әдіс-айлаларды пайдаланады. Мысалы, халық мүддесін қанағаттандыра алмаған жағдайда, сіздерді мынадай жарқын болашақ күтіп тұр деп үміттендіреді, жұбатады. Бір үміттен кейін келесі үміттің оты жануы мүмкін. Ол үміт шиеленісті әлсіретуге әкеледі.

Саяси жанжалдарды шешудің бірнеше түрі бар.

1. Дау -жанжалдарға бармау, одан қашқақтау әдісі. Мысалы, саяси қайраткер қарсы жақпен жанжалға түспей үшін саяси сахнадан кетеді немесе кейбіреулер бастығымен істесе алмаса, істі насырға шаптырмау үшін өз еркімен жұмыстан кетеді.
2. Кейінге қалдыру әдісі. Қарсыласпен ерегіске бармай, “ неістесен соны істе” деген сияқты, бәріне көніп жүре береді.
3. Саяси жанжалды мәмілеге келу арқылы бейбіт жолмен шешу. Мәміле деп дау-жанжалдарға қатысушы жақтардың өзара кешірімділік білдіріп, ымыраға келуін айтады. Онда екі жақ бірін-бірі ұғынысып, өзара кешірімділік жасап, ортақ келісімге келуге тырысады.
4. Зорлық негізінде бітістіру, келістіру. Мұндай жағдай бір жақтың күші айтарлықтай басым болғанда, екінші жақ жеңілгенде немесе оны толық жойып жібергенде туады.
5. Аралық сот немесе арбитраждық сараптау әдісі. Мұнда қарсы жақтар дау, талас тудырған мәселені тексеруге өз еркілерімен үшінші жаққа береді. Оның шығарған шешімін екі жақ та мойындайды. Мұндай жағдайда төрелік етуші қазы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей ережелерін, елдің конституциялық тәртібін және т.с.с. шарт талаптарын басшылыққа алады.



ӘОЖ 316.356 2 (075)

ҚАЗЫБЕК БИ ЖӘНЕ ҰЛТ РУАНИЯТЫ

Әбенев З., Еменова Г.Б.

Қаз дауысты Қазыбек би, Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының XVII – XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек – есімдері елге белгілі әділ билер болған.

Қаз дауысты Қазыбектің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би Әз Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған.

Бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: “Дат, тақсыр!” деп жұлқынып алға шығады да: “Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге – танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесен – шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы



келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесек – тұрысатын жеріңді айт!” – депті.

Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: “Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын”, – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан.

Тәуке хан үйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – “Жеті жарғыны” жасатып, Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатты. Сөйтіп, ұлы үш бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді.

Елбасы Н.Назарбаевтың бұл толғамы Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Әйтеке билер сияқты ұлы бабалар аманатын жүзеге асырып, бүгінде Қазақстанды әлемге танытқанын, ел бірлігі, ұлт тұтастығын жаңа заманда абыроймен сақтап келе жатқан ұлы істерінің жарқын көрінісі іспеттес.

ӘОЖ 130,2:62

ТЕХНИКА ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Мейрамбай Д., Туленова Г.Д.

Техникалық құралдар адамның табиғи мүшелерінің қызметін атқара алады. Мысалы, тігін станогы тігіншінің, авто және темір жол көлігі жүргізушінің функциясын орындайды. Техника туралы сөз еткенде толықтыру мәселесін де қарастыру қажет. Техника адамның кейбір қасиеттері мен мүмкіндіктерін толықтырып отырса, оның өзі де техникалық жүйенің маңызды бөлшегі болып табылады. Сонымен қатар, транспорт пен байланыс, ғылым мен оқытудың, соғыс, медицина, мәдениеттің, күнделікті өмір сүрудің техникалары бар. Техниканың тарихы – адамның еңбек ету функцияларының бірте-бірте техникалық құрылымдарға өту тарихы. Оның дамуында үш маңызды кезең бар: қол еңбегінің құралдары, машиналар, автоматтар. Техниканың өзі ғылымға жаңа талаптар қойып отырады. Қазіргі қоғамның даму деңгейін ғылым



мен техниканың дамуы анықтайды. Техника философиясы – бүгінгі әлемдегі техника феноменінің философиялық методологиялық және дүниетанымдық мәселелерін арнайы зерттейтін бағыт. Оның негізгі мақсаты – техниканы, оның дамуын біртұтас құбылыс ретінде қарастыра отырып, техникалық іс-әрекеттің мәнін ашу, техникалық мәдениетпен, саясатпен, адам іс-әрекетінің басқа да түрлерімен байланысын анықтау.

Философия тарихында адамзат өркениеттерін, тарихты зерттеуде, талдауда әр түрлі тәсілдер, принциптер, критерийлер қолданылады. Олардыңқатарынаэкономикалық, географиялық, биологиялық, діни, гуманистік детерминизмдерді жатқызуға болады. Олардың арасында қазіргі қоғам өміріндегі бүгінгі өзгерістерді неғұрлым толық бейнелейтіні технологиялық детерминизм болып табылады. Технологиялық детерминизм – бұл қоғамдық дамудағы техниканың анықтаушы рөлі туралы көзқарастардың, постулаттардың біріккен жиынтығы. Шындығында да, қазіргі өмірде техника мен технологияның маңызды рөлі орасан зор.

«Адаммен бетпе-бет келген бұл мәселенің маңыздылығы сонша, - деп жазады К.Ясперс, - қазіргі уақытта техника біздің ахуалымызды түсінудің басты мәселесіне айналды. Қазіргі техниканың барша өмір салаларына енгізілуін және оның өмір сүруіміздің барлық қырларына тигізген салдарын қайта бағалау мүмкін емес. Мұны түсінбей және ойлау барысында дәстүрлі тарихи қалыптарды қолдана отырып, қазіргі және өткен өміріміз арасында салыстыру жүргізу мүмкін емес. Өткен мен біздің заман арасында параллель жүргізу үшін міндетті түрде қазіргі техникамен байланысты орын алған радикалды өзгерістердіескеруқажет». Техника мен технология бүгінгі қоғам жедел дамуының маңызды факторына айналды және техника ықпалын тигізбеген адам өмірінің бірде - бір саласы қалмады.

Қазіргі коммуникация құралдары арқасында мемлекет еркінен шалғай аудандарға дейін қамтып, кез келген уақытта әр шаңырақтан өз күдіретін сездіре алады. Техника әсерімен терең үдерістер орын алады, еңбек өнімділігі қарқынмен өседі. Оның мазмұны өзгереді. Қоғамның әлеуметтік құрылымы өзгереді. Оның үстіне адам да өзгереді. Қазіргі техника тіпті адамның тылсымдық тұңғығына да ықпалын тигізеді. Егер ертеректе адам табиғатта да, әлеуметтік салада да өмір сүрудің өзгерген жағдайларына бейімделуі үшін жеткілікті дәрежеде уақыт тауып жатса, ал қазір табиғат пен қоғамдағы техника, технология ықпалымен өтетін өзгерістер жылдамдығы сонша, бүгінгі адам өмір сүрудің өзгерген жағдайларына бейімделіп те үлгере алмайды және қашан да таусылмайтын жаңа мәселелер толассыз туып жатады. Осыған байланысты қазіргі философияда адам мәселесін зерттеудің техника философиясы түріндегі жаңа қырын айқындау қажеттілігі туындайды.



Болашақта адамзат өркениетінің дамуы ғарыштық дәуір не компьютерлік немесе ақпараттық болсын, осының барлығы адамның игілігі үшін жасалып жатқандығын ескеруіміз керек. Бұл мағынада техника философиясы ең алдымен адам философиясы деген американ философы Х.Сколимовскидің пікірімен келісуге болады.

ӨОЖ 004Қ65

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қоңырова Д., Туленова Г.Д.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Ақпараттық қоғам - өндіріс пен ғылыми-техникалық және басқа ақпаратты қолдануды қоғам дамуының басты факторы ретінде қарастыратын әлеуметтік және футурологиялық тұжырымдама; өндірістің жоғары деңгейімен және ақпарат пен ақпараттық қызметтер мүддесімен сипатталатын қоғам.

Ақпараттық қоғам тұжырымдамасы З. Бжезинский, Д. Белл, А. Тоффлер негізін қалаған постиндустриалды қоғамның бір түрі болып табылады. «Ақпараттық қоғам» ұғымынан басқа әртүрлі авторлар әркелкі атаулар қолданады: «ағартылған қоғам» (К. Флекснер), «қатер қоғамы» (У. Бек), «посткапиталистік қоғам» (П. Друкер), «ашық қоғам» (Дж. Сорос).

Ақпараттық технологияларды тәжірибе жүзінде пайдалану жолында арнайы білім беру мақсатында жаңа пән – информатика сабағы соңғы 20 жыл көлемінде оқылып келеді. Оның орта білім жүйесіндегі алатын орны қазіргі ақпараттық қоғамдағы кәсіби қызметінің негізі болып табылатын әлемнің ақпараттық – жүйелік бейнесін жасау, ақпараттық орта мен



адамның тиімді қарым – қатынасын қалыптастыру сияқты мәселелермен анықталып келеді.

Ақпаратты қоғам тиімділігі

1. Қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
2. Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкінділігі;
3. Экономикалық тиімділігі (бару, келу, тұрмыс тауқыметі т.с.с. материалдық шығынды қажет етпеу);
4. Білім сапасына әсері зор. Әсіресе, тіл сабақтарын игеруге (ағылшын, орыс, қазақ т.с.с. тілдерді) айқын сезіледі;
5. Қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктер болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістері мен әртүрлі физикалық, химиялық, биологиялық тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
6. Адамның ой - өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де, ықпалызор (теледидардағы ғылыми – көпшілік, рухани, тарихи танымдық хабарлар мен компьютерлік жүйедегі шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ логикалық ойындар).

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу, интернет, электрондық почта, телеконференция, видеоконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда. Бірақ кез – келген жаңалықтың жақсылығымен қатар зияны да болатыны да белгілі. Мұндағы ең басты назар аударалық мәселе: олардың ара салмағы. Демек, кемшілігін түзеп, зиянын жойып, артықшылығын жетілдіре түсу қажет. Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде жаңа педагогикалық әдістерді қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін ақпараттандыруды зерттеу істері оқулықтар шығару мен қатарласа немесе оның алдында атқарылуы керек.

ӨОЖ 687.01.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ЖӘНЕ ТЕРМИН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тоқтыбаева Ж., Құламанова З.А.

Ұлт тірег іана тілінде екенін ескерсек, ана тілдің қадірі ішкі жүйеге де байланысты екені ойға оралады. Көне замандарда «тіл сындыру» алға қойылса, бүгінде «тіл шұбарлау» алға қойылмай-ақ жүзеге асыпжүргені анық. Десе де көп адамдардың пікірінде «тіл шұбарлаушы» факторларға терминді жатқызып жатқандарын көреміз.

Үнемі өзгерісте болатын тірі организм іспеттес тіліміздің қоғам үшін алатын орны айрықша. Тілдегі ауытқулар қоғам ауытқуына, қатерлер



қоғамдық індетке алып баратыны даусыз мәселе. «Өзге тілге құмарланып, өз тілінде шұбарлану» сәнге айналғанына көз салсам, қалың жұртшылықтың термин мен аударманы ауыстырып немесе шатастырып жататындығына анық дәлел аламын.

Аударма - калькалар арқылы жүзеге асып, бір тілден екінші бір тілге қызмет жасауы үшін қолданылса, термин – белгілі бір салада қолданылып, бір ғана мағына беретін, нақты дәлдікті талап ететін тіл білімінің өзекті саласы болып табылады.

Термин түзу кезінде терминге қатысты принциптерді назардан тыс қалдыруға болмайды. «Тілде болатын өзгеріс, өріс, әр түрлі құбылыстың бәрі тек ішкі заңдылыққа орай өрбуі тиіс» деп А.Байтұрсынов орынды айтқан. Күні кеше ғана «мороженое-балмұздақ» деген сияқты тілге жеңіл, қолдануға ыңғайлы балама тауып берген еді. Ал бүгін сол секілді «пианино-күйсандық» деп әдемілегенін көреміз. Бірақ бұл сәтсіз аударма, себебі пианино италиян тілінің «piano» сөзінен шыққан «жайлап ойнау немесе кішкене фортепиано» деген мағына беретін интерноционалды, өнер саласында қолданылатын термин сөз. Біздің домбырамызды басқа тілге осылай етіп аударатын болса, дұрыс емес екенін іштей болсын білеміз. Себеп біреу, домбыра өнер саласына, соның ішінде ән саласына арналған аспап, өзіндік дәлдігі бар, бір ғана мағынаға ие термин. Осы тұрғыда Елбасы сөзі: «Шетел терминдерін қазақтың тіліне енгізіп, тілді байытудың орнына біздің лингвистік комиссия неше түрліні ойлап тауып, аударарды. Марқұм Еркеғали Рақымғали өле-өлгенше "Мен өмір-бақи композитор едім, сазгер болдым енді. Менің пианином күйсандық болды" деп айтып кетіп еді. Пианино барлық елде осылай айтылады, неге осы сөзді тілімізге енгізіп, байытпасқа? Балконды қылтима дейді, процентті пайыз дедіндер, пайыз деген сөзді мен қолданбаймын. Барлық елде процент дейді.» жақсы мысал болады.

Күні кеше ғана орыстандыру саясаты кең өріс алған тұста латыннан кириллицаға бірден көштік. Сол кезде «artamabel-автомобиль» сияқты сөздер бірден орыс тілінің ығына көнді. Бүгінгі таңда қазақшаландырамыз деумен артық кетіп жататын тұстарымыз да баршылық. кітап баспаларына үңілсек, «қазақшаландырамыз» деген принципті ұстап, артық қыламыз деп тыртық қылып алатын жағдайлар етек алып жүр. Қарапайым мысалға мектеп оқулығын алдым. 8- сыныптың 2016 жылғы биология оқулығында 175- бет. Көмекей шодыры осы тұста сұрақ туындайды. «Шодыр деген не?» оқулықта анықтамасы жоқ. Бір ғана мәлімет бар ол бидайық деп тұр. Ал бидайық деген не? Ол өсімдік және құс. Қарапайым нәрселер қаншама қиындық тудырады. Ал 10 сыныпқа қатысты оқулықтың ішінде жасуның емес, енді жасуның деп берген және жақшаға «клетчатка» деп анықтама қалдырған. осы оқулықта «шарбы» деген сөз кездеседі, ал шарбы әдетте бұлтқа айтылады. Шарбы май деген мағынада жұмсалып тұр. Мүмкін оқыған адамдарға оны түсіну қиын болмайтын шығар, десе де жаңа



танысып жатқан оқушы үшін ауыр болады. Осылай қате көп болса, кітап оқудан жалығатын шығар деп қорқамын. Бір кішкентай баладан сұрадым. «Биология ұнайды ма?» бала мұрнын тыржитып, «түк түсінбеймін» дейді. «әпкейің ұнамайды ма?» деп сұрағанымда «ұнайды, бірақ сөзер ұнамайды. Ұмытып қала беремін!». Бұл менің жаныма батты. Тіл жанашыры сөз қадірін ойламағанда қайтсін? Жалпы мұндай мысалдар көптеп кездеседі. Бұл жаман қағида немесе аударма демеймін, тек тәуелсіздік алғалы бір ізділік орын ала алмай жатқаны жанға батады. Бұлтұрғыда калька ұғымы қолданылады.

ӨОЖ 821.512.122.09

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Сабырова Ж., Иматаева А.Ж.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында латынға көшу мәселесін жедел әрі түпкілікті қолға алу қажеттігі жазылды. Мақалада Елбасы қазақ тілін біртіндеп 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшіреміз деп мәлімдеді. Президент қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын айта келіп: «V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды...X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби - «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Осылайша қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы, негізінен, нақты саяси себептермен айқындалып келді», - деп, латын әліпбиіне көшу туралы 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында да айтылғанын мәлімдеп, бұл процестің мектеп қабырғасындағы балаларға ағылшын тілін оқып жатқаны үшін қиынға соқпайтынын, жас буын үшін ешқандай кедергі болмайтынын сөз етеді. Латын әліпбиіне көшу қажеттігін осы уақытқа дейін еліміз терең түсініп және Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалғанымызды баса айтты. Ендеше, біз де рухани жаңаратын,



ұлттық сананы оятып, жазба мәдениетімізді дамытатын уақыт жетті деп есептейміз.

Латын әліпбиіне көшу- заман талабы. Қазіргі таңда түркі елдерінде өткір қойылып отырған әдеби тілді толықтырып, жетілдіру жұмысы ортақ әліпбиге көшуден бастау алмақ. Ортақ жазу туысқан халықтардың одан әрі шашырап, ыдырап кетуіне жол бермей, оларды жақындастырып, мәдениетінің өркендеуіне зор ықпалын тигізбек. Академик Ә. Қайдаровтың айтып өткеніндей бөлек-бөлек емле мен әліпбиге жүгінсек- түркі тілдер орфографиясындағы үлкен сәтсіздік. Өйткені бұл туыс халықтар арасын ашып, бір-бірінен алшақтата түседі. «Жазу таңдауда оның ұлтаралық, халықаралық деңгейде екендігі, жалпы жер жүзіне таралуы да ескерілуге тиіс. Бұл тұрғысынан латын әліпбиінің болашағы зор». Ғалымның «Кемел елге кемел әліпби керек» деген мақаласындағы «Түркі дүниесінің басын қосып, тұтастығын қалпына келтірудің үлкен бір шарасы- латын әліпбиіне негізделген ортақ түркі жазуын қалыптастыру. Бүкіл түркі елдері латын әліпбиіне көшіп, олардан бөлектеніп, бұрынғы жазумен қалып қоюға болмайды. Терезесі тең тәуелсіз мемлекеттер қатарында қоғамдағы прорессивті үрдісті, замана талабын ескере отырып, әлем халқының басым көпшілігіне ортақ латын әліпбиін қазақ мемлекеттік ұлттық жазуына негіз етіп алған жөн» деген сөзі жұртшылық тарапынан қолдау табуда. Ана тіліміздің тағдырын айқындайтын латын әліпбиі негізінде іске асуы тиіс жаңа жазу реформасы толғауы тоқсан қызыл тілдің толғақты мәселесін, оның қағамдық әлеуметтік қызметін назардан тыс қалдырмау тұрғысынан қолға алынғанын қалар едік. Атап айтқанда, түркі тілдеріне ортақ латын жазуына көшкенде бейқамдыққа салынбай, тіліміздің ғасыр бойы қалыптасқан нормасын бұзбай, сөзді дұрыс сауатты жазуға нұқсан келтірмей, емледегі қайшылыққа жол бермей, тыңғылықты даярлықпен көшуді мақсат тұтқанымыз жөн.

Қорыта айтқанда латын әліпбиіне көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманға технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты себептермен байланысты.

Сол себептерге байланысты, қазақ тілін жалпы халықтық талқыға салынып отырғанының да үлкен саяси мәні бар. Елбасының жалпы тіл мәселесіне қатысты саяси идеясы да осы бағытта орын тапты. Мемлекеттің басты құндылықтарының бірі – тіл. Сондықтан, тіл мәртебесі неғұрлым жоғары болса, еліміздің де басқа мемлекеттер қатырында терезесі тең болады.



УДК 811.111

СОКРАЩЕНИЯ В СОВРЕМЕННОМ АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Октябрева Б., Нуралиева А., Новожилова М.В.

Английский язык имеет сильную тенденцию к различного рода сокращениям слов. В английском словарном составе большое место занимают короткие, односложные и двусложные слова, а более длинные воспринимаются как нечто инородное.

Весьма важно то обстоятельство, что многочисленные сокращения не остаются на периферии словарного состава, а становятся достоянием всего языкового коллектива, отражают важные социальные понятия, употребляются для обозначения предметов реальной действительности в повседневной жизни, политике, науке, экономике и т. д.

Под общим названием «сокращения» кроются многочисленные, и весьма различные процессы и результаты, общим для которых является то, что слово так или иначе сокращается, становится короче по сравнению со своим прототипом.

Для более глубокого понимания проблемы развития сокращений необходимо обратить внимание на некоторые специфические особенности речи. Прежде всего следует иметь в виду линейность речевого потока (и, соответственно, письма). Под линейностью подразумевается, что в речевом потоке все элементы (за исключением некоторых, так называемых просодических элементов, например, интонации) следуют друг за другом в строго определенной последовательности. Линейность языка ограничивает его коммуникативные возможности хотя бы в силу существования «технических» (физиологических) пределов скорости движения речевых органов или пропускной способности зрительных каналов восприятия.

В литературе, посвященной проблемам аббревиации, вопросу о происхождении сокращений уделяется значительное внимание. Однако в подавляющем большинстве работ рассмотрение этого вопроса сводится к рассмотрению причин возникновения сокращений. Вторая же сторона вопроса – как (по каким законам) происходит образование сокращенных лексических единиц, – как правило, остается вне поля зрения исследователей. Однако именно эта вторая сторона вопроса представляет особый интерес с лингвистической точки зрения.

Дубенец Э.М. выделяет два главных типа сокращений: **графические сокращения** и **лексические**.

Графические сокращения - результат сокращения слов и словосочетаний только в письменной речи, в то время как в устной речи



используются соответствующие полные формы. Они используются для экономии места и усиления в письменной форме.

Классификации лексических сокращений в английском языке многочисленны:

1) **синтаксические:**

а) семантико-синтаксические (public – public house, Liberals -Liberal party);

б) морфолого-синтаксические (sitters – baby-sitter, char - char woman);

2) **фономорфологические**(doc - doctor, mike - microphone, pub – public house,);

3) **фонографические** (Dr - doctor, Sgt – sergeant, sec – second);

4) **смешанные** (a-bomb – atom-bomb, scific – scientific fiction,).

Проблематика, связанная с сокращениями, широка и многопланова. Сложность изучения сокращений усугубляется тем, что сокращенные лексические единицы носят чрезвычайно разнообразный характер, а также тем, что некоторые сокращения тесно смыкаются с символами, условными обозначениями, стенографической записью, мнемограммами и т. п.

Таким образом, сокращение не является случайным явлением, не является некоей «порчей языка», а представляет собой объективный и закономерный процесс, обусловленный изменениями в потребностях общения в связи с развитием общества и внутренними закономерностями развития языка. Возникновение и становление сокращений- как словообразовательного способа – это лишь один из элементов той системной совокупности преобразований, которые претерпевает английский язык на современной стадии своего развития.

УДК 82-155: 821.111

ЭПИСТОЛЯРНЫЙ РОМАН В АНГЛИЙСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Тимербулатова С., Ечина Е.Г.

Эпистолярный жанр представляет собой форму дневниковой записи, бортового журнала, открытки, письма любого формата, посылаемые адресату для сообщения определенных сведений, мыслей, чувств. Начало эпистолярному жанру было положено еще в античные времена, когда он представлял собой нравоучительную литературу, лишь позднее став полноценным литературным жанром с характерными особенностями и чертами: предельной искренностью повествования, откровенностью высказываний, являя собой текст, не предназначенный для публикации.



В литературе эпистолярный жанр получил название «эпистолярный роман» или «роман в письмах», что означает разновидность романа, представляющую собой цикл писем одного или нескольких героев этого романа. В письмах выражаются душевные переживания героев, отражена их внутренняя эволюция. Эпистолярная литература в Англии представлена письмами Дж. Свифта, А. Поупа, Дж. Аддисона, Л. Стерна, В. Скотта, Ш. Бронте, отличающихся простотой, ясностью, индивидуализацией характеристики.

Жанр стал особенно популярным в творчестве писателей сентименталистов и получил высокую оценку широкого круга читателей, так как именно писемаслужили источником передачи повседневной информации в Эпоху Просвещения и на протяжении нескольких столетий вплоть до наших дней. Популярности жанра способствовал также успех романов Сэмюэла Ричардсона, родоначальника «чувствительной» литературы XVIII - начала XIX века: «Памела, или Вознагражденная добродетель» (1740), «Кларисса или История молодой леди» (1748), «История сэра Чарльза Грандисона» (1753). Характерным для них является наличие растянутой фабулы, условно идеальных героев и героинь, ходячей добродетели, драматизма положений, выпуклости характеров.

Благодаря современному развитию интернета появились романы, основанные на электронной переписке. В отличие от традиционного эпистолярного романа, использование электронной почты в романе делает повествование более динамичным, поскольку интернет позволяет доставлять сообщения в любую точку планеты за секунды. Динамичное развитие сюжета привлекает к данному жанру повышенное внимание современных кинематографистов и способствует популяризации таких произведений в молодежной среде.

В ходе работы был проведен анализ произведения Джоан Харрис «Голубоглазый мальчик» и цикла романов Хелен Филдинг о Бриджит Джонс. В результате исследования были выделены приемы, использование которых является характерным для эпистолярного жанра:

- а) графические приемы (использование междометий и клише, сокращенных форм слов),
- б) парцелляция (автор намеренно разделяет определенные смысловые отрезки в предложении),
- в) аллюзии (ссылки на социальные сети, сайты знакомств, мультфильмы, журналы, магазины), графическая имитация речи. Разговорный стиль повествования в романе осуществляет функцию имитации реального общения с дневником, как с человеком.

Исследование жанрово-стилистических особенностей современного эпистолярного романа позволяет сделать следующие выводы:



- а) Формы эпистолярного жанра включают в себя дневниковые и бортовые записи, а также письма, сообщения, открытки и телеграммы, адресованные широкому кругу читателей.
- б) Структура эпистолярного романа концентрирует внимание на функционировании писем и дневников как речевого жанра и переписки как диалогической структуры в составе романного целого.
- в) Исследованные романы написаны в жанре традиционного романа в дневниках, имея признаки периодичности ведения и датированности.

УДК 81'1

АББРЕВИАТУРА КАК ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ОСОБЕННОСТЬ ON-LINE ОБЩЕНИЯ

Абдуллаева Н., Оспанова П.А.

Активные исследования виртуальной коммуникации ведутся сравнительно недавно - с начала 90-х годов, вместе с тем, с каждым годом эти исследования становятся все интенсивнее. Современные телекоммуникационные технологии и, в первую очередь, - глобальная компьютерная сеть Интернет, являются одним из наиболее важных факторов в развитии мирового сообщества, оказывающих решающее воздействие на общественную, политическую, экономическую и социокультурную сферы жизни. На сегодняшний день техническая сторона виртуального общения является хорошо изученной. Тем не менее, как феномен лингвистический этот вид коммуникации исследован недостаточно.

В данной работе нами были исследованы наиболее популярные социальные сети на английском языке. На основе этих исследований можно утверждать, что все сокращения, используемые в процессе виртуальной коммуникации можно разделить на несколько основных групп.

Во-первых, лексическому сокращению подвергаются выражения, выступающие в речи в роли вводных слов со значением отражения порядка мыслей и их связи; замечания о способах оформления мыслей; источника сообщения; целевой направленности сообщения; и сочетания слов в роли вводных предложений: "BOT" (back on topic); "BTW" (by the way);



Во-вторых, аббревиации подвергаются словосочетания с главным словом - глаголом в форме повелительного наклонения: "RBTL" (read between the lines); "RML" (read my lips);

К третьей группе относятся устойчивые словосочетания: "CUL8R" (see you later); "TIE" (take it easy); "I'll B L8" (I shall be late)

В следующую группу могут быть включены различные знаменательные слова, сочетания слов и предложения с высокой частотой употребления: "ASAP" (as soon as possible); "HTH" (Hope this help) "ISP" (Internet service provider); "L8R" (later); "B4" (before);

И, наконец, в пятую группу входят эксплетивы, то есть сочетания слов, выражающие отношение говорящего к предмету говорения, но не влияющие на содержание высказывания: "SH" (shit happens); "ONNA" (Oh no, not again);

Кроме перечисленных акронимов и полусокращения в речи участников чата встречается и третий тип лексических сокращений - усечения: "tlph" (telephone);

Кроме приведенных примеров усечений, в языке виртуальной коммуникации практически всегда сокращаются предлоги, вводные слова и общеупотребительные выражения: "bcs" (because) "bf" (before);

К графическим сокращениям, употребляемым в процессе виртуальной коммуникации, относятся следующие группы:

- а) Общепринятые графические сокращения, такие, как "etc. ", "т.д. ", "max", "min";
- б) Буквенно-числовые сокращения: "L8", "4U", "B4"
- в) Использование символов вместо слов, идиоматическое письмо: "some \$", "100%".

Таким образом, все сокращения, используемые в виртуальной коммуникации, могут быть разделены на две общие группы: лексические и графические. В группе лексических сокращений выделяются пять подгрупп в соответствии с семантическим значением аббревиаций. В группе графических сокращений мы выделили две подгруппы: первая представляет собой традиционные сокращения, используемые в письменной речи; вторая - буквенно-числовые сокращения; к третьей подгруппе относится идиоматическое письмо.

При анализе употребления аббревиатур в социальных сетях мы пришли к выводу, что при образовании сокращений пользователи Интернета проявляют удивительную изобретательность и фантазию.

Нами проводилось анкетирование и было выявлено, что 80% учащихся встречались с сокращениями английских слов, но лишь 46% имеют представление как расшифровываются данные сокращения. Также 30% пользуется аббревиатурами при общении в Интернете. 20% хотело бы получить дополнительную информацию по данному вопросу.



ӘОЖ 004:316

ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ДАМУЫ ЖӘНЕ АДАМИ КАПИТАЛ

Иманалиева А., Нұрманбетов Қ.Е.

2013 жылы бекітілген «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы елдің экономикасын цифрлық түрлендіру үшін іргетас болды және мына факторлардың дамуына: ақпараттық қоғамға көшу, мемлекеттік басқаруды жетілдіру, «ашық және мобильді үкіметтің» институттарын құру, корпоративтік құрылымдар ғана емес, сонымен бірге елдің азаматтары үшін де ақпараттық инфрақұрылымдарға қолжетімділіктің өсуіне мүмкіндік туғызды. «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы 83 нысаналы көрсеткіш пен 257 іс-шарадан тұрады. «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасын үш жыл бойында іске асыру нәтижесі бойынша ол 40%-ға орындалды. Алайда ғаламдық деңгейдегі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы өз ережелерін және біздің үкіметтің тарапынан дұрыс және уақтылы әрекет етуді талап етеді. Сондықтан мынадай қадамдар жасау қажет – ұлттық экономиканың, білімнің, денсаулық сақтаудың негізгі салаларын, сондай-ақ мемлекеттің қоғам және бизнеспен өзара іс-қимыл жасау саласын түрлендіру процесіне дер кезінде бастамашылық жасау.

Жетекші әлемдік сарапшылардың болжамдары бойынша 2020 жылға қарай әлемдік экономиканың 25%-ы цифрлық болады және мемлекетке, бизнес пен қоғамға тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін экономиканы цифрландыру технологиясын енгізу барған сайын ауқымды және серпінді процеске айналуға. «Бостон консалтингтік тобы» компаниясының (BCG) зерттеу нәтижелері бойынша «Қазақстан цифрлық экономикаға өту жолында» мақаласында экономиканы цифрландыру деңгейі бойынша Қазақстан 85 мемлекеттің ішінде рейтингте 50-ші орынды алады және туындап келе жатқан цифрлық экономикасы бар топтың қатарында. Бағдарламаны 2017 – 2020 жылдары іске асыруға жұмсалатын жалпы шығыс 384 220 402,23 мың теңгені құрайды.

Бағдарлама негізгі 4 бағыттан тұрады: 1) Цифрлық Жібек жолы; 2) Креативті қоғам; 3) Экономика салаларындағы цифрлық қайта құру; 4) Белсенді мемлекет.

Қазақстан бүгінде дәстүрлі телекоммуникациялық өткізу қабілетін ұлғайту бағытында тұрақты ілгерілеуге жетті. Еуропа мен Азия арасындағы ақпараттық ағындар үшін қысқа бағдарды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан халықаралық трафик транзиті нарығында өзінің



бәсекелестік артықшылығын нығайтады. Қазақстан Республикасының жиілік-аумақтық жоспарына сәйкес 2019 жылға қарай цифрлық жерүсті теледидар хабарларын таратумен Қазақстан Республикасының халқының 95%-ын қамтуды қамтамасыз ететін 827 РТС құрылысы мен қайта құруды аяқтау жоспарланып отыр.

Бағдарлама кәсіби өмірде цифрлық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланатын цифрлық және креативті қоғамды құру үшін бағдар болып табылады. Цифрлық технологияларды денсаулық сақтау саласында қолданудың маңызы зор. Мониторинг жасау арқылы бар жүйені құру және болашақта ұлттың денсаулығын жақсарту, жалпы медициналық қызметтерді көрсетудің сапалы деңгейі және ем қолдану кезінде туындайтын қателерді төмендетуге ықпалын тигізеді. Өркениетті және дамушы елдердің тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық білім беру технологияларын енгізу Қазақстан Республикасындағы білім берудің ақпараттық инфрақұрылымының әлемдік білім беру ортасына интеграциялануына ықпал етеді.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде азаматтық қоғам үшін заманауи инфокоммуникациялық инфрақұрылымға қолжетімділік пайда болады, ол мемлекеттік қызметтерді сапалы және шексіз алуға; ашық деректерді қолдануға; елдің өміріне белсенді қатысуға; электронды сауда мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қызметтер мен тауарларды ғаламтор арқылы тапсырыс беруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Бағдарлама халықтың цифрлық технология арқылы білім мен денсаулық сақтауға кең және кедергісіз қолжетімділік беру арқылы өмір сүру сапасын жақсарту мүмкіндігін береді, мамандарды даярлауға және қайта даярлауға, сондай-ақ еңбек нарығында жаңа жұмыс орындары мен жұмыспен қамту түрлерінің пайда болуына жағдай тудырады. Жалпы, мұның бәрі халықтың бақуатты өмір сүруі үшін жасалып жатқан шаралар екенін түсінуіміз қажет.

UDC 314.74

PROBLEMS OF INTERNATIONAL LEGAL REGULATION OF INTERNATIONAL MIGRATION OF THE POPULATION

Kemelbekova N., Ermekova G.S.

Migration and society are two interrelated, organically interrelated phenomena. As a result of socio-economic, military-political, environmental and other factors, population migration, in turn, actively influences the economic, political, demographic situation in a particular country. At the same time, like any other social phenomenon, migration processes are quite



complex and ambiguous. On the one hand, it is possible to recognize the necessity and usefulness of population migration, and on the other hand, it is considered one of the most acute and intractable problems of our time.

According to a new study by the Department of Economic and Social Affairs of the United Nations (DESA), the number of international migrants in the world since 2000 has grown by 49% and is now 258 million people. About 3.4% of those living on Earth are migrants, that is, they do not live in the countries where they were born. In 2000, their share was 2.8%. In the number of international migrants, researchers also included 26 million refugees. The report notes that 22 million of them (84%) moved to countries with a low and medium standard of living.

Based on the results of the study, I highlighted some of the causes of the migration crisis. Firstly, it is a civil war in Syria, where at least a lot of people have already died, and the conflict is not expected to end in the near future. Secondly, these are conflicts that have affected such countries as Afghanistan, Libya, Iraq, Eritrea, and others. Third, the route to Europe has become more accessible. According to the refugees themselves, it's cheaper to get to EU countries, if earlier 5000 \$ - 6000 \$ was required for this, now this amount has decreased to 2000 \$ - 3000 \$. Fourthly, the fact that such countries as Germany, in the person of Angela Merkel, declared their readiness to receive all refugees became an impetus to the search for asylum in European countries.

In drafting the relevant international agreements, States need to be guided, above all, by the basic norms and principles of international law. First of all, they are obliged to respect human rights for freedom of movement and choice of residence, as well as the right to asylum. As you know, these rights have been consolidated in such basic international legal instruments as the Universal Declaration of Human Rights of December 10 1948 International Covenant on Civil and Political Rights of December 16, 1966, International Convention on the Elimination of All Forms of Racial Discrimination of December 21, 1965, at the same time, the negative consequences of external migration very often force states to resort to restrictive migration policies, which is reflected in international legal agreements concluded, as a rule, on a multilateral or bilateral basis. As an example, the Treaty of Rome on the establishment of the European Economic Community of March 25, 1957, which provides liberal norms for the movement of population and labor in the countries of the European Union and restrictive measures in relation to other countries, can be cited.

The problem of legal regulation of international migration of the population is a global crisis of this time. General International migration and development Report of the Secretary-General of UNSMA Implement migration into action: an eight-point action program. Now, in response to this



problem, the UN member states intend to establish standards for safe and orderly migration. The only state that did not want to participate in the consultations was the United States.

All UN member states, except for the United States, have begun consultations on the development of a comprehensive pact on migration and refugees. In this document, it is intended to prescribe "safe, orderly and rule-based" migration standards. Negotiations are planned to be completed before the end of 2018. The US refused to participate in the negotiations. They announced in January that the UN plans are incompatible with their own migration policy. Hungary also considered the possibility of refusing to participate in consultations, but, in the end, changed her mind.

ӨОЖ 332:94:62

СУРРОГАТ АНАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұрсынбаев Н., Сарымбетов Е.А.

Қазіргі ақпараттық қоғамда небір қолдан келер кәсіптердің жарияланып тұратыны белгілі. Ғаламтордағы сайттардан «Балаңызды бағып беремін» деген жарнаманы күнде көріп жүрсек, бірақ «Балаңызды туып беремін» дегенді оқып таңғалыстық. Әлбетте, әңгіме ауаны қоғамда жиі айтылып жүрген қолдан ұрықтандыру тәсілі, яғни суррогат ана турасында болып отырғанын ішіңіз сезген болар. Иә, бұрындары «естімеген елде көп» дейтін едік. Енді естігенімізден көргеніміз көп болып отыр. Суррогат ана, яғни құрсақ ана, ғылымда соңғы он бес жылда қарқынды дамыған медициналық құбылыс болып есептеледі. Шарананы тоғыз ай көтеруге келісім берген ананың құрсағына сәбидің биологиялық ата-анасының гаметалары енгізіледі. Осылайша әйел нәрестені тоғыз ай көтеріп, ата-анасына аман-есен табыс етуі тиіс. Әлемде бұл әдіспен қанша сәби дүниеге келгені туралы ресми мәлімет жоқ, алайда бейресми сараптамаларға сенсек, дүниежүзінде суррогат ананың көмегімен 220 мыңдай сәби туылыпты.

Суррогаттық Германия, Франция, Испания, Польша, Португалия, Турция, Япония Қытай және АҚШ-тық кейбір штаттарында үзілді-кесілді тыйым салынған. Ал суррогаттық бар көп елдерде бұл тек бала зәру отбасына перзент сыйлағысы келгендердің қайырымдылық әрекеті ретінде ғана қолданылады, яғни мұндайды альтруизм деп атайды. Атап айтсақ, Дания, Бельгия, Нидерланды, Ұлыбритания және Венгрия



елдерінің тәжірибесінде бұрыннан бар. Ал ақша табу үшін бала туып беруге тыйым салынған. Ал енді қараңыздар, «жатырды жалға» беру мен алудың бизнесі дамып келе жатқан елдер мыналар: АҚШ-тың Калифорния, Арканзас штаттары, Ресей, Украина, Белорусь, Оңтүстік Африка, Грузия. Бұл тізімде Қазақстанда да бар.

Біздің елде бұл бизнес жылдан жылға жанданып келеді. Әйелдер қызметін тіпті ашық ұсынады қазір. Деректерге жүгінсек, бір жылда шамамен 200-дей отбасы суррогат ананың көмегі арқылы сәби сүйген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына келіп түскен көптеген сұрақтар мен өтініштерге байланысты Ғұламалар Кеңесі құрсақ ана болудың шариғи үкімін берді.

Кеңестің XV мәжілісінде қабылданған пәтуа мәтіні мынадай:

«Құрсақ ана (суррогат ана) қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл әдіс бойынша ерлі-зайыптылардан алынған аталық ұрық пен аналық клетканы арнайы түтікшелерде сырттай ұрықтандырып, құрсақ ана (суррогат) қызметін ақылы немесе ақысыз түрде атқаруға ризашылығын білдірген бөтен әйелдің жатырына салады. Мұндай жолмен бала табуға шариғатта рұқсат жоқ. Себебі:

1. Ер кісі мен құрсақ ананың арасында неке жоқ.
2. Әйел жатыры сауда-саттыққа, алыс-беріске жарамды мұбах заттардың санатына жатпайды.

Шариғатта кейбір заттар, мәселен, тағам түрлері, сусындар, киім, көлік, баспана, кітап, бау-бақшалар, т.б. сауда-саттыққа, алыс-беріске жарамды саналады. Осы заттарды сатуға, жалға беруге, садака етуге, сыйға тартуға болады. Ал кейбір дүниелер сауда-саттыққа, алыс-беріске рұқсат етілмейді. Күйеуі өзіне жүктелген істерді өзге ер кісіге беруіне болмайды. Сол секілді, әйел де күйеуінен өзге ер кісіге осы істерді (яғни күйеуіне ғана шектелген істерді) садака етуіне, жалға беруіне, сатуына ақысы жоқ. Әйелдің бүкіл тәні, жатыры күйеуінен басқа ер кісіге харам болғандықтан жатырын жалға беруге, сатуға рұқсат етілмейді.

Негізінен алғанда, 1998 жылы 17 желтоқсанда қабылданған «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының заңы бойынша суррогат ана дегеніміз – суррогат ана мен ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша бойға бала бітіру, оны көтеру және туу.

Қорыта келе, суррогат ана болуға үзілді-кесілді қарсы болуға болмайды, бұндай әдіс бала сүйе алмай жүрген отбасыларға дұрыс деп ойлаймын. Ал елімізде суррогат ана қызметіне қай бағытта жүгініп жатқанымызды саралау жағына келсек, екіұдай пікірде қалады екенсің. Біреу тойып секіріп жүр, біреу тоңып секіріп жүргеннің кебі, әйтеуір.



ӨОЖ 343.2

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ РЕТТЕЙТІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢ НОРМАЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Кенжеғали Ә., Ернішев Қ.А.

Қылмыстылықтың санын азайтуда мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан кең көлемдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік шаралардың маңызы зор. Экономикалық реформаны дұрыс жүргізу, нарықтық экономикаға кең жол ашылу, өндірістің құлдырауын тоқтатып, еңбекті дұрыс ұйымдастыру, оның өнімділігін арттыру, жұмыссыздықты жою, қоғам мүшелерінің өмір сүру қажеттілігін тиісті деңгейге көтеру, құқықтық реформаны заман талабына сай іске асыру мемлекеттің алға қойған осы саладағы міндеттерін жүзеге асыруына кепілдік берді.

Қылмыстық заңның басты міндеттерінің бірі – қылмыстан сақтандыру болып табылады. Қылмыстық құқық жалпы және арнаулы сақтандыру функцияларын жүзеге асырады. Жалпы сақтандыру қылмыстық заң арқылы кез келген қылмысты істеуге тыйым салу, нақты қылмысты істеген адамдарға әділ жаза тағайындауды белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Арнаулы сақтандыру қылмыстық заң тыйым салған әрекет немесе әрекетсіздіктерді істеген адамға қылмыстық - құқықтық нормалар арқылы белгіленген тиісті ықпал ету шараларын қолдану ретімен іске асырылады.

Қылмыстық құқыққа, сондай-ақ тәрбиелік функция да тән. Қажетті Қылмыстық заңдардың болуы, оның іс жүзінде әділ қолданылуы, азаматтардың, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, қылмыстық құқық бұзушылық істеген адамның лайықты қылмыстық жауаптылыққа тартылуы азаматтарды заңды құрметтеуге тәрбиелейді және олардың заңға деген сенімділігін арттырады. Қылмыстық құқыққа тән тағы бір функция бар.

Ол-көтермелеу функциясы. Мұндай функция азаматтардың қылмысқа қарсы күрес саласындағы белсенділігін арттырады. Қылмыстық заңдарда мемлекеттің, қоғамның мүддесін, өзінің немесе басқаның мүддесін қорғауға, мысалы, қажетті қорғану, мәжбүрлі қорғану, сондай-ақ пара берген адамның осы жайында шын жүректен ерікті түрде мәлімдемесі болса, олар қылмыстық жауапқа тартылмайды деген нормалар бар.

Бұл нормалар көтермелеу функциясының нақты қолданылатындығын көрсетеді. Қылмыстық заң, сондай-ақ, қылмыстық саясатты жүзеге асырудың да құралы болып табылады.



Қылмыстық саясат әлеуметтік саясаттың бір бөлігі оның негізгі мазмұны - Қылмыстық заңдарды қолданудың, міндеттерін, қылмыстан сақтандырудың тиімді жолдарын табу, қылмыспен күресуде заңдылық принциптерін қатаң сақтау. Ауыр қылмыс істегендерге қолданылуға жататын Қылмыстық құқықтық шараларды жетілдіру, ал керісінше қоғамға онша қауіпті емес қылмыстарды істегендерге қоғамнан оқшауламай-ақ қолдануға жататын шараларды белгілеу болып табылады.

Қазіргі заманда қылмыстық құқық ғылымының негізгі міндеттері болып, қолданылып жүрген заңдарға жүйелі талдау жасап, оның пәрменділігін, тиімділігін жетілдіру, қылмыстық заңдарды, оның институттарын, жекелеген қылмыстық құқықтық нормаларын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды жасау, қылмыс қатарына жататын немесе қылмыс қатарынан алынып тасталатын әлеуметтік құбылыстарды дер кезінде анықтап отыру; қылмыстық заңдарды әзірлейтін мемлекеттік органдардың қызметіне кеңінен араласып, олардың заңды қолдану, қылмысты саралау жөніндегі тиісті тұжырымдарды жасауына белсенді қатысу; шет мемлекеттердің қылмыстық заңдарының және олардың іс жүзінде қолданылу әдістерін, әсіресе жеке адамды, нарықтық экономиканы, тұтынушыларды қылмыстық құқықтық қол сұғушылықтан қорғау саласындағы үздік тәжірибелерін зерттеу арқылы, оның пайдалы жақтарын Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарын дайындағанда еске алу, құқықтық мемлекет құрудың мақсатына сәйкес келетін тиісті қылмыстық заңдарды әзірлеудің, қылмыстық құқықты дамытудың жолдарын айқындайтын ғылыми болжамдар жасау болып табылады.

ӨОЖ 343.915

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ЖАСАЙТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ТЕТІКТЕРІ

Әбіш М., Жумагулова Б.П.

Еліміз Қазақстан Республикасының- Тәуелсіздікке қол жеткізген сәтінен бастап өз елін жарқын болашаққа бастап келе жатыр. Сол қадамдардың ішінде маңыздысы жастар. Соның ішінде, кәмелетке толмағандар арасында кездесетін қылмыс секілді теріс құбылыстарға қарсы күрестің маңызы зор. Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстар қатары қазіргі таңда өкінішке орай артып отыр. Бұл мәселе



қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жеткіншектердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе

- отбасылық жағдайы нашар,
 - демалыс мезгілі ойластырылмаған,
 - өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.
- Кәмелетке толмаған қылмыскердің бірқатар ерекшеліктері бар, атап айтқанда,
- олардың психологиясына тән ашушандық,
 - ересектерге еліктегіштігі, қақтығыс жағдайларға бейімділігі.
 - Сондай-ақ, жұмыс істемейтін, оқудан тыс қалған, бос уақыты мол кәмелетке толмағандардың көпшілігі қылмыс әлеміне жақын тұратынын атап айту қажет.

Бүгінгі таңда Тараз қалалық ішкі істер органында барлығы 753 кәмелетке толмағандар тіркеуде тұрса, оның 383-і жайсыз отбасының балалары екен. Ата-ананың міндеті баланы дүниеге әкеліп қана қоймай, оларға тәлімді тәрбие беріп, өздері үлгі болуы шарт. Өкінішке орай мұны көптеген ата-ана ұмыт қалдырғандай. Соның нәтижесінде жастайынан түрлі қылмысқа барған 240 бала бүгінде қамауда отыр. Олардың 160 –ы мектеп оқушылары. Тек Тараз қаласы аумағында жасалған 108 қылмысқа 180 жасөспірім қатысқан. Осы 180 жасөспірімнің 80-і орта мектеп оқушылары, 70 бала еш жерде жұмыс жасамайды.

Жасы кәмелетке толмай қылмыс жасағандардың 90-95%-ы – ер балалар. Бұлардың қылмыс жасауына не себеп дегенге келсек, бұлардың көпшілігі оқуға, адал еңбекке ынта қоймайды, бос уақыттарын көбінесе қаңғыбастықпен, құмар ойындарға, ішімдікке, нашақорлық және басқа да есеңгіртетін заттарды пайдалануға және де нәпсіқұмарлық іс-әрекеттермен айналасуға арнайды. Социологиялық зерттеудің бір қыры – «Жасөспірімдердің теріс жолына не ықпал етеді?» деген сауалға төмендегідей жауаптар алынған: Олардың 7,5%-ы теріс жолға түсуіне туыстарының жасаған қылмысы әсер еткенін айтса, ал 14,1%-ы отбасы мүшелерінің ішімдікке салынуын тілге тиек етеді. Үйдегі жанжал, көзге шөп салуға байланысты бұзылдым деушілердің көрсеткіші – 2,3%; көшенің ықпалы тиді деушілердің саны саны – 73,6% болып отыр. Отбасындағы қолайсыз жағдай үшін республикада жыл сайын 25 мың бала үйінен кетіп қалады, 10 мың бала мектеп-интернаттарын тастап кетеді.

Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін дамытудың өзектілігі жоғары. Осы ювеналды әділет жүйесі қылмыстық құқық



жүйесінде кәмелетке толмағандарға қатысты жұмыстың әдістерін өзгертуін қажет деп есептеймін. Алдын алуға келетін болсақ, Қазіргі таңда, кәмелетке толмағандарды тәртіпке шақыратын облыстағы ювеналды полицияның инспекторлары жеткіліксіз, жалпы, Облыс бойынша 451 мектеп бар, онда 214 мыңнан аса оқушы оқиды, ал инспекторлар саны бар-жоғы 221 ғана, соған орай мектептерге әлі 200-ге жуық инспекторлар жетіспейді, осы мәселені қарастырған жөн.

Менің ойымша, құқық қорғау органдары қылмыстың салдарымен күресуді емес, алдын алуды қолға алғандары жөн деп санаймын. Ал кез келген қылмыстың алдын-алудың бір жолы, отбасындағы берілетін дұрыс тәрбие. Жанұядағы тәрбие жұмыстарынан кеткен қателіктер, кемшіліктер, жинақталып келіп қоғамдық тәрбиедегі қателіктерімен байланысып, кәмелетке толмағандардың тәртібін одан әрі шиленістіре береді. Жас баланың кез келген мінезіндегі теріс құбылыстар назарда болу қажет, себебі баланың даму кезеңінде тәрбиеде немесе уақытылы берілмеген ақыл - кеңестің соңы қайтарылмас өкінішті жағдайларға алып келуі мүмкін.

УДК 325.7(678)

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ

Егисина Д., Аширмухамедова К.Т.

На современном этапе развития Казахстана как нового независимого государства, ориентирующегося на рыночные отношения, главным направлением экономических реформ становится выработка и реализация инвестиционной политики государства, нацеленной на обеспечение высоких темпов экономического роста и повышение эффективности экономики. В сложившихся условиях для обеспечения структурных преобразований экономики на основе программы действий правительства по углублению реформ и в условиях ограниченности внутренних источников финансирования исключительно важное значение приобретает привлечение иностранного капитала в экономику республики.

Привлечение и эффективное использование иностранных инвестиций в экономику РК является основой, одним из направлений взаимовыгодного экономического сотрудничества странами. С помощью



Транспортировка газа по магистральным и распределительным сетям осуществляется при высоких давлениях газа (до 75 атм). Перед подачей потребителям давление газа на газораспределительных станциях (ГРС) снижается до уровня, требуемого потребителю. При этом потенциальная энергия сжатого газа безвозвратно теряется.

В целях энергосбережения и повышения эффективности общественного производства эту энергию нужно и можно утилизировать с получением положительных эффектов. Идея преобразования энергии сжатия природного газа в электрическую энергию имеет давнюю историю. Смысл ее состоит в том, чтобы рационально использовать перепад давлений природного газа (от 55-75 атм. до 0,1-0,5 атм.) при редуцировании на ГРС (ГРП) на всем пути от газового месторождения к потребителю. Для Казахстана, который является одним из производителей и потребителем природного газа реализация этой идеи имеет особое значение.

Выработка электроэнергии с помощью детандер-генераторных агрегатов (ДГА) на газораспределительных станциях и пунктах при редуцировании газа является одним из высокоэффективных способов энергосбережения в газотранспортной системе страны.

По сценариям экспертов, мировая потребность в газе к 2030 году возрастет по сравнению с нынешним уровнем более чем в два раза. Следовательно, объемы выработки электроэнергии на ГРС с применением ДГА так же могут быть увеличены в 1,3-1,5 раза.

По оценкам специалистов, детандер-генераторные установки мощностью от 2,5 до 30 МВт можно установить более чем на 600 газораспределительных станциях и пунктах газовых сетей Казахстана. Их суммарная мощность превысит 2750 МВт, и они смогут производить около 22 млрд. кВт/ч год, что позволит ежегодно экономить примерно 6 млрд. м³ газа и создавать Единиц Сокращения Выбросов (ЕСВ) в размере около 15 млн. тонн CO₂ эквивалента ДГА состоит из детандера, генератора, теплообменника, системы контроля и регулирования параметров процесса. В детандере энергия газового потока преобразуется в механическую работу, которая в свою очередь, может



быть преобразована в электрическую энергию в соединенном с детандером генераторе. При работе таких установок есть возможность помимо электроэнергии получать теплоту и/или холод. В мировой практике накоплен значительный опыт успешной эксплуатации ДГА. В зарубежной научно-технической периодической литературе дается высокая оценка эффективности ДГА, которая определяется прежде всего меньшими удельными капитальными затратами и удельными расходами топлива на выработку электроэнергии, чем на паротурбинных энергоблоках.

Анализ работы детандер-генераторных агрегатов показал, что ДГА, хотя и позволяют, используя технологические перепады давления транспортируемого природного газа, получать электроэнергию со значительно более высокой экономичностью, чем традиционные паротурбинные и газотурбинные установки, но обеспечение их работы требует наличия большого количества низкопотенциального теплоносителя или сжигания топлива. Это связано с тем, что при работе детандер-генераторных агрегатов происходит значительное понижение температуры газа.

ӘОЖ 621.311.24

МЕТАЛЛ КЕСКІШ СТАНОКТАРҒА АРНАЛҒАН БӨЛШЕКТЕРДІ БЕКІТКІШ САЙМАН ЖОБАЛАУ

Бакиров Б., Романов Н., Есжанов Б., Нусипали Р.Б.


Жұмыста құны арзан, құрылысы қарапайым, қолдануға ыңғайлы, қысатынның қысу механизмі эксцентрик болғандықтан, бөлшекті тез қысатын, жұмысы сенімді, стандартты бөлшектерден жасалған бекіткіш сайман жобаланған.

Дайындаманы тез қысуға арналған сайман жобалаудың мақсаты: құны арзан, құрылысы қарапайым, қолдануға ыңғайлы, бөлшекті тез қысатын, жұмысы сенімді, стандартты бөлшектерден жасалған бекіткіш сайман жобалау болып табылады.

Жобаланатын сайманның құрылысы қарапайым, жұмыс істеу принципі жеңіл, сонымен қатар сериялық өндеу жұмыстарында қолдану өте қолайлы. Сайманның құрылысы стандартты бөлшектерден



жасалынған. Металл кескіш станоктарға арналған бөлшектерді бекіткіш сайманның элементтері 1-суретте көрсетілген. 1- суретте: 1- стол, 2- қолтетік, 3- плита, 4- қысқыш, 5- бекіткіш, 6- серіппе, 7- ауыспалы қысқыштар, 8-бекіткіш, 9- гайка,болт, 10- эксцентрик.



Сурет 1. Металл кескіш станоктарға арналған бөлшектерді бекіткіш сайман.

Жобаланатын тез қысатын сайманның басты жұмысын плитада (3) орналасқан эксцентрик (10) атқарады. Плита (3) Т-тәріздесойдың бойымен жылжып отырады. Плитаны (3) қалаған жерде бекіту үшін бекіткішпен (5) жабдықталған. Кез келген дайындаманы тез қысу үшін ол дайындаманы столға (1) қойып, плитаны (3) ойдың бойымен жүргізіп, бекіткішпен (4) бекітіп, серіппе (6) арқылы плитаға жалғанған қысқышты (4) қолтетіктің (2) көмегімен эксцентрікті (10) іске келтіру арқылы қысу күшін береміз. Дәл сондай өлшемді дайындамаларды сериялық өңдеу керек болса, эксцентрікті (2) қолтетіктің көмегімен босатып, дайындаманы орнатып, қайтып жылдам бекітсек болады. Сонымен қатар екінші плитадағы қысқышты жылжыту керек болған жағдайда, ол плитада қосымша бекіткішпен (8) жабдықталған.



УДК 725.91

ЭКСПО 2017: ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Мырзабаев Ф., Семернин А.Н.

Международная специализированная выставка «Астана ЭКСПО-2017» получила высокую оценку среди посетителей и положительные отзывы специалистов из разных стран мира. Тема «Энергия будущего» отвечает мировому тренду о необходимости постепенного перехода к возобновляемым источникам энергии, на ЭКСПО-2017 были успешно продемонстрированы лучшие разработки в области зеленых технологий.

Международный финансовый центр "Астана". Главным объектом в Казахстане в категории "после ЭКСПО-2017" должен стать отечественный финансовый хаб. По признанию управляющего МФЦА Кайрата Келимбетова, именно на базе столичного финцентра и его биржи будет наконец-таки приватизирован холдинг "Самрук-Казына". По крайней мере сам Келимбетов заявил об этом ещё в конце 2016 года.

Международный центр по развитию зелёных технологий и инвестиционных проектов "Энергия будущего". По словам министра энергетики, Международный центр по развитию зелёных технологий и инвестиционных проектов будет работать при поддержке ООН. Он будет осуществлять консультационные услуги, демонстрацию технологий, проведение экспертизы, реализацию проектов по зелёной экономике, обмен и торговлю технологиями. Его деятельность будет сфокусирована в первую очередь на странах Центральной Азии, а также Иране, Афганистане, Монголии и Азербайджане. Он будет сотрудничать с членами Организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР), Европейским союзом, Россией, США, Китаем, Индией и странами Латинской Америки.

Предполагается, что центр расположится в павильоне "Зона лучших практик" на территории прошедшей выставки. На сегодняшний день Минэнерго прорабатывает вопрос запуска и утверждение его организационно-правовой формы. Предварительно известно, что финансирование предполагается как за счет средств республиканского бюджета, так и за счёт средств организаций стран-партнёров. Однако пока в проекте бюджета на 2018-2020 годы этой статьи расходов нет.

Международный технопарк IT-стартапов. Об открытии данного стратегического для республики объекта Нурсултан Назарбаев объявил в своём ежегодном послании 31 января 2017 года. Многие эксперты назвали будущий технопарк IT-стартапов наиболее реальной попыткой Казахстана реализовать свой проект Кремниевой долины по американскому образцу.



"Музей будущего" на базе национального павильона РК "Нур Алем". "Музей будущего", пожалуй, самый готовый из всех вышеперечисленных проектов. Во-первых: для запуска нового национального музея необходимо сделать минимальные усилия. Ещё раз отмуштровать и до того подготовленных гидов. К тому же часть экспозиций интерактивна и вообще не требует сопровождающего лица. Во-вторых, имеющиеся площади необходимо лишь незначительно привести в порядок. Возможно, речь будет идти о косметическом ремонте.

Детский образовательный центр Job World (Центр профессий).

Планами по открытию передового образовательного центра председатель АО "НК "Астана ЭКСПО-2017" Ахметжан Есимов поделился ещё в мае 2017 года. Весной он рассказал журналистам о том, что одним из будущих объектов наследия выставки может стать образовательный центр Job World, где будут готовить профессионалов по различным специальностям.

То, как это будет выглядеть на практике, прекрасно продемонстрировал павильон компании Shell на выставке ЭКСПО-2017. Однако казахстанская сторона намерена всё же сделать из Job World мультиобразовательную площадку. То есть вместе с развлекательно-активной частью будет и практическая.

Вероятно, посетителями образовательного центра мирового класса (как официально заявляется) станут школьники и студенты. Ахметжан Есимов отметил, что детьми в формате Job World будут считаться юные и молодые казахстанцы в возрасте до 24 лет.



СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И СТРОИТЕЛЬСТВА

ӘОЖ 691.4

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНДІРІСІНДЕ ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ ШИКІЗАТТЫ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Абуталипов Е., Сағындықов А.Ә.

ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері жолдауындағы 10 міндеттің 5-ші міндетінде құрылысқа және коммуналдық секторға жаңа заманауи технологияларды енгізу қарастырылған. Осы міндетті орындау барысында ғимараттардың сапасына, экологиялық тазалығына және энергиялық тиімділігіне жоғары талап қойылады. Осы бағытта Құрылыс және материалдар өндіру кафедрасының зертханасында жергілікті шикізатты және өндіріс қалдықтарын құрылыс материалдарды алу үшін пайдалану бойынша экспериментальдық зерттеулер жүргізілуде.

Керамикалық материалдарды өндіру минералды шикізатты көн пайдаланатын өнеркәсіп болып табылады. Сондықтан отын, шикізат және басқа да материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану оның табысты дамуы үшін шешуші фактор болып табылады. Атап айтқанда жылу электр станция күлдерінің құрамында көмірдің жанбай қалған бөлшектері көп мөлшерде кездеседі және ол кірпіштің құрамындағы көмірді үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жылу бөлгіш қасиеті жоғары өнеркәсіп қалдықтарына көмір өңдеу қалдықтары, мұнай шламдары, газ кендерін игерудегі бұрғылау шламдары, ақаба сулардың тұнбалары жатады.

Қалдықтардың тиімді мөлшерін анықтау үшін керамикалық массалардың реологиялық, кебу күйдіру параметрлері тәжірибе жүзінде алынды. Қоспалар үлгілердің қалыптау, деформациялық, кебу және күйдіру қабілеттігін жақсартатындығы анықталды.

Қалдықтардың тиімді мөлшерін анықтау үшін керамикалық массалардың реологиялық, кебу күйдіру параметрлері тәжірибе жүзінде алынды. Қоспалар үлгілердің қалыптау, деформациялық, кебу және күйдіру қабілеттігін жақсартатындығы анықталды.



Осы қалдықтарды пайдаланып Құрылыс және материалдар өндіру кафедрасының зертханасында керамикалық қабырға материалдарының үлгілері алынды. Бұл үлгіледің беріктігі, жылу сақтағыш қасиеттері жоғары. Орташа тығыздығы $1000-1200 \text{ кг/м}^3$, жылу өткізгіштігі $0,20 \text{ В (м}^\circ \text{С)}$ көп емес. Қалдықтарды керамикалық кірпіш өндірісінде пайдалану келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- кірпіш құрамындағы көмір қоспасын мүлде алып тастау;
- табиғи саздақтың мөлшерін 15-20 пайызға үнемдеу;
- қоршаған ортаға ластағыш заттардың әсерін азайту;
- кірпіштің сапасын жақсарту және өзіндік құнын төмендету;
- ғимараттардың энергия тиімділігін арттыру.

Бархан құмдары кең тараған шикізаттың бірі болып табылады. Сонымен қатар олар жылжу нәтижесінде құнарлы жерлерді жойып, тұрғын жайларға қауіп төндіруде. Бархан құмын керамикалық бұйымдар жасауда пайдалану тиімді, себебі оның құрамында саз балшық, жанғыш, белсендіргіш заттар бар екендігі анықталды.

Бархан құмынан экологияның таза, берік қабырға, өндегіш керамикалық кірпіш технологиясы жасалды. Бұл технология қазіргі пластикалық қалыптау тәсіліне қарағанда әлде қайда үнемді екендігін байқатты.

Бархан құмының мөлшері 65-70 мөлшерді құрайды, ал саздақтың мөлшері 95 пайыздан 25 пайызға төмендетілген. Алынған кірпіштің беріктігі 12,4-15,2 МПа құрайды және бұл көрсеткіш кәдімгі кірпіш беріктігінен әлде қайда жоғары.

Саздақсыз сілтілі қоспаларды пайдаланып бархан ұмы негізінде өндегіш және кәдімгі керамикалық кірпіш құрамдары алынды.

Керамикалық кірпіш өндірісінде Күйік кен орнының тақтатаасы (сланец) негізінде өндегіш керамикалық кірпіш технологиясы жасалды. Беріктігі жоғары кірпіш тұрғын үйлерді безендіруде үлкен сұранысқа ие.

УДК 620.91

ВОЗОБНОВЛЯЕМЫЕ ИСТОЧНИКИ ЭНЕРГИИ

Карабеков Т.А., Байжигитова М.Т.

В современном мире существуют несколько глобальных проблем. Одна из них - истощение природных ресурсов. С каждой минутой в мире используется огромное количество нефти и газа для нужд человека. Поэтому возникает вопрос: на долго ли нам хватит этих ресурсов, если



продолжать их использовать в таком же огромном объеме? По расчетам, запас нефтяных ресурсов планеты исчерпается к концу нынешнего столетия. То есть, нашим внукам и правнукам будет нечего использовать для получения энергии? Звучит пугающе. Также использование традиционных полезных ископаемых плохо влияет на экологическую обстановку мира. Поэтому, человечество сейчас все больше задумывается об альтернативных источниках получения энергии. В этом и состоит актуальность данной работы.

Термин возобновляемые источники энергии применяется по отношению к тем источникам энергии, запасы которых восполняются естественным образом, прежде всего, за счет поступающего на поверхность Земли потока энергии солнечного излучения, и в обозримой перспективе являются практически неисчерпаемыми. Это, в первую очередь, сама солнечная энергия, а также ее производные: энергия ветра, энергия растительной биомассы, энергия водных потоков и т.п. В современном мире существуют несколько глобальных проблем. Одна из них - истощение природных ресурсов. С каждой минутой в мире используется огромное количество нефти и газа для нужд человека. Поэтому возникает вопрос: на долго ли нам хватит этих ресурсов, если продолжать их использовать в таком же огромном объеме? По расчетам, запас нефтяных ресурсов планеты исчерпается к концу нынешнего столетия. То есть, нашим внукам и правнукам будет нечего использовать для получения энергии? Звучит пугающе. Также использование традиционных полезных ископаемых плохо влияет на экологическую обстановку мира. Поэтому, человечество сейчас все больше задумывается об альтернативных источниках получения энергии. В этом и состоит актуальность данной работы. При существующем уровне научно-технического прогресса энергопотребление может быть покрыто лишь за счет использования органического топлива (уголь, нефть, газ), гидроэнергии и атомной энергии на основе тепловых нейтронов. Однако, по результатам многочисленных исследований органическое топливо к 2020 г. может удовлетворить запросы мировой энергетики только частично.

Остальная часть энергопотребности может быть удовлетворена за счет других источников энергии - нетрадиционных и возобновляемых. Возобновляемые источники энергии - это источники на основе постоянно существующих или периодически возникающих в окружающей среде потоков энергии. Возобновляемая энергия не является следствием целенаправленной деятельности человека, и это является ее



отличительным признаком. Невозобновляемые источники энергии - это природные запасы веществ и материалов, которые могут быть использованы человеком для производства энергии. Примером могут служить ядерное топливо, уголь, нефть, газ. Энергия невозобновляемых источников, в отличие от возобновляемых, находится в природе в связанном состоянии и высвобождается в результате целенаправленных действий человека. В соответствии с резолюцией № 33/148 Генеральной Ассамблеи ООН (1978 г) к нетрадиционным и возобновляемым источникам энергии относятся: солнечная, ветровая, геотермальная, энергия морских волн, приливов и океана, энергия биомассы, древесины, древесного угля, торфа, тяглового скота, сланцев, битуминозных песчаников и гидроэнергия больших и малых водотоков.

С этих позиций современные методы получения энергии можно рассматривать как своего рода переходные. Вопрос заключается в том, какова продолжительность этого переходного периода.

УДК:332.334

КАДАСТР И КАДАСТРОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Умирбеков Н., Дубурбаева Г.А.

Кадастр – это систематизированный свод сведений, используемых для различных целей, основой которого является учет.

Объекты Государственного земельного кадастра

- земли в пределах государственной границы Казахстана
- земли в пределах территории административно-территориальных единиц
- ограничения в использовании земель
- земельный участок

Соответственно, кадастровая деятельность связана с понятием учета, оценки состояния и использования природных ресурсов, инженерной деятельности, экологии, и предполагает выделение однородных по своим условиям территориальных границ, их картографирование и описание с использованием количественных и качественных характеристик.

- земельные ресурсы, используемые в различных отраслях и сферах народного хозяйства, их распределение по категориям, землевладениям и землепользованиям;



- правовой режим землепользования, количественная и качественная характеристика земель, управление и контроль за их состоянием и использованием, а также объекты недвижимости, их регистрация, оценка, контроль использования;

Говоря простыми словами, государственный земельный кадастр — это информационная база о всех землях и их целевом назначении в рамках страны. В нем хранятся данные о количественных и качественных земельных характеристиках, а также оценка и распределение между владельцами, история арендных отношений и др.

Главная особенность кадастра — оперативность. Не надо ехать в определенные органы, чтобы получить ту или иную информацию, вся она хранится в открытом доступе. Сведения в этой базе данных вносятся, проверяются, систематизируются и упорядочиваются по единым, четко определенным правилам. В идеале кадастр был создан для того, чтобы гарантировать защиту права собственности на земли.

Работа Кадастра это - управление и организация земельно-кадастровых работ и работ по оценке земли и других объектов недвижимости, землеустроительных, геодезических, и кадастровых работ, государственного контроля использования и охраны земель, изыскательских и обследовательских работ; регистрация и учет земель, отвод земельных участков и оформление право удостоверяющих документов, осуществление мониторинга земель всех категорий, ведение операций с землей и недвижимостью.

Каждый объект недвижимости уникален не только в глазах владельцев, но и с точки зрения государства. Любая недвижимость, будь то загородный дом, склад или земельный участок, должна быть описана и включена в государственный реестр. Для этого существует кадастровый учет. Что представляет собой процедура постановки недвижимости на кадастровый учет.

Кадастровый учет земельных участков и любой другой недвижимости необходим для того, чтобы закрепить право собственности. Если данные о недвижимости внесены в кадастр, государство выступает в роли свидетеля, подтверждающего права на объект и его расположение. Кроме того, кадастровый учет земельных участков необходим для определения размера земельного налога.

Не будь Землеустроителей и Кадастров, был бы «земляной хаос». Земли выдавались беспорядочно, не было бы контроля над каждым участком земли, правильно ли использует человек свой участок. Без проблем бы нарушался земляной кодекс, так как без кадастровой



деятельности других правоохранительные органы бы не управились с такой ёмкой работой. Банальные проблемы с неровным стоящим забором с трудом бы решались.

ӘОЖ 62:626.81

ЖЕЛ ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Меделбек А.Н., Байжигитова М.Т.

Бірнеше мыңдаған жылдар бойы адамдар желді – энергия көзі ретінде пайдаланған. Жел энергиясын пайдаланып желкен көмегімен жүзген. Жер суландыру кезінде, жел диірмені ретінде дәнді-дақыл өнімдерін ұнтақтау үшін қолданған. Жел энергиясының қоры бүкіл планета өзендерінің гидроэнергиясынан 100 есе асып түседі. Ылғи да және барлық жерде жел соғып тұрады. Жаздың қоңыр салқын самал желін, апат, зардап шығын әкелетін керемет дауылдарды атап өтуге болады. Қалпына келтіретін дәстүрлі емес жел энергиясының келешегі зор, экологиялық таза, қоры ешуақытта сарқылмайды, әрі арзан, тиімді. Бұларды пайдалану табиғат баланстарын бұзбайды. Жел энергиясын қолдану таулы аймақтардың жоғары бөктерінде толқынды теңіз жағалауларында ыңғайлы екені бәрімізге танымал. Жел энергетикасын дамытуға қолайлы аймақтар өте көптеп табылады. Жел күші жер бетінің ойлы-қырлы болуына тікелей байланысты. Мысалы, таулы аймақтың екі бөлігін қарастырайық, Күн көзінің екі бөлікке түскен энергиясы бірдей болғанымен, жердің кедір-бұдыры әр қилы болғандықтан, жел күшінің ықпалы, бағыты да әр түрлі болады. Жел күшінің ықпалы жыл мезгілінің ауысуына, ауа райының өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Жел күшінен өндірілетін энергия мөлшері желдің тығыздығына, жел турбинасының қалақшаларының ауданына, жел жылдамдығының кубына тәуелді болады

Желтурбинасының қозғалатын бөлігін ротор деп атаймыз. Ротор жел ағының энергиясын көп қамтыса, соғұрлым көп электр энергиясын өндіреді. Ротордың ауданы ротордың диаметрінің ауданының квадратына тура пропорционал, жел- қондырғысының өлшемдерін екі есе арттырып, төрт есе энергия өндіріп алуға болады. Желқондырғысының өлшемдерін өзгерте отырып, энергияны қалағанымызша өндіреміз деп айтуға жеңіл, практикада басқаша.



Айналдыру барысындағы қамтитын қалақшаларының ауданын біртіндеп үлкейту арқылы, біз істейтін жүйеге артық күш, салмақ түсіреміз. Осындай асқын салмақты көтеру үшін жүйенің кейбір механикалық құрамдас бөліктеріне зақым келмеуін ескеру өте маңызды.

Жел жылдамдығы – желқондырғысының энергия өндіруіне әсер ететін маңызды өлшемі болып табылады. Желдің үлкен жылдамдығы ауа массасының ағынының көлемін үлкейтеді. Жел энергиясы жел жылдамдығының кубына тура пропорционал өзгереді. Ендеше, ротордың кинетикалық энергиясы жел жылдамдығын екі есе үлкейткенде 8 есе артады. Мына төмендегі кестеде жел жылдамдығының жел энергиясына тәуелділігі көрсетілген. (құрғақ ауаның тығыздығы – 1.225 кг/м^3 , атмосфералық қысымның шамасы $760 \text{ мм.сын. бағанасы кезіндегі қалыпты жағдай}$).

Желэнергетикасы дамуы, энергия жетіспейтін аудандарға қуаныш әкелгенмен, оның зиянды да әрекеті бар. Желқондырғылардың айналып тұратын қалақшалары, механизмі, айнала ортаға дыбыс шуын шығарады, 40 децибелдан асатын дыбыс толқындары, адам организміне зиянды әрекетін тигізеді. Мысалы шу деңгейінің жоғары болуы дыбыс құлақтың дыбыс қабылдауын нашарлатып, организмнің жүйке-психологиялық әрекетіне зиянын тигізеді. Желқондырғылары бір-бірінен мұнара биіктігімен салыстырғанда 5-10 есе қашықтықта орналасуы тиіс, осы территорияда орналасқан желқондырғылар аймағында ешқандай ғимрат, орман болмауын ескеру қажет. Құстар жоғары кернеу жиіліктері мен антеннамен, ғимрат терезелерімен, кейде автомобиль терезесімен соқтығысып мертгіп жатады. Кейбір желқондырғысы мұнарасының жоғары жағында қонақтайды, бұл бұлардың өміріне қауіп әкеледі. Желқондырғыларын салған кезде құстардың ұшу миграция маршрутын ескеру қажет. Желқондырғысының металл бөліктері айналғанда қуатты дыбыс тербелістерін туғызады, сол маңайдағы радиотолқындармен жұмыс істейтін телевизиялық радио және радарлық құрылғыларға кері әсерін тигізеді. Желэнергетикасының күннен-күнге дамуы қарқындап өсуде. 31 желтоқсан 2005 жылы бүкілдүниежүзілік желэнергетикасының өндірілетін қуаты $58\,982 \text{ МВт}$ болды. Осындай қарқынды өсу сатысында Бүкіләлемдік желэнергетика ассоциациясы 2010 жылы жел энергиясын қуатын $120\,000 \text{ МВт}$ -қа өсіруді жоспарлан отыр.



ӘОЖ 338.43(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРДІ ҰТЫМДЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Полат А., Ауесбеков Н.Р.

Елбасы ағымдағы жылғы “Жаңа онжылдық–жаңа экономикалық өрлеу–Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атты Қазақстан халқына Жолдауында, алдағы онжылдықта ел дамуына бағытталған жаңа міндеттерді айқындап берді. Онда ел экономикасының дамуы мен оның бәсекелестікке қабілеттілігін арттырудағы негізгі табыс кілті - ұлттық экономиканы әртараптандыруға баса назар аударылды. Бұл ретте, әрине, ауыл шаруашылығында негізгі өндіріс құралы болып саналатын жер ресурстарын тиімді пайдалану, аталған міндеттерді іске асыруда аса маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Ашық нарықтық экономика жағдайында және әлемдік азық-түлік рыногында орын алып отырған үлкен бәсекелестікте ауыл шаруашылығы өндірісінде жетістіктерге жету үшін де жерді тиімді пайдалану басты шарт болып табылады. Қазіргі кезде республикамыздағы ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлердің жалпы көлемі 91,7 млн.га, оның ішінде егістік жерлер - 22,5 млн.га. Сонымен қатар, республика бойынша 2,1 млн. га суармалы жер бар. Қолданыстағы Жер кодексіне сәйкес екі жыл пайдаланбаған жер учаскелері, жерді бақылау инспекциялары тарпынан жазбаша ескерту берілген соң, жер учаскесі тағы да бір жыл пайдаланылмаған жағдайда, сот тәртібінде жер учаскесі оның иесінен мәжбүрлеп алынады.

Ал ауылшаруашылық жерлері оларды пайдалануда жер құнарлылығының едәуір төмендеуіне соғатын болса жер инспекциясының талап арыз беруден үш ай бұрын, заң бұзылуын жою туралы жазбаша ескертуден кейін ғана және осы мерзімде жер иесі заңдардың бұзылуын жоймаған жағдайда сот тәртібімен жер учаскесі мәжбүрлеп алынуы мүмкін. Жерді пайдаланбауына байланысты жер учаскесін алу механизмі өте күрделі және сот процедурасын қоспағанның өзінде, жерді пайдаланбау мерзімі үш жылға дейін созылады. Бұдан басқа жер құнарлылығының төмендеуіне байланысты оларды алып қою тетігі жер құнарлылығының төмендеуінің көрсеткіштері заңнамалармен белгіленбеуіне байланысты бүгінгі күні аталған заң бұзушылық бойынша шара қолдану мүмкін емес. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша көлемі 2,04 млн. га болатын 3,4 мың жер учаскелері иесіз учаскелер ретінде есепке қойылды. Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қатысты инспекция көлемі 1,6 млн. га жерде 1,6 мың тексеріс жүргізіп, жалпы көлемі 416,3 мың га



жерде 894 жер заңнамасы нормаларының бұзылуын анықтады. Тексеріс нәтижелері бойынша 894 субъекті жауапкершілікке тартылды оларға жалпы сомасы 17,9 млн. теңге айыппұл салынды және 119 жағдайда ескерту түрінде әкімшілік шаралар қолданылды. Көлемі 41,1 мың га болатын 9 жер учаскелері бойынша соторгандарына талап-арыздар дайындалды. Келесі шара - ауыл шаруашылығына субсидиялар беруді жүйелендіру. Аталған мәселе бойынша мемлекет саясатының мәні, ол ауыл шаруашылық субъектілеріне берілетін субсидияларды озық технологиялар менсапалы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін және жер ресурстарын тиімді пайдаланатын субъектілерге басымдылық ретінде беруді жүйелендіру болып табылады.

Қорыта келгенде, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру, соның нәтижесінде халықтың тұрмысын, әл - ауқатын жақсарту өндірістің еңбек, материалдық және табиғи қорларын тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Қазіргі кезде және болашақта өндіріс қорларының барлық түрін кешенді, үнемді пайдалану мәселесін шешкенде ғана экономиканың даму қарқынын арттыруға болады. Бұл мәселенің шешімі ең алдымен табиғаттың қалыпты жадайын сақтап, оның ресурстарын тиімді пайдаланумен тығыз байланысты. Өйткені табиғат өндіріс қорының көзі, әрі өндірісті орналастыру ортасы ретінде өндірістің барлық саласына қатысты. Өндірістің даму қарқыны артқан сайын табиғат байлығын пайдалану мөлшері де өсіп келеді. Соған байланысты әсіресе қалпына келмейтін табиғат байлығының тиімді қорының азаюы немесе сапасының төмендеуі қоғамның өндіріске жұмсалатын шығынының артуына кері әсер етті.

ӨОЖ 627.823

ҰРЫЛМА АҒЫСТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Қалдыбеков Б., Жұрымбаева Р.А.

Төменгі бьефтегі арна ені кәдімгі жағдайда суағардың алдының енінен үлкендеу болады. Мұндай жағдай төменгі бьефтегі су қозғалысының кеңістіктегі жайылуын көрсетеді. Су қозғалысының кеңістіктегі жағдайының ерекшелігі сонда, яғни төменгі бьеф шегінде судың көлденең ағысын туындататын еркін кеңістікте көлденең еңістер пайда болады.


Ең үлкен үлесті су өтімі өткізетін санылаудан соң, төменгі бьефте судың көлденең ағысы ең үлкен өтім бар жерлерге қарай бағытталады. Нәтижесінде санылаудан шыққан салыстырмалы қуатты су ағыны ағын бойымен артады.



Кейбір жағдайларда кеңістіктегі су қозғалысы, егер үлесті өтім салыстырмалы қуатты су ағынына қарағанда, ағын бойымен кемітіндігі кездеседі.

1. Саңылаудан шығатын жеке су ағынының үлесті өтімдері ағыс бойымен артатын жағдай (сурет 1, а).

Суретте көрсетілген екі жағдайда да $q_2 > q_1$, және де саңылаудан шығатын және кең төменгі бьефке түсетін су ағыны, оң немесе сол жағаға жабысуы мүмкін (сурет 1, б).



Сурет 1. Ұрылма ағыстардың пайда болу жағдайлары.

Бұл құбылыс ағыстың ауытқуы деп аталады. Суретте көрінгендей ағыстың ауытқуы q үлесті өтім ағынының динамикалық осі бойымен өсуімен сипатталады, бірақ q шамасының біркелкі емес таралуы ағын ені бойымен артады.

Төменгі бьеф құрылғыларының конструкциялары қолайсыз ұрма ағыстардың туындауынсыз жұмыс істеуі қажет; басқаша болған жағдайда қуатты бекіту құрылғылары соғуға, я болмаса шайылу салдарларымен күресуге бағытталған шаралардың көлемі мен құны айтарлықтай өсе түседі.

Ұрылма ағыстармен күресу үшін шаралардың екі негізгі түрі бар: конструктивтік және пайдаланулық. Мұның екеуі де су ұрма құбылысын толық жою үшін, я болмаса төменгі бьефтің жұмыс режимі мүмкін өзгеруін әлдеқайда шектеуге бағытталған.

Су ағысы режимі бұзылуымен күресу шаралары жауапты жағдайлар үшін, құрылымдардың модельдік гидравликалық зерттеулері кезінде мұқият іріктеп алады.

УДК 624.012

ИССЛЕДОВАНИЕ КОНСТРУКТИВНЫХ РЕШЕНИЙ ШВОВ ЖЕСТКИХ ПОКРЫТИЙ

Баймуратов Р., Усенбаев Б.У., Иманбердиева Ж.Т.

Вопрос исследования конструктивных решений швов жестких покрытий в области дорожного строительства, в частности устройство швов в монолитных железобетонных покрытиях по сей день не имеет надежных и окончательных технологических и конструктивных способов.

В устроенных таким образом швах сжатия, против образования в них уступов между плитами, необходимо устраивать штыревые соединения.

Недостатком этого способа также является необходимость устройства штыревого соединения. Наиболее эффективной конструкцией безарматурного стыкового соединения является шпунт, устроить который в поперечных швах, в свежесуложенном или затвердевшем бетоне существующими методами невозможно.

Наиболее близким к описанной выше разработке по технической сущности но не по достигаемому результату является способ устройства в поперечных швах шпунтовых соединений при бетонировании покрытия дорог с использованием несъемных формообразователей из жестких **круглых металлических** конструкции – шваобразователями остающимися в теле бетона с поверхностной смазкой их специальным составом, препятствующим твердению бетона по линии шваобразователя.

На основе разработанных выше анализов нами предложены варианты разработки моделей экспериментальных исследований и метода расчета прочности жестких покрытий дорог с совершенствованием расчета прочности швов жестких покрытий созданный с использованием модели «пирамиды продавливания» (см. Рис. 1).






Рисунок 1. Вид моделей после испытания
а) из арматурных стержней, б) из металлических труб.

Эффект предложения определяется повышенной ровностью и долговечностью покрытия, не имеющей уступов в швах, сопротивляемостью поперечному сдвигу, отпадает надобность дорогостоящей ручной заделки швов сжатия традиционным методом, а также высокой сохранностью основания в зоне швов со стыками, экономией металла на штыревом соединении, возможностью применения менее жестких и недорогих оснований из местных материалов и использование при укладке бетона простых бетоноукладочных комплектов машин.

ӨОЖ 332021(574)

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, ҚОРДАЙ АУДАНЫ, «САРЫБҰЛАҚ» ӨК АЗЫҚТЫҚ АЛАПТАРЫНЫҢ ТЕРРИТОРИЯСЫН ОРНАЛЫСТЫРУ

Дүйсенова А., Мыңжасаров Н.С.

Жер реформасының жүргізілуіне байланысты шаруашылық етудің әртүрлі формалары қалыптасты және олардың жерлерін бағалау қажеттілігі туады.

Жобаның тақырыбы «Жамбыл облысы, Қордай ауданы, «Сарыбұлақ» ӨК-нің азықтық алаптарының территориясын орналастыру».

Ауылшаруашылық құрылымында егістік жерлерінің жалпы көлемі 1424,7 га құрайды. Көлемі жағынан жоғарғысы үшінші ауыспалы егістік, ал көлемі ең төменгі бірінші ауыспалы егістік.



Өндірістік кооператив территориясында жайылмалы-шалғынды қоңыр тұзданған топырақ басым. Олар механикалық құрамы жағынан сазды және жеңіл сазды болып келеді.

Топырақ құнарлылығын салыстырмалы бағалау үшін бонитеттеу шкала құрылды. Ол ауыспалы егістіктерді топырақ жамылғысының орташа өлшенген балын бағалау үшін пайдаланылды. Бағалаудың жоғарғы балы үшінші ауыспалы егістікте – 18,3, ал ең төменгісі бірінші ауыспалы егістікте – 9 байқалады.

Бонитеттеудің дұрыстығы орташа салмақтанған бал және егістіктегі астықтің орташа көпжылдық өнімділігі арасында байланыстың тығыздығын анықтау жолымен жүргізілді.

Корреляция коэффициенті 0,99-ға тең, бұл жақсы байланысты білдіреді. Бұл бонитеттеу нәтижелері кезекті практикалық мақсатқа, регрессия деңгейін және регрессиядан орташа квадраттық ауытқуды есептеу үшін қолдануға болады дегенді білдіреді.

Жердің өндіру қабілеттігін сипаттау үшін жерлерді экономикалық бағалау жүргізілді. Оның негізгі көрсеткіштері ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі, шығындардың өтелуі, дифференциалды табыс болып табылады. Жаңа кезеңде эрозиялық қауіпті агроландшафттар территориясын ғылыми тұрғыдан негізделген, контурлы мелиоративтік ұйымдастыру арқылы ғана ауылшаруашылық өндірісін дамытуға болады. Табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып отырсақ, топырақ құнарлығын сақтауға үйлесімді жол таба аламыз. Жер [аграрлық экономиканы](#) шектеуші фактор болып табылады. Сондықтан жерді пайдалану және жерді иемдену аграрлық қатынастар жүйесінің негізін құрайды. Иемдену деген әлі толық меншік емес. Иемдену қатынастарындағы меншік объектері, тікелей иемденетін объект емес, олар шаруашылық жүргізудің шарты болып табылады. Жерді пайдалану одан да қарапайым қатынас. Бұл екі жағдайдан тұрады: жерді өндіріс құралы ретінде қолдану және жасалған өнімді иемдену. Натуралдық аграрлық өндірістен тауарлыққа көшкенде, меншік формасы шешуші шарт болып табылмайды. Жерге жеке меншік, өндірістің басқа факторларына жеке меншіктен көп кейін қалыптасқан және осы күнге дейін ол жетекші рөл атқармайды.

Территорияның қызметін бағалау, ұйымдастыру негізінде қауіпсіз агроландшафттарды қалыптастыру принциптері топырақ құнарлығын сақтау және көтеру, алаптардың құрамы мен ара қатынасын негіздеу арқылы жердің әрбір учаскесін тиімді пайдалану, жоғары және тұрақты өнім алу, топырақты деградацияланудан қорғау және т.б. мәселелерді шешуді қарастырдық. Жерді бағалау жұмыстары топырақты бонитеттеу мен жерді экономикалық бағалуды қамтиды.

Өнімділіктің ең жоғарғы көрсеткіші 40 ц/га болатын III ауыспалы егіс, жоспарлы өнімділік 39,5-ке тең, озық ауыспалы егіс деңгейінде 40,1 ц/га



өнім аламыз. II ауыспалы егістіктерде нақты өнімділік жоспарлы өнімділікке тең, озық ауыспалы егістік деңгейінде 38,60 ц/га тең.

Өнімділіктің ең төменгі көрсеткіші I ауыспалы егістікте 33 ц/га болса, озық ауыспалы егістік деңгейінде 33,61 ц/га өнім аламыз.

Жұмыста жер бағалау жұмыстарының нәтижелерін қолдану салалары анықталған және егістік жерлерді пайдаланудың талдауы жүргізілген.

Тапсырмада қойылған барлық міндеттер орындалды.

УДК 666.31

ПОДБОР СОСТАВОВ КЕРАМИКИ НА ОСНОВЕ СУГЛИНКА И БУРОВОГО ШЛАМА

Маушет У., Сагындыков А.А.

Одной из актуальных задач промышленности стеновой керамики является производство изделий для несущих и ограждающих конструкций классом по средней плотности не более 1300 кг/м³, которые по теплотехническим характеристикам относятся к группам изделий высокой эффективности с теплопроводностью не более 0,40 Вт/(м · °С).

Цель работы: получение керамических стеновых материалов различного назначения на основе суглинка и добавок бурового шлама.

Буровой шлам - водная суспензия, твердая часть которой состоит из продуктов разрушения горных пород забоя и стенок скважины, продуктов истирания бурового снаряда и обсадных труб, глинистых минералов (при промывке глинистым раствором). Буровые отходы условно можно разделить на амбарную жидкость и буровой шлам.

Оксидный химический состав бурового шлама, мас. %: SiO₂ 56-58; Al₂O₃ 8-10; Fe₂O₃ 5-6 ; CaO 2-3 ; MgO 1-2; R₂O 0,5-1, п.п.л 20-25.

Поэлементный химический состав, проведенный с помощью электронного растрового сканирующего микроскопа Philips 525M, показывает наличие углерода. мас. %: C-17; O-37,9; Si-27,4; Na-0,94; Ca-1,08; Mg-0,84; Al 9,1; Fe-Ti-5,18; S-1,87; K -0,92.

Удельную теплоту сгорания бурового шлама определяли на калориметрической установке. Теплота сгорания бурового шлама составляет -6900-9700 кДж/кг. Огнеупорность -1200°С. Содержание мелких фракций, %, размер частиц, мм > 0,063-12,1; 0,063-0,01мм-12,8; 0,01-0,005мм-15,10,005-0,001-21,3; <0,0001-38,7. Содержание крупных фракции: 40 мм - 10-15%; 30мм-5-10%; 20мм-5-10мм; 10мм-10-15%; 5мм-5-10%; 2,5мм-5-10%.

Влияние добавок на структурно-механические свойства оценивалось с помощью физико-химической механики.



Исходный суглинок характеризуется значительными пластическими деформациями приводящее к свилеобразованию и относится к IV структурно-механическому типу.

Введение шлама приводит уменьшению пластических деформации и увеличению упруго-эластичных деформации позволяющих улучшить формовочные свойства

Добавка бурового шлама приводит к уменьшению периода релаксации и способствует развитию медленных эластических деформации. Введение бурового шлама способствует снижению уровня пластических деформации и получить массы с оптимальными соотношениями всех видов деформации.

Тепловую эффективность использования бурового шлама предлагается оценивать по значению коэффициента использования топлива в керамических смесях с суглинком, применяемой для керамического кирпича.

$$K_{\text{исп}} = Q_{\text{уд}} m_{\text{уд}} / Q^{\text{тр}}_{\text{уд}} \quad (1)$$

где $Q^{\text{тр}}_{\text{уд}}$ требуемая удельная энергоемкость процесса обжига керамического кирпича из глины, кДж/1000 шт (определяется по стандартной методике расчетом);

$Q_{\text{уд}}$ - удельная теплота сгорания бурового шлама кДж/кг (определяется экспериментально);

$m_{\text{уд}}$ - удельное содержание бурового шлама в керамической массе, кг/кг.

Таким образом, рассчитав значение коэффициента использования топлива, $K_{\text{исп}}$, можно рассчитать требуемое количество условного топлива на обжиг керамического кирпича в кг/1 000 шт по формуле (2) с учетом энергоёмкости бурового шлама:

$$P_{\text{расх}} = Q^{\text{тр}}_{\text{уд}} - Q_{\text{уд}} \quad (2)$$

Применение бурового шлама в качестве отошителя и выгорающей добавки в количестве от 10 до 20 % в состав шихты на основе суглинка позволяет получать при обжиге

1000 °С керамический кирпич марок 100 и 125.

Таким образом, получены керамические стеновые материалы на основе отходов топливно-энергетического комплекса и природного традиционного сырья.



ХИМИЯ. ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

ХИМИЯ. ЭКОЛОГИЯ И БИОЛОГИЯ. ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА

ӨОЖ 577.678.541.186.6

ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАСЫЛ ХИМИЯЛЫҚ ТӘСІЛМЕН ПОЛИЭЛЕКТРОЛИТ СИНТЕЗДЕУДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗЕКТІЛІГІ

Жақсылыкова К., Асанов А.А.

Қазақстан Республикасы Президентінің биылғы жолдауында, адами капитал, ғылым-білімнің өнеркәсіпті дамытудағы маңызына аса зор көңіл аударылған. Бұл тұрғыдан алғанда өнеркәсіпті қазіргі заманғы талапқа сай дамытуда химия ғылымының әсіресе, оның ең соңғы жаңа саласы болып табылатын жасыл химияның әдіс тәсілдерін пайдалану өзекті мәселелердің біріне жатады. Соған байланысты экологиялық залалсыз, экономикалық тиімді әдіс тәсілдермен бұрын белгілі болмаған, шығынды аз талап ететін қосылыстарды синтездеу, оның өнеркәсіпте қолданыс бағыттарын анықтау, сондай-ақ ғылыми тәжірибелік тұрғыдан негіздеу, нақтылауда жасыл химиялық әдіс тәсілдерді пайдалану қазіргі уақыттың өзекті ғылыми тәжірибелік саласына айналды.

Соңғы жылдары кафедрада жасыл химияның әдіс-тәсілдерін пайдаланып, жаңа жоғары молекулалық қосылыстар, суда еритін полимерлер яғни флокулянттар, іріктендіргіштер, топырақтың құрылымдық құрамын реттеушілер, әртүрлі дисперс жүйелерді тұрақтандырғыштық қасиеті бар болған жаңа түрлері синтезделіп олардың өндірістің, шаруашылықтың, тұрмыстың әралуан салаларына енгізуге қаратылған теориялық-тәжірибелік зерттеулер жүргізіліп келеді. Соған сәйкес бұл жұмыста зерттеу өткізу барсында, бастапқы шарт ретінде экологиялық залалсыз, қол жетімді қосылыстарды пайдаланумен бірге, олардың негізінде алынатын жаңа заттарды қарапайым технологиялық әдіспен, яғни жоғары қысым температура, күрделі құрал-



жабдықтар, жарылғыштық, қопарылғыштық, өртке қауіпті қосылыстарды мүмкіндігінше қолданбауға қаратылған.

Тәжірибеде молекуласында иондану константасы әртүрлі цис күйде орналасқан, екі белсенді карбоксид функционалды тобы бар малеин қышқылын (МК) акриламидпен (АА) оңтайлы мольдік арақатынастарында сулы ортада сополимерлеу арқылы, макромолекуласы тізбегінің бойында функционал топтары әркелкі болған малеин қышқылының (МК) аммонийлі, калийлі, магнийлі, кальцийлі немесе барийлі тұз түріндегі буындарымен акриламидтен (АА) түзілген суда еритін полимер (СЕП) үлгілері алынып, олардың химиялық құрамымен физика-химиялық қасиеттерін және қолданыс бағыттарын нақтылауға қаратылған ізденістер жүргізілді.

Жұмыста, жасыл химиялық әдіс-тәсілдермен құрамында пайдалы элементтері болған, экологиялық залалсыз, экономикалық тиімді, жоғары молекулалық суда еритін полимер (СЕП) алуда малеин қышқылы (МК) мен акриламид (АА) сулы ортада сополимерленді. Алынған сополимерлену өнімінің лайлы судың мөлдірленуіне әсері зерттеліп тиімділігі қазіргі уақытта өнеркәсіпте қолданыстағы полиакриламид ПАА және алюминий сульфатының тиімділігімен салыстырылды.

Сараптаулар нәтижелері синтезделген СЕП-тің флокуляциялаушы қабілетімен тиімділігі қазіргі уақытта өндірістік жағдайда лайлы судың мөлдірленуін, тазалығын, өндірістің, шаруашылықтың, тұрмыстың әртүрлі салаларында қолдану талабына сәйкестендіру де пайдаланылатын алюминий сульфатынан ($\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3$) 7,5-10,0, ПАА-дан 4,0-6,0 есе артық екендігін көрсетті. СЕП үлгілерінің қатысында лайлы судың фильтрлену жылдамдығының ($U_{\text{сәл}}$) өзгеруі де алюминий сульфаты ($\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3$) мен ПАА-ке қарағанда жоғары екендігі байқалды. Мұндай айырмашылықтар осы реагенттердің әртүрлі концентрациясының қатысындағы фильтратының рН көрсеткіші (ΔpH), электрөткізгіштігі ($\Delta\chi$), оптикалық тығыздығының (D) сандық мәндерінің өзгеруінен де көрінеді.

Сонымен жасыл химиялық әдіс-тәсілдермен құрамында пайдалы элементтері болған экологиялық залалсыз, экономикалық тиімді, жоғары молекулалық СЕП алу мүмкіндігі нақтылануымен бір қатарда олардың лайлы судың мөлдірлену үдерісін жеделдету қабілетімен тиімділігі қазіргі уақытта өндірістік жағдайында қолданылатын алюминий сульфаты ($\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3$) мен ПАА-дан бірнеше есе тиімді екендігі тәжірибелер нәтижесі арқылы көрсетілді.



ӘОЖ 675. 043 (088.8)

ТИТАНМЫС КЕШЕНІНІҢ ҚҰРАМЫН ИҚ- СПЕКТРОСКОПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕРМОГРАВИМЕТРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІМЕН ЗЕРТТЕУ

Ақназар Ұ., Сейтбекова Г.А.

Адамзат баласының болашағы мен қалыпты дамуы табиғат қорларын толық әрі тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен тығыз байланысты. Елімізде бұл мәселе белгілі дәрежеде – былғары үлбір өндірісі саласының даму деңгейімен анықталады. Жеңіл өнеркәсібінде хром қосылыстары түрлі табиғи былғарыны өндіруде өте кең түрде қолданылады. Дайын былғары сапасы мен ағынды сулардың құрамында хром қосылыстарының болуы көбінесе мынадай факторларға: шикізат түріне, көннің дайындық дәрежесіне, еріткіштің, илегіштің және қосылатын химиялық материалдардың қасиеттеріне, илеу параметрлеріне тәуелді. Былғары өндірісінде хром құрамды қалдықтардың зиянды әрекеттерінен қоршаған ортаны қорғау қажеттілігіне байланысты илегіштердегі, былғарыдағы, өңделген ерітінділердегі және ағынды сулардағы хромды (III) бақылау әлі күнге дейін өзекті мәселе болып отыр. Былғары өнеркәсібінде өндірістің экономиялық тиімділігі мен шығарылатын өнімнің сапасын арттырудың негізгі жолы жаңа химиялық материалдарды қолдану болып табылады.

Хром үнемдейтін технологияның барлық варианттарын үлкен үш топқа бөлуге болады: хром (III) қосылыстарын қолданудан толық бас тарту; оны біртіндеп алмастыру; илеу үрдісінде оларды өте күшті өңдеу есебінен хромның (III) қосылыстарын үнемдеу.

«Титанил сульфаты – мыс сульфаты – су» жүйесіндегі кешенді қосылыстардың түзілуі изотермиялық ерігіштік әдісімен зерттелген. Ерігіштік диаграммасы негізінде құрамы $\text{TiOSO}_4 \cdot \text{CuSO}_4 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$ жаңа кешенді қосылысы алынды. Экологиялық залалсыз $\text{TiOSO}_4 \cdot \text{CuSO}_4 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$ кешенді қосылысы TiOSO_4 9,0%-дан 19,5%, CuSO_4 4,0%-дан 15,0%-ға дейінгі тиімді концентрацияларда түзіледі. Бұл жұмыс ерігіштік диаграмма негізінде синтездеп алынған гетерополиядролы титанмыс кешенінің құрамын ИҚ-спектроскопиялық және термогравиметриялық талдау әдістерімен зерттеуге арналған.

Титанмыс кешенінің ИҚ-спектрі $500\text{--}4000\text{ см}^{-1}$ интервалының үш аймағында мынадай жұтылу жолақтарының бар болуымен сипатталады: $3000\text{--}3600\text{ см}^{-1}$ интервалы ОН-топтың валенттік тербелістерінің жұтылу аймағына сәйкес келеді. $1600\text{--}1800\text{ см}^{-1}$ интервалы – су молекуласының деформациялық тербелісіне сәйкес келеді. ИҚ-спектрдегі 1320 см^{-1} , 1480 см^{-1}



кезіндегі жолақтар сульфато-топтың валенттік тербелістеріне жатады. Жұтылу жолақтарының таралу сипатына қарап, ішкі координациялық сфераға сульфатотоптың кіретіндігі туралы қорытынды жасауға болады. Титанмыс кешенінің ИҚ-спектрінде су молекуласының валенттік және деформациялық тербеліс жолақтары қатысады. Су молекуласының $\delta(\text{HON})$ деформацияланған тербелісі МКК спектрінде 1660 см^{-1} кезінде байқалады. Кешен құрылысында метал атомдарына координацияланған су молекулаларының және кристалданған судың болуы су молекуласының ОН-байланыстарының валенттік тербеліс жиілігі аймағында көрінеді: 2800 см^{-1} , 3400 см^{-1} кезіндегі жұтылу жолақтары судың мысқа және титанға координацияланған ОН-байланысты валентті тербелістеріне сәйкес келеді.

Титанмыс кешені ыдырау кезінде төмен температуралық диапазон бөлігінде сусызданудың эндотермиялық реакциясын көрсетеді. Сусыздану үрдісі мына сатылар арқылы жүреді: $\Delta m_1=33,75\%$ (H_2O) $40-170^\circ\text{C}$ және $\Delta m_2=14,5\%$ (H_2O). Кешеннің десульфизациялануы $420-630^\circ\text{C}$ ($\Delta m_1=16,00\%$), $630-705^\circ\text{C}$ ($\Delta m_1=8,25\%$), $705-775^\circ\text{C}$ ($\Delta m_1=4,75\%$), $755-910^\circ\text{C}$ ($\Delta m_1=3,50\%$), $910-1000^\circ\text{C}$ ($\Delta m_1=2,25\%$) температура аралығында жүзеге асырылады. Титанмыс кешенінің термолизі дегидратация және күкірттің (VI) тотығының ыдырауымен жүретін айқын эндотермиялық эффекттерімен сипатталады.

Сонымен, гетерополиядролы титанмыс кешенінің термиялық ыдырауында судың бөлінуінің көп сатылы болуы кешеннің құрамында сыртқы сфералық, ішкі сфералық су молекулаларының, сонымен қатар көпіршелі гидроксилдік топтардың болуына байланысты екендігін көрсетеді.

ӘОЖ 542.943

КӨМІРСУТЕКТЕРДІ ЖАРТЫЛАЙ ТОТЫҚТЫРУДЫҢ АЛЬТЕРНАТИВТІ ӘДІСТЕРІ

Сапи А., Ражапова Н., Масалимова Б.К.

